

Екінші бөлім
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ

9-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ

1. Құқық қорғау қызметінің ұғымы және белгілері

Мемлекет пен оның органдарының қызметінде басым бағыттардың бірі ретінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін қамтамасыз етуге, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің тұрақты әрі дәйекті дамуын, халықаралық аренада Қазақстанның қызметін құқықтық қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңдарды қалыптастыру орын алатыны белгілі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп айқын жазылған. Бұл мемлекеттің мемлекеттік және өзге де органдар атынан өз қызметін құқықтық нормалар, Заңның үстемдігін қамтамасыз ету, жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мемлекет пен азамат арасында өзара заң жауапкершілігін белгілеу негізінде жүзеге асыратынын айғақтайды.

Көптеген мемлекеттік органдар үшін олардың қызмет ауқымы, әрине, аталғандарды, аса маңызды болса да, бірақ нақты шектелген міндеттер - құқық тәртібі, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қылмыстар мен өзге құқық бұзушылықтарға қарсы күрес міндеттерін шешумен бітпейді, құқық тәртібі мен заңдылықты қорғау жөніндегі кейбір функцияларды олар өздерінің негізгі міндеттерімен қатар жол-жөнекей орындайды¹.

Құқық тәртібі мен заңдылықты қамтамасыз етумен арнаулы органдар тобы айналысады. Оларды құқық тәртібін қорғау органдары, яғни ҚР Конституциясымен, басқа да заңнамалық және құқықтық ұйғарымдармен жалпы мемлекеттің өмірі мен қызмет тәртібін күзетуге арналған органдар деп атайды².

Құқық тәртібін қорғау органдары ұғымына құқық қорғау органдары ұғымы өте жақын келеді. Бұл ұғымдар өте ұқсас, бірақ бірдей емес. Олар білдіретін органдар тобы сай келмейді. Құқық тәртібін қорғау органдарының барлығы бірдей құқық қорғау деп есептелмейді. Дәл осылайша құқық қорғау қатарына кейбір құқық тәртібін қорғау органдарын жатқызуға болмайды³.

Кейбір авторлар құқық қорғау қызметі ұғымын кең және тар мағынада қарастырады. Кең мағынада – бұл азаматтардың құқықтары мен

¹ Гуценко К.Ф., Ковалев В. Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 1996. 7-бет..

² Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы. – Алматы: Дәнекер, 2000. – 7-бет.

³ Бұл да сол. – 7-бет.

бостандықтарын сақтауды, олардың іске асырылуын, заңдылығы мен құқық тәртібін қамтамасыз ететін барлық мемлекеттік органдардың қызметі. Тар мағынасында – бұл сол немесе өзге органның құзыретіне сәйкес заңнамада белгіленген нысанда жүзеге асырылатын бұзушылықтардан құқықтық қорғау жөніндегі арнайы уәкілетті органның қызметі.⁴

Алайда, сол немесе өзге мемлекеттік органдарды құқық қорғау қатарына жатқызу кезінде басшылыққа алынуға тиіс өлшемдердің мәнін айқын игеру үшін белгілі шамада шартты түрде алынған, бірақ «құқық қорғау қызметі» атауы сіңісті болған қызмет белгілерін анықтау аса маңызды.⁵

ҚР заңдарына сәйкес құқық қорғау қызметінің бірқатар белгілері бар:

біріншіден, құқық қорғау қызметі әртүрлі қылмыстың түрлері бойынша мәжбүрлеу және өндіру сияқты заңдық ықпал ету шаралар қолдана отырып, тек заңның негізінде жүзеге асырылады. Бұл жерде құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу шаралары ерекше орын алады;

екіншіден, қолданылатын заңдық ықпал ету шаралары заңдар мен нормативтік құқықтық актілерге қатаң сәйкес келуге тиіс;

үшіншіден, құқық қорғау қызметі заңның негізінде белгілі бір рәсімдер сақтала отырып жүзеге асырылады. Мысалы, қылмыс жасағаны үшін ешқандай жаза алдын ала қаралмастан қолданылмайды.

төртіншіден, құқық қорғау қызметін іске асыру сауатты және дайындалған қызметкерлерден тұратын арнаулы және уәкілетті мемлекеттік органдарға жүктеледі.

Айтылғандарды ескере отырып, *құқық қорғау қызметі* ұғымын айқындауға болады – бұл заңдылықты, құқық тәртібін, қоғамның, мемлекеттің, қоғамдық және өзге де бірлестіктердің, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету, заңда белгіленген тәртіппен заңға қатаң сәйкестікте заңдық ықпал ету шараларын (соның ішінде мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары) қолдану арқылы жүзеге асырылатын қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күрес бойынша мемлекеттің оның арнаулы уәкілетті органы атынан жүзеге асырылатын қызмет⁶.

Өз мазмұны бойынша құқық қорғау қызметі күрделі болып табылады. Оның көп жоспарлығы осы мемлекеттік қызмет түрінің негізгі бағыттарымен мазмұны айқындалатын әлеуметтік функциялардың әр түрлігіне қатысты айқындалады. Мұндай бағыттардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- конституциялық бақылау;
- сот төрелігі;
- соттарды ұйымдық қамтамасыз ету;
- прокурорлық қадағалау;
- қылмыстарды анықтау және тергеу;
- заң көмегін көрсету және қылмыстық істер бойынша қорғау⁷.

⁴ Чувилев А.А., Чувилев А.А. Правоохранительные органы. – М.: Юриспруденция, 2000. – 4-бет

⁵ Гуценко К.Ф., Ковалев М.А. Правоохранительные органы. М.: Зерцало, 1996. – 8-бет.

⁶ Беленков Р.А. Правоохранительные органы. – М.: ПРИОР, 2000. – 3-бет.

⁷ Гуценко К.Ф., Ковалев М.А. Правоохранительные органы. М.: Зерцало, 1996. – 12-бет.

Осы бағыттардың әрқайсысы нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған: ҚР Конституциясының ұйғарымдарын бұзуды жою, азаматтық, қылмыстық және өзге де істерді әділ талқылау және шешу, соттардың қалыпты жұмыс істеуі үшін жағдай жасау; прокурорлық ден қою құралдарының көмегімен заңды бұзуды анықтау және жою, қылмыс жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеу және ашу, сотта нақты істерді қарау үшін материалдар дайындау, кімге қажет болса, барлығына білікті заң көмегін ұсыну. Осы нәтижелерге қол жеткізу, ең аяғында, нақты функцияларды іске асыру процесінде пайдаланылатын әдістердің әртүрлігі мен өзгешелігіне қарамастан, құқық қорғау қызметінің жоғарыда аталған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.⁸

2. Құқық қорғау органдары: жалпы сипаттамасы және жүйесі

Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттарын (функцияларын) орындау үшін нақты құқық қорғау органдары жұмыс істейді. Заң ғылымында құқық қорғау органдарының тобы туралы бірдей пікір жоқ: біреулері олардың қатарын көбейтіп, ал екіншілері азайтып көрсетеді. Бұл алақұлалық осы мәселенің заңдық тәртіппен реттелмегендігімен түсіндіріледі, сондай-ақ заң актілерінде де құқық қорғау қызметіне түсінік берілмеген. Бір авторларо, қылмысқа қарсы тікелей күрес жүргізетіндерді құқық қорғау органдары десе, екіншілері – қылмыстар мен өзгеше қол сұғуларды түбірімен жояды десе, үшіншілері – қоғамдық орындарда тәртіпті қадағалайды дейтіндер.

Ғылымда сот құқық қорғау органы болып табылатындығы туралы пікір қалыптасқан. Алайда, біздің ойымызша, соттарды құқық қорғау органдарына жатқызу дұрыс емес, өйткені сот құқық қорғау органдарынан құқықтық мәртебесімен ерекшеленетін айрықша мемлекеттік орган болып табылады. Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 1-бабының 2-тармағына сәйкес соттардың міндеті «азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау, Конституция мен заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, республика халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету» болып табылады.

Құқық қорғау қызметінің анықтамасын, оның функцияларының (бағыттарының) сипаттамасын және қалыптасқан тәжірибені ескере отырып, құқық қорғау органдарына мыналарды жатқызуға болады:

соттардың қызметін ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын органдар (ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет және оның облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы әкімшілері);

прокуратура органдары;

қылмыстарды анықтауды, жолын кесуді және тергеуді жүзеге асыратын органдар (ҚР ІІМ, ҰҚК, ӘДМ, Қаржы полициясы агенттігінің кейбір алдын ала тергеу және анықтау органдары);

⁸

Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы . – Алматы: Дәнекер, 2001. –8-бет.

құқықтық көмек пен құқықтық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды қамтамасыз ететін органдар (адвокатура, нотариат).

Соттар (аудандық және оларға теңестірілгендер, облыстық және оларға теңестірілгендер, ҚР Жоғарғы Соты) біздіңше, құқық қорғау органдарына жатады.

2.1. Прокурорлық қызметтің мақсаттары мен негізгі бағыттары

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының 1-тармағына сәйкес «Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады».

Мемлекеттік билік ҚР Конституциясының 3-бабы 4-тармағына сәйкес біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес жүзеге асырылады.

Прокуратураға қатысты ережелер ҚР Конституциясының «Соттар және сот төрелігі» деген VII бөлімге енгізілген. Бірақ прокуратураға соттармен қатар сот билігі беріледі деп қорытынды жасау қате болар еді. Прокуратура органдарының міндеттері мен функцияларының сипаты прокуратураның биліктің сот тармағына кірмейтіні, сонымен пара-пар екі басқа – заң шығару және атқарушы билікке қатысы жоқтығына күмән келтірмейді.

Функционалдық тұрғыдан биліктің әрбір үш тармағына байланысты бола тұрып, прокуратура органдары олардың ешқайсысына да толығымен жатпайды. Прокуратураның мемлекеттік құрылымдағы өзгеше жағдайы билік тармақтарының әрекетін теңдестіруге және олардың оңтайлы жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, мемлекеттік қызметтің дербес түрі ретінде прокурорлық қадағалаудың өзгешелігіне себеп болады.

Прокурорлық қадағалауды мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретінде мемлекеттің атынан арнайы уәкілеттік берілген адамдардың – прокурорлардың – заңдылықтарды бұзуды дер кезінде анықтау және оларды жоюға шаралар қабылдау, кінәлілерді жауапкершілікке тарту, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру арқылы заңдардың дәл орындалуын және біркелкі қолданылуын жоғары қадағалауды қамтамасыз ету бойынша жүзеге асырылатын қызмет ретінде сипаттауға болады.

Прокуратураны ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары – прокуратура органдарының көп қырлы қызметінің аса елеулі

сипаттары мен белгілерін және оларға қойылатын негізгі талаптарды айқындайтын негізгі, басшылыққа алынатын ережелер.

Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары «Прокуратура туралы» ҚР Заңының 3-бабында⁹ айқындалған. Тұтастық, орталықтандыру, тәуелсіздік, жариялылық және заңдылық қағидаттары ажыратылады.

Қазақстан Республикасы *прокуратура органдарының біртұтас жүйесін* Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары, республикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық, және оларға теңестірілген әскери және басқа да мамандандырылған прокуратуралар құрайды.

2.2. Әділет министрлігі

2002 жылы 18 наурызда Қазақстанда алғаш «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Құқықтық қамтамасыз ету саласында мемлекеттің саясатын іске асыруды қамтамасыз ететін орталық атқарушы билік органы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі болып табылады. «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шектерде оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады» (ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы № 223 қаулысымен бекітілген ҚР Әділет министрлігі туралы ереженің 1-тармағы).

Заңға сәйкес ҚР әділет органдарының негізгі міндеттері:

1) жалпы мемлекеттік даму стратегиясын әзірлеу мен іске асыруға қатысу, заң жобасы жұмысын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына заң сараптамасын жүргізу арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін, Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің тұрақты және қарышты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңдарды қалыптастыруға қатысу;

2) Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау және Республиканың дүниежүзілік қоғамдастықтағы беделін нығайту мақсатында, соның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын дайындау мен жасасу жолымен оның халықаралық аренадағы қызметін құқықтық жағынан қамтамасыз ету;

3) заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, жылжымалы мүліктің жекелеген түрлерінің кепілдерін, орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

⁹ ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. – 1995. - № 24. – 156-құжат.

нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік есебін жүргізуді және оларға бақылау жасауды жүзеге асыру;

4) құқықтық көмекті және заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихатты қамтамасыз ету;

5) сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру;

6) қылмыстық жазаларды атқару, қылмыстық жаза атқару органдары мен мекемелерінде құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету;

7) санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

8) есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет жасау;

9) әділет органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асыру және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша Заңға сәйкес іс жүргізу;

10) өздеріне Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

Әділет органдарының қызметі:

- заңдылық;

- қорғалу құқығын қамтамасыз ету, баршаның заң алдындағы теңдігі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және сақтау;

- жариялылық, құқық қорғау органдарымен және басқа да мемлекеттік органдармен, өзге де ұйымдармен және лауазымды адамдармен өзара іс-қимыл жасау;

- саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметіне тәуелсіз болу;

- гуманизм, демократия, қылмыстық жаза атқарудың жіктелуі мен дербестендірілуі, қылмыстық жазаны түзету ықпалымен ұштастыру;

- әділет органдары жүйесінің біртұтастығы принциптеріне негізделеді.

ҚР Әділет министрлігінің басты міндеттері ескеріле отырып, негізінен әділет органдарының жүйесі мен оның жекелеген буындарының құрылымы құрылады.

Әділет органдарының біртұтас жүйесі:

1) мыналарды:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігін;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің комитеттерін;

аумақтық әділет органдарын;

қылмыстық-атқару жүйесінің органдарын қамтитын әділет органдарынан;

2) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен (ұйымдарынан) және өзге де бағынысты ұйымдардан құралады.

Әділет министрлігінің құрамында:

ұйымдастыру-бақылау;
заңды тұлғаларды тіркеу;
халықаралық құқықтық қамтамасыз ету;
заң қызметі және құқықтық тәрбиелеу;
құқықтық актілерді жүйелендіру;
нотариат, АХАЖ және адвокатура;
шағымдарды қарау және т.б. бөлімшелері (басқармалар мен бөлімдер)
бар.

Әділет министрлігінің мынадай ведомстволары бар: Тіркеу қызметі комитеті, Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитет, Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитет;

ҚР Әділет министрлігінің қарамағына:
«Сот сараптамасы орталығы» мемлекеттік мекемесі;
«ҚР Әділет министрлігінің Заң шығару институты» ЖАҚ;
«Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» РМК;
«ҚР әділет органдары, мемлекеттік және өзге де ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты» ЖАҚ;
«Ұлттық заң қызметі» ЖАҚ;
«Жеті жарғы» ЖАҚ;
«ЗАҢ» акционерлік компаниясы» ААҚ кіреді.

1. Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құзыреті шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ жылжымайтын мүлік және онымен жасалатын мәмілелер үшін құқықтарды, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және жылжымалы мүліктің кепілін тіркеу аясында басшылықты жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері:

1) жылжымайтын мүлікке құқықтар мен онымен жасалатын мәмілелерді, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, жылжымалы мүліктің кепілін және қаржы лизингінің шарттарын тіркеуді, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді қамтамасыз ету;

2) өз құзыретінің шегінде аумақтық әділет органдары мен Комитетке ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың қызметтерін ұйымдастыру;

3) құқықтық кадастрды, заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімін және филиалдар мен өкілдіктердің тізімін жүргізу;

4) жылжымайтын мүлікке құқықтар мен онымен жасалатын мәмілелерді, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүліктің кепілін тіркеу, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері жөнінде бірыңғай әдіснамалық база жасау;

5) өз құзыреті шегінде бағалау қызметі саласында бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру болып табылады.

Комитет мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркейді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркейді;

2) жылжымайтын мүлікке құқықтар және онымен жасалатын мәмілелерді, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүліктің кепілін тіркеу жөніндегі, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі қызметтерге басшылық жасайды және осы қызметтерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) аумақтық әділет органдарының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері жөніндегі, сондай-ақ Комитетке ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жылжымайтын мүлікке құқықтар мен онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүліктің кепілін тіркеу мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді және әдіснамалық көмек көрсетеді;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы» Заң күші бар Жарлығының, өз құзыретінің мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

5) аумақтық әділет органдарының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері жөніндегі қызметіне, сондай-ақ Комитетке ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жылжымайтын мүлікке құқықтар мен онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүліктің кепілін тіркеу мәселелері жөніндегі қызметіне шағымдарды қарайды;

6) құқықтық кадастрды, заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімін және филиалдар мен өкілдіктердің тізілімін жүргізеді;

7) мүлікті бағалау және адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметтерін көрсету жөніндегі қызметтерді лицензиялайды;

7-1) өз құзыреті шегінде бағалау қызметі саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, бекіту;

7-2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен бағалау қызметі мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

7-3) бақылаушылардың кәсіби даярлауды жүзеге асыратын білім беру мекемелеріне қойылатын талаптардың тізбесін келісу;

7-4) өз құзыреті шегінде бағалау қызметі саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

8) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

8

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі құзыретінің шегінде арнайы атқарушы және бақылау-

қадағалау функцияларын, сондай-ақ санаткерлік меншік құқығын қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

Комитеттің негізгі міндеттері:

1) санаткерлік меншікті қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсыныстарды әзірлеуге қатысу;

2) санаткерлік меншікті қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

3) сабақтас құқықтар шығармалары мен объектілеріне, өнеркәсіптік меншік объектілеріне (өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, тауарлар шығарылатын жерлердің атауларына), селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтардың қорғалуын қамтамасыз ету;

4) авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне, өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына қорғау құжаттарын беру;

5) авторлық құқықтар, өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын қорғау саласында ақпараттық-баспа қызметін ұйымдастыру;

6) өнертапқыштық және шығармашылық одақтар мен ұйымдар қызметін үйлестіру;

7) санаткерлік меншікті қорғау саласында мамандар дайындауды, мамандар біліктілігін арттыруды, патенттік сенімді өкілдерді аттестациялауды ұйымдастыру;

8) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметін бақылауды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасының бірыңғай патент жүйесін дамыту және оны басқару;

10) мемлекеттік патенттік-ақпараттық базаны қалыптастыру;

11) Қазақстан Республикасында жасалған өнеркәсіптік меншік объектілерін шетелде патенттеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

12) тұтас алғанда инновациялық және өнертапқыштық қызметтің, сондай-ақ техникалық шығармашылықтың дамуына жәрдемдесу;

13) өзге де мемлекеттік органдарға ғылыми-әдістемелік көмек көрсету;

14) санаткерлік меншік құқығын қорғау саласында түсіндіру жұмысын жүргізу, құқықтық білімді насихаттау.

Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) санаткерлік меншікті қорғау саласында заңнаманың қолданылу практикасын қорытады, сондай-ақ осы салада заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуі;

2) санаткерлік меншікті қорғау мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;

3) санаткерлік меншікті қорғау саласында мамандар дайындауды және біліктілігін көтеруді, патенттік сенімді өкілдерді аттестациялауды ұйымдастырады;

4) санаткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласында ғылыми-техникалық және басқа да жұмыстарды ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

5) санаткерлік меншік объектілерін қорғау мен пайдалану мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

6) шығармаларды пайдаланушылардың авторлық құқық пен сабақтас құқықтар нормаларын сақтаумен әрі авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы халықаралық келісімдерді атқарумен байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;

7) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметін бақылауды жүзеге асырады;

8) авторлық құқықты ресми тізілімдерде тіркеуді қамтамасыз етеді;

9) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар мен пайдаланушылар арасында сабақтас құқықтар шығармалары мен объектілерін пайдаланудың тиісті тәсілдеріне жасалған лицензиялық шарттарды тіркейді және тиісті үлгідегі мемлекеттік тіркеу куәліктерін береді;

10) авторлық және сабақтас құқықтарды өзара қорғау туралы халықаралық келісімдер мен шарттарды дайындауға әатысады;

11) авторлық құқық пен сабақтас құқықтар мәселелері бойынша азаматтар мен ұйымдарға консультация береді;

12) ғылым, әдебиет және өнер шығармаларының қолжазбаларын сақтауға қабылдайды;

13) авторлық құқықты, есімге құқықты және абыройды қорғау құқығын, сондай-ақ автор қайтыс болғаннан кейін заңнамамен белгіленген жағдайларда оның мүліктік емес құқықтарын қорғауды жүзеге асырады;

14) коммерциялық мақсаттарда жарияланған фонограмманы фонограмма шығарушы мен орындаушының келісімінсіз пайдаланғаны үшін заңнамамен белгіленген жағдайларда сыйақы мөлшерін және оны төлеу шарттарын белгілейді;

15) шығармаларды пайдалануға құқықтардың импорты мен экспортын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

16) өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологиясына қорғау құжаттарын беруге өтінімдерді қабылдау мен тіркеуді қамтамасыз етеді;

17) қорғау құжаттарын беруге өтінімдерге мемлекеттік сараптама жүргізуді, өнеркәсіптік меншік объектілерінің, селекциялық жетістіктердің, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімін

жүргізуді ұйымдастырады, қорғау құжаттарын береді және олардың күшінде болуы жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етеді;

18) қорғау құжаттарын беруге өтінімдер бойынша сараптама шешімдеріне қарсылықтардың және қорғау құжаттарын беруге қарсы қарсылықтардың қаралуын ұйымдастырады;

19) өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын пайдалануға лицензиялық шарттардың, ашық лицензиялардың және қорғау құжаттарын беру шарттарының тіркелуін қамтамасыз етеді;

20) ресми бюллетеньдердің, сондай-ақ қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектілері бойынша ақпараттық материалдардың шығарылуын қамтамасыз етеді;

21) өзіне жүктелген патенттік ведомствоның өзге де функцияларын орындайды;

22) өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын патенттеуге іс-қимылдар тізбесін, ақы төлеу мөлшері мен тәртібін бекітеді;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Комитеттің заңнамамен белгіленген тәртіпте мынадай құқығы бар:

1) өз өкілеттіктері шегінде нормативтік құқықтық кесімдер шығару;

2) санаткерлік меншік объектілерін қорғау мәселелері бойынша түсініктер беру;

3) санаткерлік меншікті қорғауға байланысты құжаттардың бірыңғай нысандарын белгілеу;

4) санаткерлік меншікті қорғау мәселелері бойынша халықаралық шарттар жасасу мен оларға қосылу туралы ұсыныстар енгізу;

5) санаткерлік меншікті қорғау мәселелері бойынша халықаралық конференциялар мен кеңестердің жұмысында Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету және оларға қатысу;

6) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметін бақылауды жүзеге асыру;

7) авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланатын заңды және жеке тұлғалар қызметін бақылауды жүзеге асыру;

8) шетелдік авторлық-құқықтық ұйымдармен келісімдер жасасу;

9) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалану фактілері туралы ақпарат, сондай-ақ мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметі туралы ақпарат сұрату және алу;

10) сабақтас құқықтар шығармалары мен объектілерінің құқық иеленушілері мен пайдаланушылары арасында пайдаланудың тиісті тәсілдеріне тиісінше үлгідегі мемлекеттік тіркеу куәлігі беріле отырып жасалған барлық лицензиялық шарттарды тіркеу;

11) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау және істерді қарау, өз құзыреті шегінде әкімшілік жазалар қолдану;

12) контрафактілік аудио, аудиобейне өнімдерді анықтау жөнінде сараптамалық қорытындылар беру, сараптамалық зерттеулер жүргізу;

13) орталық және жергілікті атқарушы органдарға санаткерлік меншік туралы заңнаманы бұзушы олар қабылдаған кесімдердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

14) сотқа талап-арызбен жүгіну, оларды қарауға қатысу, сондай-ақ үшінші тұлғалардың талап-арыздарын қолдау;

15) санаткерлік меншікті қорғауды қамтамасыз ету мәселелеріне арналған кітаптар, бюллетеньдер, әдістемелік құралдар, жарнамалар және ақпараттық құжаттар шығару;

16) Комитетте жүктелген міндеттерді орындау үшін меншік нысанына қарамастан ұйымдарға бару;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құзыреті шегінде атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ қылмыстық жазалауды орындау саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

Комитеттің негізгі міндеттері:

1) қылмыстық жазалауды орындау жөніндегі мекемелер мен органдардың жұмысын ұйымдастыру және жетілдіру;

2) жазалауды орындаушы мекемелер мен органдарда құқық тәртібі мен заңдылықты, олардың аумағындағы қызметкерлердің, лауазымды адамдар мен азаматтардың, сондай-ақ онда ұсталатын сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

3) Қылмыстық-атқару кодексінде белгіленген сотталғандарды ұстау шарттары нормаларының орындалуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

4) шарттар бойынша, жеке еңбек және өзге де қызметтің әдісімен қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарында сотталғандардың еңбегіне жағдай жасау және оны ұйымдастыру;

5) сотталғандарға жалпы білім беруді және кәсіптік оқытуды ұйымдастыру;

6) өз құзыреті шегінде қылмыстық-атқару жүйесінің тіршілігін қамтамасыз ету және оның шығыстарын бөлінген қаржы мен лимиттер шегінде

қаржыландыруды қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесінің материалдық-техникалық базасы мен әлеуметтік саласын дамыту және нығайту;

7) жазалауды орындаушы мекемелер мен органдарда Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

8) түзеу мекемелерінде дайындалатын және жасалатын қылмыстарды және жазалауды өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылықтарды анықтау, ашу, жолын кесу және алдын алу. Сотталғандар түзеу мекемесіне келгенге дейін жасаған қылмыстарды анықтауға және ашуға жәрдемдесу;

9) қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес анықтауды жүзеге асыру;

10) сотталғандардың денсаулығын сақтауды ұйымдастыру болып табылады.

Комитет Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) соттардың үкімдеріне, қаулылары мен ұйғарымдарына сәйкес сотталғандарды жазалауды орындаушы мекемелер мен органдарға орналастыруды ұйымдастырады, сотталғандардың құқықтарының, оларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

2) сотталғандарға қатысты соттар үкімдерінің, қаулыларының, ұйғарымдары мен шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады және ұйымдастырады, жазалауды орындаушы мекемелер мен органдарда режимдік талаптардың орындалуын ұйымдастырады, сотталғандарды оқшаулауды және оларды қадағалауды қамтамасыз етеді;

3) сотталғандарды тергеу изоляторларынан, сондай-ақ жазалауды орындаушы мекемелер мен органдардан басқаларына ауыстыруды жүзеге асырады;

4) өз құзыретінің шегінде қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін, органдары мен кәсіпорындарын күзетуді, сотталғандар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, бас бостандығынан айыру орындарында қылмысты, соның ішінде ұйымдасқан қылмысты бейтараптандыруға және оның жолын кесуге байланысты мәселелерді шешеді;

5) қылмыстық-атқару жүйесіндегі жедел жағдайды тұрақты бақылауды жүзеге асырады;

6) рақымшылық және кешірім жасау актілерінің орындалуын ұйымдастырады;

7) сотталғандарды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалауды орындау, жазаның осы түрін өтеуден жалтарушы сотталғандарға қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын уақытылы жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

8) сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесінің емдеу-алдын алу мекемелеріне жібереді, медициналық сипаттағы мәжбүрлі шараларды қамтамасыз ету бөлігіндегі соттар үкімдерінің уақытылы орындалуын бақылауды жүзеге асырады, ауруға байланысты жазалауды өтеуден босату үшін сотқа материалдар ұсынады;

9) сотталғандарды босатуға даярлау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды, жазалауды орындаушы мекемелер мен органдардың басқа құқық қорғау органдарымен, атқарушы өкімет органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен сотталғандарды түзеудің нәтижелерін бекіту, оларды еңбекке және тұрмыста орналастыру жөніндегі өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

10) бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдарды азық-түлікпен, заттай және интенданттық мүлікпен материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

11) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

12) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері мен органдарында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы арыздарды қарайды;

13) қызметін қылмыстық-атқару жүйесінде жүзеге асыратын мекемелерді, органдар мен ұйымдарды құру және тарату туралы ұсыныстар дайындайды;

14) жазалауды орындаушы аумақтық органдарға, мекемелерге, оқу орындарына, органдарға және қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарына басшылық етуді жүзеге асырады;

15) төтенше жағдайлар кезінде қызметтік міндеттерді орындау жөніндегі іс-әрекеттердің жедел жоспарларын әзірлейді және іске асырады, қылмыстық-атқару жүйесінің қажетті күштері мен қаражатын тартуды және олардың құқық қорғау органдарымен және басқа да ведомстволармен өзара іс-әрекетін қамтамасыз етеді;

16) Комитеттің кадрларын іріктеу, орналастыру, оқыту және тәрбиелеу жөніндегі жұмысты жетілдіреді, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерін құқықтық және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді, оларды кәсіби даярлауды ұйымдастырады;

17) жазалауды орындаушы мекемелерде жедел-ізвестіру қызметті жүзеге асырады және ұйымдастырады, оны жетілдіру жөніндегі шараларды қабылдайды, қылмыстарды анықтауда, алдын алуда, олардың жолын кесуде және ашуда ішкі істер органдарының жедел, тергеу және басқа да аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-әрекет жасайды;

18) жазалауды орындаушы мекемелер мен органдарды, қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық басқару органдарын заңнамамен белгіленген тәртіппен бөлінген қаражат пен лимиттер шегінде, сондай-ақ басқа да заңды көздерден қаржыландыруды жүзеге асырады, қылмыстық-атқару жүйесінің алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыруға арналған материалдық-техникалық ресурстардың ұтымды бөлінуін қамтамасыз етеді, олардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады, қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық басқару органдарымен бірлесіп, қылмыстық-атқару жүйесі мүлкінің тиімді пайдаланылуын және сақталуын бақылайды, өз құзыреті шегінде қылмыстық-атқару жүйесі бөлімшелерінің қаржы-шаруашылық қызметінің тексеру жұмысын жүзеге асырады;

19) қылмыстық-атқару жүйесін дамыту және нығайту бағдарламаларын әзірлейді, оларды іске асыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады және олардың орындалуын бақылайды;

20) халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастырады, жүзеге асырады және үйлестіреді;

21) өз құзыреті шегінде қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

22) Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Комитет өз құзыреті шегінде негізгі міндеттерін іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) аумақтық органдарға және ведомстволық бағыныстағы мекемелер мен кәсіпорындарға қатысты әкімшілік-өкімгерлік және бақылау функцияларын орындауға;

2) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

3) нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын дайындауға;

4) төтенше оқиғалар жағдайларына қызметтік тексерулер жүргізуге, олардың себептерін анықтауға және талдауға, мұндай жағдайларды болдырмау жөніндегі шараларды қабылдауға;

5) жазалауды орындаушы мекемелер мен органдарда ерекше жағдай режимін енгізуге;

6) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

7) соттарда талапкер және жауапкер болуға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2.3. Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ҚР Президентінің «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Жарлығының 1-бабында ұлттық қауіпсіздік органдарының мақсаты айқындалған: «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары - Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын және өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жеке адамның және қоғамның қауіпсіздігін, елдің конституциялық құрылысын, мемлекеттік егемендігін, аумақтық тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғауды қамтамасыз етуге арналған Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік органдар». Әрі қарай, осы Жарлықтың 2-бабының 1-тармағында былай деп жазылған:

«Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттері:

1) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

2) Қазақстан Республикасының мүддесі үшін барлау ақпаратын іздеп табу;

3) шетел мемлекеттері арнайы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған барлау және өзге де қызметін анықтау, алдын алу және тыю;

4) Қазақстан Республикасының Конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, тұтастығын бұзуға және қауіпсіздігін әлсіретуге бағытталған терроризм және өзге де қызметті анықтау, алдын алу және тыю;

5) заңмен ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстарды анықтау, тыю, ашу және тергеу;

6) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларын бейбіт кезде және соғыс уақытында үкіметтік байланыспен қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, ұйымдарында және әскери құрамаларында шифрлау жұмысын ұйымдастыру болып табылады».

Ұлттық қауіпсіздік органдар жүйесіне мыналар кіреді:

1) Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

2) оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер;

3) ҰҚК жанындағы үкіметтік байланыс органы;

4) ҰҚК «Барлау» қызметі;

5) ҰҚК-нің облыстар, республикалық маңызы бар қала мен ҚР астанасы бойынша аумақтық органдары және оларға бағынысты қалалық және аудандық басқармалар (бөлімдер, бөлімшелер);

6) әскери қарсы барлау органы;

7) ҰҚК әскерлері;

8) арнаулы мақсаттағы бөлімшелер;

9) оқу орындары;

10) ғылыми-зерттеу мекемелері;

11) өзге де ұйымдар.

2.4. Ішкі істер органдары

ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығының 1-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын ала тергеу мен жедел іздестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңға қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі

атқарушылық және өкім етушілік функцияларын жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады».

Осы Жарлықтың 4-бабында былай делінген: «Ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер басқармалары, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, поселкелік, желілік ішкі істер органдары, ішкі істер органдарының тергеу изоляторлары, ішкі әскерлер, оқу орындары, мекемелер және өзге де ұйымдар құрайды.

Ішкі істер органдарының құрамында криминалдық полиция, әкімшілік полиция және полицияның өзге де қызметтері, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің әскери құрылымдар мәртебесі бар әскери-тергеу органдары мен әскери полициясы құрылады».

«Криминалдық полицияның негізгі міндеттері қылмыстарды анықтау, оның алдын алу, жолын кесу, оны ашу және тергеу, ішкі істер органдарының жүргізуіне жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтама ісін жүргізу, тергеуден, анықтамадан және соттан жасырынған, қылмыстық жазаны өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Криминалдық полицияны жедел-іздестіру, тергеу, ғылыми-техникалық және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне тікелей бағынатын, оның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды.

«Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, оның алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру, ұсталған және қамауға алынған адамдар, оның ішінде белгілі бір тұратын жері, құжаттары жоқ адамдар ұсталатын жерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау және бақылау жасау, төлқұжаттық жұмыстар мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады. Әкімшілік полицияны полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар қызметтері, сақшылық қызмет, лицензиялық және рұқсат ету жүйесі, табиғат қорғау және мал дәрігерлік полиция, төлқұжаттық қызмет, жол полициясы бөлімшелері, ішкі істер органдарының арнаулы мекемелері және әкімшілік полицияның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды».

2.5. Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)

Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) - экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте экономика, қаржы және сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтарының алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу мен тергеу бойынша салааралық үйлестіруді әрі өзге де арнайы атқарушы және рұқсат етуші функцияларды жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2001 жылғы 22 қаңтардағы № 536 Жарлығымен және таратылып отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті және Салық полициясы академиясының мүлкі мен істерін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктерін бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган ретінде Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі құрылған Үкіметтің 2001 жылғы 27 ақпандағы № 283 қаулысымен бекітілген Ережеге, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі № 336-II Заңына сәйкес реттелген Қаржы полициясы агенттігі болған.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2003 жылғы 23 желтоқсандағы № 1255 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) құрылды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы № 100 қаулысымен Ереже бекітілді.

Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Агенттіктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету;

2) сыбайлас жемқорлық қылмыстарының, экономика және қаржы салаларындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

3) экономика саласындағы сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

4) республикадағы жедел жағдайды талдау және болжау, қаржы полициясы органдарының араласуын талап ететін мәселелер бойынша жедел әрекет ету шараларын қабылдау;

5) экономика, қаржы және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру, жедел-іздістіру қызметінің тактикасы мен әдістемесін айқындау;

6) өз құзыретінің мәселелері бойынша жалпы республикалық, өңірлік жедел-іздістіру мен алдын алу іс-шараларын үйлестіру және жүргізу, қолда бар күш пен құралдарды қолдану жөнінде оңтайлы шешімдер әзірлеу, қаржы полициясының аумақтық, мамандандырылған органдарына және оқу орындарына практикалық және әдістемелік көмек көрсету, оң жұмыс тәжірибесін қорыту және тарату;

7) өз құзыреті шегінде қаржы полициясы органдарының құрылымын жетілдіру, қаржы полициясының аумақтық, мамандандырылған органдарымен және оқу орындарымен өздерінің арасындағы және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын жақсарту жөнінде шаралар әзірлеу;

8) қаржы полициясының аумақтық, мамандандырылған органдарына және оқу орындарына жалпы басшылықты жүзеге асыру;

9) қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

10) өз құзыреті шегінде қаржы полициясының аумақтық, мамандандырылған органдарының және оқу орындарының қызметін материалдық-техникалық, қаржылық, кадрлық, ақпараттық қамтамасыз ету;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Агенттікке жүктеген өзге де міндеттерді орындау.

Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің функциялары:

1) қаржы полициясының аумақтық, мамандандырылған органдары және оқу орындары қызметінің негізгі бағыттары бойынша олардың іс-қимылына басшылықты, оны үйлестіру мен оның келісімділігін қамтамасыз етеді;

2) қаржы полициясы органдарының жедел-іздістіру, әкімшілік, тергеу қызметі мен анықтау практикасына талдау жасайды;

3) экономика, қаржы және сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіреді, жедел-іздістіру қызметінің тактикасы мен әдістемесін айқындайды, қаржы полициясы органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады;

4) қаржы полициясы органдары қызметінің басым бағыттарын айқындайды, оларды іске асырудың құқықтық, ұйымдық және экономикалық тетіктерін әзірлейді;

5) қаржы полициясының аумақтық, мамандандырылған органдары және оқу орындарының кадрларын іріктеуді, орналастыруды, оқытуды, тәрбиелеуді және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

6) қаржы полициясы органдарына жүктелген міндеттерді іске асырады, оларды аумақтық және мамандандырылған органдардың, қаржы полициясы оқу орындары мен өзге де ведомстволық бағыныстағы мекемелердің орындауын бақылайды;

7) заңда белгіленген өз өкілеттіктері шегінде, нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдайды;

8) қаржы полициясы органдары қызметінің көкейтесті бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер мен әзірленімдер жүргізуді ұйымдастырады;

9) жедел-іздігі қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ көрсетілген қызметті қаржы полициясының аумақтық және мамандандырылған органдарының ұйымдастыруын қамтамасыз етеді және жүзеге асыруын бақылайды әрі оларға практикалық, әдістемелік көмек көрсетеді;

10) мыналарды:

қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша адамдарды;

жүрген жері белгісіз болған кезде соттың қаулысы бойынша мемлекет мүддесі мен қойылған талап қоюлар бойынша жауапкерлерді іздестіруді жүзеге асырады;

11) экономика, қаржы және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелері бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимыл жасайды, өз өкілеттіктері шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады;

12) экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы күрес жағдайы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мүдделі мемлекеттік органдарды хабардар етеді;

13) басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

14) бөлінген материалдық ресурстардың және бюджет қаржысының мақсатты әрі тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, олар бойынша есеп жүргізу мен есеп беруді, сондай-ақ қаржы полициясының аумақтық, мамандандырылған органдарының және оқу орындарының қаржы-шаруашылық қызметіне ішкі ведомстволық бақылауды жүзеге асырады;

15) өзіне заңнамамен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Агенттік қызметін ұйымдастыру

Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

Төраға Агенттік жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербес және Агенттіктің қызметі үшін дербес жауапты болады.

Төраға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

- 1) Агенттікке басшылықты жүзеге асырады;
- 2) барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Агенттікті білдіреді;
- 3) қаржы полициясы органдары бөлімшелерінің және оқу орындарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 4) өз орынбасарларының, қаржы полициясы органдары бөлімшелері мен оқу орындары басшыларының құқықтары мен міндеттерін анықтайды;
- 5) өз өкілеттіктері шегінде қаржы полициясы органдары мен ведомстволық бағыныстағы мекемелердің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 6) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде Агенттіктің, қаржы полициясы органдары бөлімшелері мен оқу орындарының құрылымын және қаржы полициясы органдары бөлімшелері мен оқу орындары туралы ережелерді бекітеді;
- 7) міндетті арнайы тексеруден өткен Қазақстан Республикасының азаматтарын қаржы полициясы органдарының кадр құрамына қабылдайды, арнайы атақтар береді;
- 8) қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 9) Қазақстан Республикасының Президентіне қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне жоғары басшы құрамның арнайы атақтарын беру туралы ұсыныстар енгізеді;
- 10) заңнамада белгіленген тәртіппен қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін көтермелеу, оларға материалдық көмек көрсету және тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді, заңнамада белгіленген тәртіппен оларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға және құрметті атақтарын беруге ұсынады;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Агенттіктің консультативтік-кеңесші орган болып табылатын төраға жанында Алқасы болады. Алқаның сан және жеке құрамын Агенттік төрағасы, әдетте, орынбасарлар, бөлімшелер басшылары және өзге де лауазымды адамдар арасынан бекітеді, сондай-ақ алқа отырыстарын дайындау мен өткізу тәртібін белгілейді.

2.6. Кеден органдары

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің, кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың, кедендік режимдерді қолданудың, кедендік төлемдері және салықтарды алудың, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізудің тәртібі мен шарттарын, мемлекет пен сыртқы экономикалық және өзге де қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың

арасындағы билік қатынастарына негізделген кеден саясатын іске асырудың басқа да құралдарын қамтиды»¹⁰.

Қазақстан Республикасында 2003 жылдың 1 мамырынан бастап Қазақстан Республикасындағы кеден ісінің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейтін және Қазақстан Республикасының егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қорғауға, Қазақстан экономикасының дүниежүзілік экономикалық қатынастар жүйесіндегі байланыстарын жандандыруға және сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыруға бағытталған жаңа ҚР Кеден кодексі қолданысқа енгізілді, сондай-ақ кеден органдарының қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 қыркүйектегі № 981 қаулысымен бекітілген Кедендік бақылау агенттігі туралы ережемен реттеледі.

Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі болып табылатын бірыңғай кеден саясаты жүзеге асырылады.

Кеден саясаты өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының қарауына жатады.

Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуды ынталандыру және экономикалық мүдделерін қорғау, тиімді кедендік бақылауды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге де мақсаттар Қазақстан Республикасы кеден саясатының негізгі мақсаттары болып табылады.

Қазақстан Республикасының кеден органдары - өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасында кеден саясатын іске асыруға қатысатын және кеден ісін тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді атқаратын мемлекеттік органдар.

Кеден органдарының міндеттері:

- Қазақстан Республикасының кеден саясатын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңдарының сақталуын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларының сақталуын қамтамасыз ету;
- сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден ісі саласындағы құқық бұзушылыққа қарсы күресу;
- өз құзыреті шегінде валюталық бақылауды жүзеге асыру;

¹⁰

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» ҚР Заңы. – Алматы, 1999.

- Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы халықаралық шарттарын әзірлеуге қатысу; шет мемлекеттердің кеден және өзге де құзыретті органдарымен, халықаралық ұйымдармен кеден ісі мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру;

- бірыңғай бюджет саясатын іске асыруға, кеден органдарының материалдық-техникалық және әлеуметтік базасын дамытуға қатысу;

- өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қорғау, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында радиациялық бақылау жүргізу;

- Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау болып табылады.

Құқық қорғау органдары бола отырып, кеден органдары кеден ісі саласындағы контрабанда мен қылмыстарға, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кеден ережелері мен салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізеді, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, қару-жарақтың, ҚР мен шет елдер халықтарының көркем, тарихи және археологиялық игілігі заттарының, зияткерлік меншік объектілерінің, жойылып кету қаупі төніп тұрған жануарлар мен өсімдік түрлерінің, олардың бөліктері мен дериваттарының (терілері, азу тістері, бас сүйектері, мүйіздері және т.б.), басқа да тауарлардың заңсыз айналымының жолын кеседі, сондай-ақ халықаралық терроризмге қарсы күресте жәрдем көрсетеді және Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық азаматтық авиацияның қызметіне заңсыз араласудың жолын кеседі.

2.7. Адвокаттар алқасы және оның органдары

Адвокатура – азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсету үшін құрылған кәсіптік, өзін-өзі басқаратын ұйым. Ол құқық қорғау органы болып табылмайды, заңды бұзуға жол берген адамдарға мемлекеттік мәжбүрлеу құқығы жоқ, оның іс-әрекеті мен шешімі жалпыға міндетті сипатта емес, алайда адвокатураның қызметі азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың мүдделерін қорғауда маңызы зор.

Адвокатураның қызметі азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына, білікті заң көмегін алуға құқығы бекітілген ҚР Конституциясының 13-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Осы ереже 1997 жылы 5 желтоқсанда қабылданған «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР Заңында¹¹ іске асырылған.

¹¹ Қараңыз: Сборник нормативных правовых актов «Об адвокатуре». – Алматы: Жеті жарғы, 1999.

Адвокат - міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы. Жоғары заң білімі, заңгерлік мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған адам адвокат бола алады».

Лицензия біліктілік емтиханын ойдағыдай тапсырған кезде ғана беріледі. Біліктілік емтиханын тапсыру тәртібін Әділет аттестациялық комиссиясы айқындайды.

Көрсетілген Заңның 1-бабының 2-тармағына сәйкес «адвокатура қылмыстық істер бойынша қорғау, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және басқа да істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады.

Адвокаттық қызмет шеңберінде адвокаттар көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

Бүгінде Қазақстанда адвокаттық қызмет көрсету желісін 16 аумақтық адвокаттар алқасына біріккен 229 заң консультациялар құрайды, оның құрамында лицензиялары бар 2300 адвокат жұмыс істейді. Сондай-ақ 280 адвокаттық кеңсе жұмыс істейді¹².

Адвокаттың көмекшілері мен тағлымдамадан өтушілері болуы мүмкін. Адвокаттың көмекшілері еңбек шартының (келісім-шартының) негізінде заңконсультациясында, адвокат кеңсесінде немесе адвокаттық қызметпен жеке-дара айналысатын адвокаттың жанында жұмыс істей алады.

Адвокаттың көмекшілері адвокаттың нұсқаулары бойынша және соның жауапкершілігімен адвокаттың тапсырмаларын орындауға құқылы. Жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары ғана адвокаттың тағлымдамадан өтушілері бола алады (көрсетілген Заңның 8-бабы).

Заң көмегін көрсете отырып, адвокаттар:

1) шешілуі кәсіби заң білімдерін қажет ететін мәселелер бойынша консультациялар, түсіндірмелер, кеңестер мен жазбаша қорытындылар береді;

2) талап қою арыздарын, шағымдар мен құқықтық сипаттағы басқа құжаттарды жасайды;

3) анықтау, алдын ала тергеу органдарында, соттарда, мемлекеттік және өзге де органдарда, ұйымдарда және азаматтармен қарым-қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың өкілдігі мен оларды қорғауды жүзеге асырады. (осы Заңның 4-бабы).

Адвокат өз қызметін заң консультациясы арқылы жүзеге асыруға не дербес немесе басқа адвокаттармен бірлесіп, сондай-ақ заңды тұлғаны

¹² Толканчинов А. Состояние, проблемы и перспективы адвокатуры. Гылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы, 2001. – 41-бет.

тіркемей-ақ жеке дара адвокаттық кеңсе құруға құқылы. (көрсетілген Заңның 19-бабы).

«Адвокаттық қызмет туралы» Заңда көзделген функциялар мен міндеттерді іске асыру үшін адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар адамдар адвокаттар алқасы деп аталатын ерікті бірлестікке бірігеді.

Адвокаттар алқасы жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, осы Заңда белгіленген өзге де міндеттерді орындау үшін құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады (жоғарыда аталған Заңның 20-бабының 2-тармағы).

2.8. Нотариат

1997 жылы 14 шілдеде қабылданған «Нотариат туралы» ҚР Заңының 1-бабының 1-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы нотариат - құқықтар мен фактілерді куәландыруға, сондай-ақ Заңда көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттерді жасау арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заң жүзінде бекітілген жүйесі».

Жоғары заң білімі, әдетте, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар, мемлекеттік немесе жекеше нотариуста тағылымдамадан өткен, Әділет біліктілік алқасында біліктілік емтиханын тапсырған және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы *нотариус* бола алады (көрсетілген Заңның 6-бабы).

Нотариустың өзінің тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы не жекеше нотариустың лицензиясының нөмірі мен берілген күні көрсетілген мөрі, куәландыру жазбаларының мөртабандары мен жеке бланкілері болады.

Мемлекеттік нотариус өз өкілеттігін аумақтық әділет органының құрылымдық бөлімшесі болып табылатын және заңды тұлға құқығы жоқ мемлекеттік нотариат кеңсесінде жүзеге асырады.

Заңды тұлға құрмай, жеке практикамен айналысатын нотариус банк мекемелерінде есеп айырысу шоты болуына және өзге де шоттар ашуға, еңбек заңдарына сәйкес көмекшілер, техникалық қызметкерлер жалдап, оларды жұмыстан босатуға, нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан алынған табысқа билік етуге, соттарда өз атынан сөз сөйлеуге және т.б. құқылы

Жеке практикамен айналысатын нотариус жеке практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды білдіру үшін құрылатын коммерциялық емес, кәсіптік, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылатын нотариаттық палатаның мүшесі болуға тиіс.

Нотариаттық іс-әрекеттер жасауға мыналардың құқықтары бар:

«1) мемлекеттік нотариат кеңселерінде жұмыс істейтін нотариустар (мемлекеттік нотариустар) мен жеке практикамен айналысатын нотариустар (жекеше нотариустар);

2) жергілікті атқарушы органдардың нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдары;

3) Қазақстан Республикасының атынан консулдық қызмет атқаратын адамдар;

4) осы Заңмен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті өзге де адамдар» (осы Заңның 1-тармағы).

Нотариаттық іс-әрекет сотпен тығыз байланысты: қандай да бір адамның даусыз құқығын куәландыра отырып, нотариус сот қарауға тиіс құқық туралы даудың туындауын алдын алады. Нотариалды бекітілген шарт тарапқа өз құқығын дәлелдеуін жеңілдетеді, өйткені нотариалды тәртіппен куәландырылған шарттың мазмұны, қолдардың түпнұсқалығы шынайы болып табылады. Алайда дауларды қарайтын соттан айырмашылығы нотариус құқық туралы дау болмайтын істерге қатысты іс-әрекеттерді жүзеге асырады.¹³

Нотариаттық палата нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады және заңды тұлға болып табылады.

Қазақстан Республикасының атынан консулдық қызметті жүзеге асыратын адамның мыналарды қоспағанда, мемлекеттік нотариустың барлық нотариаттық іс-әрекеттерін жасауға құқығы бар:

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікті иеліктен алу туралы шарттарды куәландыру;

2) шаруашылық серіктестіктердің құрылтай құжаттарын куәландыру;

3) мүлікті иеліктен алуға тыйым салу және алып тастау;

4) вексельдерге наразылық білдіру.

Мемлекеттік нотариустың қызмет ету аумағын аумақтық әділет органы айқындайды. Жекеше нотариустың қызмет аумағын аумақтық әділет органы нотариаттық палатамен бірлесіп айқындайды.

Мемлекеттік нотариусқа және нотариаттық іс-әрекет жасағаны үшін жергілікті атқарушы органның лауазымы адамға ақы төлеу мемлекеттік баж туралы заңнамада белгіленген ставка бойынша; жеке нотариустікі – тараптардың келісімі бойынша белгіленген баға бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы консулдық мекемесінің лауазымды адамы нотариаттық іс-әрекет жасағаны үшін консулдық алым тарифі бойынша алым жинайды.

Жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын бақылауды аумақтық әділет органы, ал жекеше нотариустың қызметін, бұдан басқа, - нотариаттық палата жүзеге асырады.

¹³ Чувилев А.А., Чувилев А.А. Правоохранительные органы. – М.: Юриспруденция, 2000. – 163-164-бет.

3. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы. – Алматы, 2001.
2. ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 2001.
3. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығы. Жинақ: Нормативные правовые акты «О службе в органах внутренних дел РК». – Алматы, 2001
4. . ҚР Президентінің «ҚР құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 536 Жарлығы
5. «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» 1995 жылғы 20 маусымдағы ҚР Заңы. – Алматы, 1999.
6. Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы ҚР Заңы. Қараңыз: Сборник нормативных правовых актов «Об адвокатуре». – Алматы: Жеті жарғы, 1999.
7. «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі ҚР Заңы, Жинақта: Нотариальная деятельность в РК. – Алматы, 2001.
8. «Әділет министрлігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы № 223 қаулысы.
9. *Бекбергенов Н.А.* Правоохранительная система в Республике Казахстан: Оқу құралы. – Астана: ИКФ «Фолиант», 2001.
10. *Ибрагимов Х.Ю.* Правоохранительные органы. - Алматы: Дәнекер, 2000.
11. *Фокин В.М.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.:Былина, 2000.
12. *Авторлар ұжымы.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Юридическая литература, 1998.
13. *Беленков Р.А.* Правоохранительные органы (лекция конспектілері). – М.: Приор, 2000.
14. *Уайман Л.* Роль судов в обеспечении и укреплении фундаментальных прав человека // Вестник Министерства юстиции РК. – 1995. - № 3.
15. *Гуценко К.Ф., Ковалев В.* Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 2000.
16. Уголовный процесс: оқулық / К.Ф.Гуценконың редакциялығымен. – М.: Зерцало, 2000.
17. *Ардашкин В.Д.* К теории праоохранительного механизма // Правоведение. – 1988. - № 1.
18. *Бибило В.Н.* Место и роль суда в обществе // Вестник БГУ. – Серия 3. – 1993. - № 1.
19. *Дмитриев Ю.А. Черемных Г.Г.* Судебная власть в механизме властей и защите прав и свобод человека // Государство и право. – 1997. - № 8.
20. *Ершов В.* Суд в системе органов государственной власти // Государство и право – 1994. - № 1.
21. «Жедел-іздістіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі ҚР Заңы // ҚР Жоғарғы Кенесінің Жаршысы. – 1994. № 13. – 199-құжат.
22. «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы ҚР Заңы // Казахстанская правда. – 1002. 23 наурыз; Юридическая газета. – 2002. – 27 наурыз.
23. «Прокуратура туралы» ҚР Заңы // ҚР Жоғарғы Кенесінің Жаршысы. – 19945. № 24. – 156-құжат.
24. *Чувилев А.А., Чувилев А.А.* Правоохранительные органы. – М.: Юриспруденция, 2000. – 163-164-бет.
25. *Беленков Р.А.* Правоохранительные органы. – М.: Приор, 2000. – 92-бет.
26. *Толубекова Б.Х.* Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. – Алматы. 1998. - 272-бет.
27. *Абсеметов М.* Таможенное дело Казахстана. - Астана, 2001. – 109-бет.

10-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

1. Әділет органдарының мақсаты мен міндеттері

Кез келген құқық қолдану қызметінің тиімділігі көбінесе оны басқару деңгейіне, сол немесе өзге құқық қорғау органдарының алдында тұрған нақты міндеттерді тиісінше іске асыру үшін ұйымдастырудың алғы шарттарын жасауға байланысты болады. Мысалы, кәсіпкерлердің заң қызметі, адвокаттық қызмет қамтамасыз етіліп, әділет органдары тарапынан ұйымдық басқару құралдары арқылы белгілі бір деңгейде бағыт сілтенеді.

«Әділет органдары туралы» ҚР Заңында белгіленген әділет органдарының басты міндеттері олардың функцияларын да, яғни олардың қызметінің негізгі бағыттарын да айқындай түседі. Әділет органдары функцияларының бірі – бұл норма шығармашылық қызметін ұйымдастыру, нормативтік актілердің жобаларын дайындау, заңнаманы жүйелеу және жинақтау.

Бұл жұмыстың қазіргі кезде, сот-құқықтық реформалау барысында Қазақстан Республикасының барлық заңдары жаңартылғанда ерекше маңызы бар. Әділет министрлігі, ең алдымен, орталық атқарушы билік органдарының норма шығармашылық қызметін үйлестіреді, ҚР Үкіметі нормативтік актілерінің жобаларын әзірлейді немесе оларды дайындауға қатысады. ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша оған қол қоюға жіберілетін заңдарға сараптама жүргізеді. ҚР Президенті мен Үкіметінің тапсырмасы бойынша белгіленген тәртіппен олардың қарауына тиісті министрліктер мен ведомстволар ұсынатын құқықтық актілер жобаларының Конституцияға және заңдарға сәйкестігі туралы қорытынды жасайды.

ҚР Әділет министрлігінің маңызды міндеттері - қолданыстағы заңдарды жүйелеу, ҚР кодекстері мен заң жинақтарының ресми басылымдарын шығаруға дайындауға қатысу болып табылады. Сонымен қатар, ҚР Әділет министрлігі, егер онда азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері қозғалса, егер олар ведомствоаралық сипатта болса, орталық атқарушы билік органдары шғаратын нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады; қазақстандық және өңіраралық бірлесіктердің жарғыларын тіркейді.

Әділет органдары нотариатқа басшылықты жүзеге асырады. Олар мемлекеттік нотариат кеңселерін ашады әрі таратады және олардың тізілімін, сондай-ақ жеке практикамен айналысатын нотариустар кеңселерінің тізілімін жүргізеді. Әділет органдары нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялар береді және Қазақстан Республикасының нотариат туралы негізгі заңнамасында көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Әділет органдарына азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын іске асыру мақсатында заң қызметін көрсету жүйесін дамыту жөніндегі іс-әрекеттерді үйлестіруді жүзеге асыру жүктелген. Бұл жұмыс адвокаттар бірлестігімен және ұйымдарымен тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі. Әділет органдары азаматтар мен заңды тұлғаларға құқықтық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияларды тіркеуді және беруді жүзеге асырады.

Әділет органдары басқа да функцияларды жүзеге асырады: Әділет министрлігінің сот-сараптамасы жүйесінің мекемелерін құрады, қайта ұйымдастырады және таратады, олардың қызметіне басшылық жасайды; бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, азаматтарды құқықтық ағартушылыққа қатысады; құқықтық мәселелер бойынша халықаралық байланыстарды жүзеге асырады.

Өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның органдары:

- белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге ұйымдардан, мекемелерден, ұйымдардан және лауазымды адамдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды сұратуға;

- заң жобалау, сарапшылық және зерттеу жұмыстарын, консультацияларды жүзеге асыру үшін ғылыми ұйымдарды, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерін, маман-сарапшыларды және т.б. тартуға құқылы.

Оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ҚР Әділет министрлігі ведомстволық нормативтік актілер, соның ішінде сот, Әділет министрлігінің жүйесіндегі органдар, мекемелер және ұйымдар, орталық атқарушы билік органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ лауазымды адамдар мен азаматтарға арналған міндетті болып табылатын нұсқаулықтар мен түсіндірмелер шығарады

Бұдан басқа, Әділет министрлігі Әділет аттестациялық алқасының жұмысын материалдық-техникалық және ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

2. Әділет министрлігін ұйымдастыруды және оның қызметін құқықтық реттеу

Қазақстанда саяси және экономикалық жүйені түбегейлі өзгерту орталық атқарушы билік органдарын, атап айтқанда әділет саласындағы орталық мемлекеттік басқару органы ретінде Әділет министрлігін ұйымдастыруды және оның қызметін құқықтық реттеуді реформалауға әкелді. Мемлекеттік басқару органдарының барлық жүйесін реформалау Қазақстанда кезең-кезеңмен өтті, өйткені мұны өтпелі кезеңнің саясаты талап етті. Әрбір кезеңде тиісінше жаңа міндеттер қойылып, барлық атқарушы билік жүйесін ұйымдастыруға және оның қызметіне тиісті түзетулер енгізу талап етілді. Мұндай шешім мемлекеттік басқару органдарының, соның ішінде Әділет министрлігінің құқық белгілеу және құқық қорғау қызметін регламенттейтін

жаңа заң базасын әзірлеу әрі қабылдау арқылы мемлекеттік билік сатысына сәйкес құқықтық қорғанышқа айналды. Әділет министрлігінің жаңа өкілеттіктерінің бірі - министрліктердің, ведомстволардың азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу. Жүктелген міндеттер ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді сараптауға және тіркеуге әкелді, ол, ең алдымен ҚР Конституциясы бойынша адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің жоғары құндылығы деп жария етілгендіктен, азаматтардың конституциялық құқықтары мен мүдделерінің бұзылмауына байланысты.

ҚР Президентінің «ҚР нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі және оларды мемлекеттік тіркеуді жеңілдету жөніндегі шаралар туралы» 1997 жылғы 4 наурыздағы Жарлығымен нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімін жүргізу ҚР Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарына жүктелді, тиісінше мемлекеттік тіркеуден өтпеген нормативтік актілердің заңдық күші болмайды.

Егеменді Қазақстан кеңестік кеңістікте алғашқылардың қатарында жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді тіркеу саласында құқық қатынастарын реттейтін заңнамалық базасын жасады. ҚР Азаматтық кодексі азаматтық айналымның қатысушыларын жылжымайтын мүлікке барлық құқықтары мен олармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді міндеттейді. Бұл ретте меншік, шаруашылық жүргізу, тұрақты пайдалану, жедел басқару, өмірлік мұралық иелік ету құқығы, ипотека, сервитуттар мен заңда көзделген өзге де құқықтар тіркеуге жатады.

Мемлекетте басты тіркеуші орган бола отырып, Әділет министрлігі заңды тұлғаларды тіркеуді, соның ішінде ҚР Президентінің «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Жарлығына сәйкес шетелдіктердің қатысуымен кәсіпорындарды да тіркеуді жүзеге асырады. Жарғыларды тіркеу рәсімдерін пайдалану және азаматтардың конституциялық құқықтарына қысым жасайтын ондағы нормаларды алып тастау жолымен, олардың қызметінің жарғылық мақсаттарға сәйкестігін бақылау жолымен ҚР Әділет министрлігі «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР Заңына сәйкес қоғамдық және діни бірлестіктердің құрылуы мен қызметінің заңдылығын бақылауды жүзеге асырады. Демократиялық құқықтық мемлекетті беделді, нақты айқындалған құқықтық инфрақұрылымсыз, элементтерінің бірі болып табылатын нотариатсыз құру мүмкін емес. «Нотариат туралы» ҚР Заңын қолдана отырып, мемлекет тарапынан Әділет министрлігі тұлғасында нотариаттық мекемелерді құруға, патенттеуге және оның қызметіне бақылау жүзеге асырылады.

ҚР Әділет министрлігін ұйымдастыруды және оның қызметін құқықтық реттеу мемлекеттік басқару жүйесінің басқа да органдары сияқты нормативтік құқықтық актілердің толық пакетімен, олардың ішінде негізгі болып табылатын ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік қызмет туралы» заң күші бар Жарлығы, «Әділет органдары туралы» Заң сияқты актілермен регламенттеледі.

ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Жарлығы тиісті қаулымен Министрлік туралы ережені бекітетін Үкіметтің құзыретін бекітеді. Осыған байланысты Үкіметтің 1997 жылғы 12 наурыздағы қаулысымен ҚР министрліктері туралы үлгі ереже бекітілді. Әділет министрлігіне қатысты Үкіметтің қаулысымен кейіннен «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы» ереже бекітілді (1994 жыл 16 наурыз, 1995 жылғы 19 желтоқсан, 1997 жылғы 1 сәуір, 1997 жылғы 30 қазан және 1999 жылғы 11 наурыз), ал 2002 жылғы 18 наурызда алғаш «Әділет органдары туралы» ҚР Заңы қабылданды.

Мемлекеттік құрылыс тәжірибесі, ҚР Әділет министрлігінің құзыреті мен өкілеттігі әрқашан және нақты берілмейтінін көрсетеді. Олар ағымдағы сәттің міндеттеріне сәйкес өзгеруге де қабілетті. Үкіметтің қаулыларымен бекітілген ҚР Әділет министрлігі туралы ережелерді талдау оның орталық аппаратының құрылымындағы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді, ол осы ведомствоның қызметіндегі екпіндердің ауысуына байланысты. Атқарушылық іс жүргізуге маңыз бере отырып, ҚР Әділет министрлігінің орталық аппаратының құрылымында 1997 жылғы 30 қазандағы ҚР Әділетмині туралы ережемен Атқарушылық іс жүргізудің сот сараптамасы департаменті, кейіннен қайта құрылған Соттардың, сот приставтарының қызметін және атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз етуді ұйымдастыру департаменті құрылды.

Соттардың және өзге де органдардың қаулыларының орындалуының маңыздылығын ескере отырып, «ҚР Әділет министрлігінің Тергеу департаменті және оның құрылымдары туралы ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1998 жылғы 7 сәуірдегі қаулысымен Әділет министрлігінің жанынан жер-жерлерде аумақтық органдарымен бірге Тергеу департаменті құрылды. Әділет министрлігінің қызметі оны қалыптастырудың мемлекеттік-өкімгерлік сипатынан туындайтын атқарушылық-өкімгерлік болып табылатындықтан, ол Әділет министрлігіне бекітілген құзырет шеңберінде ҚР Конституциясының, заңдардың, Президент Жарлықтарының, ҚР Үкіметі қаулыларының нормаларын іс жүзінде іске асыруды ұйымдастыруға бағытталған.

Тағы да бір жаңалықтардың бірі Ішкі істер министрлігінің қарамағынан барлық пенитенциарлық (қылмыстық-атқару) жүйені Әділет министрлігіне беру болып табылады.

Әділет министрлігінің құзыретіне, басқа да мемлекеттік басқару органдары сияқты Ережемен қатар жарлықтар, кодекстер, ережелер және ағымдағы заңнаманың актілері сияқты нормативтік актілерді бекіту жатады. Мемлекеттік басқару органдарының құзыретін кеңінен бекіту үшін мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудың мынадай қағидаттары ескеріле отырып, Ереже қолданылады:

- 1) оны құрудың мақсаттарын, оның міндеттері мен функцияларын легитимациялау;
- 2) органның мақсаты мен оның атқарушы билік жүйесіндегі орнын белгілеу;

3) атқарушы билік жүйесінде белгілі бір функцияларды жүзеге асыру бойынша өкілеттіктерді белгілеу;

4) орган құрылымын қалыптастыру тәртібін және шешімдерді қабылдау процесін белгілеу;

5) органдарға тиісті құқықтарды беру, сондай-ақ оның қызметінде заңдылықты бұзғаны үшін оны жауапкершілік жүйесіне енгізу.

Практикалық тұрғыдан да, теориялық жақтан да ҚР Әділет министрлігін ұйымдастыру мен оның қызметін құқықтық реттеу маңызды әрі өзекті болып табылады. ҚР Президентінің «Стратегия - 2030» ұзақ мерзімді бағдарламалық құжатында және 1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында белгілеген барлық жоспарлары мен өзгерістерді ойдағыдай жүзеге асыру осы ведомствоның тиімді қызметіне едәуір дәрежеде байланысты, сондықтан бүгінгі күннің болмысы ҚР Әділет министрлігінен республикада тұтастай алғанда мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру және жетілдіру мағынасында жаңа теориялық құзырет модельдерін әзірлеуді жалғастыруды талап етеді.

Соңғы жылдары жүз жылдықты артқа салған мемлекеттік басқаруды жаңғырту проблемасы өңірлік қана емес, жаһандық сипат алып отыр, Оған 1997 жылы сәуір айында Алматы қаласында «Ғасырлар тоғысында мемлекеттік басқаруды жаңғырту: әлемдік тәжірибе және Орталық Азия» тақырыбындағы халықаралық конференция айғақ.

3. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы ҚР Заңы
2. ҚР Президентінің «ҚР нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі және оларды мемлекеттік тіркеуді жеңілдету жөніндегі шаралар туралы» 1997 жылғы 4 наурыздағы Жарлығы.
3. *Фокин В.М.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.:Былина, 2000.
4. *Авторлар ұжымы.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Юридическая литература, 1998.
5. *Беленков Р.А.* Правоохранительные органы (лекция конспектілері). – М.: Приор, 2000.
6. *Гуценко К.Ф., Ковалев В.* Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 2000.
7. Уголовный процесс: оқулық / К.Ф.Гуценконың редакциялығымен. – М.: Зерцало, 2000.
8. *Ефремова Н.Н.* Министерство юстиции Российской империи. 1802-1917. – М., 1983.
9. *Самалдыков М.К.* Правоохранительные органы Республики Казахстан. – Алматы, 1996.
10. *Бекбергенов Н.А.* Правоохранительная система в Республике Казахстан: Оқу құралы. – Астана: ИКФ «Фолиант», 2001.
11. *Ибрагимов Х.Ю.* Правоохранительные органы. - Алматы: Дәнекер, 2000.
12. *Ардашкин В.Д.* К теории правоохранительного механизма // Правоведение. – 1988. - № 1.
13. ҚР Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі Жарлығы.
14. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылғы 31 мамырдағы ҚР Заңы.

15. «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі ҚР Заңы, Жинақта: Нотариальная деятельность в РК. – Алматы, 2001.
16. «Үкімет туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы ҚР Конституциялық Заңы.
17. Стратегия 2030. «Қазақстан - 2030».
18. ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы № 223 қаулысымен бекітілген «Әділет министрлігі туралы ережені бекіту туралы» // ҚР Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағы. - 1999. - № 8. – 63-құжат.

11-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Прокурорлық қызметтің мақсаттары мен негізгі бағыттары

Бүгінгі күннің болмысы республиканың мемлекеттік-құқықтық институттарының жүйесі ретінде ҚР Конституциясының сақталуын мемлекеттің атынан жоғары қадағалауды жүзеге асыратын, қылмысқа қарсы күресте құқық қорғау және өзге де органдардың қызметін үйлестіретін, өз кезегінде, заңдардың, азаматтардың құқықтарын қорғауға және мемлекеттік мүдделердің сақталуына ықпал ететін көп функционалды орган ретінде прокуратура органдарының құқықтық мәртебесін заңнамалық тәртіппен кеңейтуді талап етеді. Сондықтан 2002 жылғы 9 тамыздағы ҚР Заңымен «Прокуратура туралы» ҚР Заңына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі кездейсоқтық емес.

Қазақстан Республикасында прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру және оның қызметі мәселелерін қарастыра отырып, мыналарды есте сақтау қажет:

Біріншіден, прокурорлық қадағалау – бұл прокуратурадан басқа ешқандай да басқа мемлекеттік, қоғамдық, өз бетінше немесе өзге ұйымдар, мекемелер немесе лауазымды адамдар жүзеге асыра алмайтын мемлекеттік қызметтің дербес, өзгеше түрі.

Екіншіден, прокурорлық қадағалау мемлекеттің – Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады. Мұның маңыздылығы, прокурор қадағалауды жүзеге асыра отырып, құқық бұзушылықтарды анықтайды, оларды жоюға және жекелеген жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, атқарушылық немесе есот билігінің атынан емес, мемлекет жүйесіне біріктірілген барлығынан атынан жалпы мемлекеттің мүддесіне сәйкес жекелеген органдардың, ұйымдардың, мекемелердің, лауазымды немесе жеке адамдардың мүддесін білдіріп, кінәлілерді жазалауға шаралар қабылдайды.

Үшіншіден, прокурорлық қадағалау – мемлекеттік қызметтің дербес түрі. Оның мемлекеттік қызметтің басқа түрлерінен айырмашылығы ҚР Конституциясының нақты сақталуын, заңдардың талаптары орындалуын, өзге де құқықтық актілердің заңға сәйкестігін және анықталған құқық бұзушылықтарды заңмен тек прокуратураға берілген құралдардың көмегімен жоюға шаралар қабылдануын тексеруден тұратын осы қызметтің мазмұнының өзгешелігімен айқындалады.

Төртіншіден, прокуратура Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін орган болуына қарамастан, Конституцияға сәйкес ол барлық актілерге, соның ішінде мемлекет басшысының актілеріне де жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

Прокурорлық қадағалауды мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретінде мемлекет атынан жүзеге асырылатын арнайы уәкілдік берілген адамдардың –

прокурорлардың – бұзушылықтарды дер кезінде анықтау және оларды жоюға шаралар қабылдау, кінәлілерді жауапкершілікке тарту, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру арқылы заңдардың дәл орындалуын және бірыңғай қолданылуын (орындалуын) жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызмет ретінде сипаттауға болады.

Прокурорлық қадағалаудың мақсаттары мен міндеттері өзара тығыз байланысты. Прокурорлық қадағалаудың *мақсаты* ретінде прокуратураның тұтастай алғанда барлық қызметі және атап айтқанда, оның маңызды функциясы – прокурорлық қадағалауда қол жеткен нәтижені түсіну керек. Прокурорлық қадағалаудың мақсаттары прокуратураның мәртебесімен, оның мемлекеттегі орны әрі ролімен айқындалады. Ең соңында олар ҚР Конституциясымен, «Прокуратура туралы» ҚР Заңымен, прокуратура органдарының қызметін регламенттейтін басқа да заң актілерімен айқындалады. Е.С.Мерзадиновтың пікірінше, Конституция мен заңдардың үстемдігін қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау прокурорлық қадағалаудың мақсаттары болады¹⁴.

Прокуратураны ұйымдастырудың және оның қызметінің қағидаттары – прокуратура органдарының көп қырлы қызметінің аса елеулі сипаттары мен белгілерін және оларға қойылатын негізгі талаптарды айқындайтын негізгі, басшылыққа алынатын ережелер.

Қағидаттар қандай да бір теорияның, ғылымның, дүниетанымның, саяси ұйымның негізгі ережелерін қамтиды. Мәселен, жалпы нысанда қағидат ұғымы айқындалады. Прокуратураға қатысты *ұйымдастыру және оның қызметінің қағидаты* – ҚР Конституциясында және басқа да заңдарда бекітілген, прокуратураның саяси және мемлекеттік мақсаттарын білдіретін, прокурордың міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайтын, сондай-ақ мемлекетте заңдардың дәл әрі бірыңғай орындалуын қадағалауды жүзеге асыру бойынша құқықтық құралдар мен әдістердің мазмұнын және сипатын білдіретін, сондай-ақ прокуратура органдарының өзге мемлекеттік органдардан, соның ішінде құқық қорғау органдарынан айырмашылығын айқындайтын негізгі талаптар.

Егер бұрын прокурорлық қадағалаудың басым бағыттары заңдардың үстемдігін қамтамасыз ету, біркелкілік және заңдылық пен құқық тәртібін нығайту болып табылса, ҚР Конституциясында жоғары құндылықтар деп аталған адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары прокуратура органдары қызметінің негізгі қағидаттары болды¹⁵.

Заңнамада белгіленген қағидаттарды сақтау прокуратураға мемлекетте заңдардың нақты әрі бірыңғай орындалуын қадағалауды жүзеге асыру бойынша олардың алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай орындауға мүмкіндік береді.

Прокурорлық қадағалау қағидаттарының қатарына ҚР Конституциясына негізделген, прокуратура органдарын, кімнен қайдан шыққанына қарамастан,

¹⁴ Мерзадинов Е.С. Прокурорский надзор в Республике Казахстан за соблюдением прав и свобод человека и гражданина. – Алматы, 2001. – 15-құжат.

¹⁵ Утибаев Г.К. Надзор за законностью рассмотрения уголовных дел в судах. Жинақта : Прокуратура Казахстана в условиях независимости. – Алматы, 2001. – 37-38-беттер.

заңды бұзуды табысты жою үшін қажетті өкілеттіктерді бере отырып, тәуелсіз мемлекеттік органның дәрежесіне көтеретін ережелер жатады. Прокуратура органдарын ұйымдастыру және оның қызметінің қағидаттары тұтастық, орталықтандыру, тәуелсіздік, жариялылық және заңдылық қағидаттарына бөлінетін «Прокуратура туралы» ҚР Заңының 3-бабында айқындалған.

Прокуратура органдарының *тұтастығы мен орталықтандыру* бұл органдардың ҚР Бас прокуроры басқаратын тұтас жүйені білдіреді. Бұл қағидат барлық буындағы прокурорлардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттердің тұтастығын білдіреді және заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыру нысандары мен әдістерінің, тәсілдерінің ортақтығымен, анықталған заңды бұзуға прокурорлық ден қою құралдарының, сондай-ақ заңды бұзудың жолын кесу жөніндегі шараларды қабылдау тұтастығымен айқындалады. Тұтастық қағидаты жоғары тұрған прокурордың өз құқықтарын төмен тұрған прокурорға беру, сондай-ақ өзіне төмен тұрған прокурордың өкілеттігін қабылдауға құқылы ережелерді айқындайды (осы Заңның 16-бабы).

Прокуратураның тәуелсіздігі қағидатының мәні әрбір прокурордың өз қызметінде тәуелсіз болуынан және оған жүктелген міндеттері орындау кезінде заңдарды және оларға сәйкес шығарылатын Бас прокурордың нұсқаулары мен бұйрықтарын басшылыққа алудан тұрады. Прокурор оның қадағалау қызметіне қандай да болмасын орталық немесе жергілікті органның араласуынан қорғалған. Қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәуелсіздігі қағидатының мемлекеттік және саяси аса маңызы зор, осы қағидатты дәйекті сақтаған кезде ғана прокуратура мемлекет қойған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізе алады. Осы қағидатты жүзеге асыру ұйымдастыру арқылы, прокурорлық кадрларды тағайындау тәртібімен, заңмен белгіленген прокурорлардың бағыныстылық және есеп беру жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Прокуратура органдары қызметіндегі жариялылық прокуратураның республикадағы басқа да құқық қорғау органдары сияқты өз функцияларын қоғамнан, азаматтардан оқшауланбай жүзеге асырады. Заңда прокуратура органдарының азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, мемлекеттік құпияларды қорғау туралы ҚР заңдарының талаптарына қайшы келмейтін шамада ашық әрекет ететіні ұйғарылған.

Заң шығаруда *заңдылық қағидаты* ерекше бөлінген. Бұл қағидат барлық прокуратура органдарының өздерінің қадағалау функцияларын заңды және жеке тұлғалардың заңда көзделген құқықтары мен бостандықтарын сақтай отырып, қатаң заң шеңберінде жүзеге асыратынын білдіреді. Заңдардың орындалуына қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурорлар заңда белгіленген өкілеттіктер шегінде ғана әрекет ете алады. Заңдылық қағидатының прокурорлық қадағалау үшін ерекше маңызы бар, себебі оған барлық заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың заңды орындауын бақылау міндеті жүктелген. Сондықтан прокуратураның өзі осы функцияларды орындай отырып, заңды нақты және бұлжытпай сақтауға міндетті.

Заң шығарушы сондай-ақ барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін *прокурорлық ден қою актілерінің міндеттілігі қағидатын* (осы Заңның 3-бабының 4-тармағы) және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы

кезінде прокуратура органдарының қызметіне *араласуға тыйым салу* қағидатын (осы Заңның 3-бабының 3-тармағы) бөлік көрсетеді.

«Прокурорлық қадағалау» термині аясында мыналардың ұғынылатынын есте сақтау керек:

- 1) мемлекеттік қызметтің өзгеше түрі;
- 2) заң ғылымының дербес саласы;
- 3) оқу пәні.

Прокурордың өкілеттігі – Конституцияда және ҚР заңдарында оның құқықтарының маңызы бірдей қамтылған құқықтық ұғым (наразылық келтіру құқығы, нұсқаулар беру құқығы, қамауда заңсыз ұсталғандарды босату құқығы және т.б.). Өкілеттік заң ғылымында прокурордың өз міндеттерін орындауы оған заңмен берілген құқықтарды іске асыру арқылы өтетіндіктен, құқықтар мен міндеттердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Жоғарыда аталған Заңның 4-бабында прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттары мен мазмұны санамаланған:

«Конституция мен заңдардың үстем тұруын қамтамасыз ету адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және Президентінің Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокуратура мемлекет атынан:

- 1) Конституцияның, заң актілерінің және Республика Президенті актілерінің бұзылуын анықтап, оларды жою шараларын қолданады;
- 2) жедел-іздістіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырады;
- 3) сотта мемлекет мүддесін білдіреді;
- 4) Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа да құқықтық актілерге наразылық жасайды;
- 5) заңда белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;
- 6) статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады».

Прокурорлық қадағалаудың құралдары ретінде олардың өкілеттіктерінен туындайтын прокурордың іс-әрекеттері мен құқықтық актілері, олардың көмегімен ол қойылған міндеттерді шешеді: заңдарды бұзуды анықтау, жою, алдын алу, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту.

Аталған Заңның 3-тарауында прокуратураның құқықтық актілері көзделген. 18-бапта құқықтық актілер жүйесі белгіленген:

«1. Прокуратураның құқықтық актілерінің жүйесін:

- 1) прокурорлық қадағалау актілері: наразылық, қаулы, ұйғарым, өтініш, санкция, нұсқау, ұсыным, заңға түсіндірме;

2) Прокуратураны ұйымдастыру және оның қызмет мәселелерін реттейтін актілер: бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар құрайды.

1-1. Нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын тоқтата тұратын прокурорлық қадағалау актілері жариялануға тиіс.

2. Прокуратураның ережелері мен нұсқаулықтары тиісті прокурорлардың бұйрықтарымен бекітіледі».

ҚР прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттары. Өз мәні бойынша прокурорлық қадағалау мемлекеттік қызметтің өзгеше түрі ретінде жалғыз. Бұл ҚР прокуратурасының барлық жүйесі үшін мақсаттарының бірдей, прокуратура жүйесінің бірыңғай, прокуратура қызметінің құқықтық базасының біртұтас болуына байланысты.

Алайда прокурорлық қадағалау процесінің өзінде елеулі өзгешеліктер бар. Бұл өзгешеліктер біртұтас прокурорлық қадағалауды жүзеге асыруда:

орындалуына қадағалау жүзеге асырылатын заңнаманың ерекшеліктерінен;

осы заңнаманы орындайтын объектілердің өзгешелігінен;

прокурорлардың өкілеттіктерінің өзгешелігінен туындайды.

Осыған сәйкес «Прокуратура туралы» ҚР Заңында (4-бап) біртұтас прокурорлық қадағалауды мынадай салаларға бөледі:

- министрліктердің, ведомстволардың, өкілетті және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, бақылаушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын және өзге де нормативтік актілерді дәл және бірыңғай қолданылуын, сондай-ақ олар шығаратын нормативтік құқықтық актілердің заңнамаға сәйкестігін қадағалау;

- Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау;

- жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың заңды қолданылуын қадағалау;

- анықтау және алдын ала тергеу органдарының заңды қолдануын қадағалау;

- өкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы қолдану кезінде қадағалау;

- атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын, бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарға қатысты заңдардың дұрыс қолданылуын, сот тағайындаған жазаны және мәжбүрлеу сипатында өзге де шараларды орындау кезінде, сондай-ақ азаматтық және өзге істер бойынша сот шешімдерінің орындалуын қадағалау.

Прокурорлық қадағалау салаларынан басқа прокуратура қызметінің басқа да бағыттары бөлінеді:

- қылмыстық, азаматтық немесе өзге де сот ісін жүргізу барасында көрсетілген Заңда белгіленген өкілеттіктерге, сондай-ақ республиканың қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу және өзге де заңнамаларына

сәйкес апелляциялық және қадағалау тәртібімен сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді;

- Конституцияға сәйкес (83-бап) Заңда және қылмыстық-іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен және шектерде қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

- қылмысқа қарсы күрес жөніндегі құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіреді;

- статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатымен мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады;

- норма шығармашылық қызметке қатысады, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарын білдіреді.

Сонымен қатар, жаңа ҚР ҚІЖК-не сәйкес прокурор айыпталушыны сотқа тапсыруды жүзеге асырады.

2. Прокуратура органдарының жүйесі

Қазақстан Республикасының прокуратурасы органдарының біртұтас жүйесін Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және соларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратуралар құрайды.

ҚР Бас прокуратурасы прокурорлық жүйенің жоғары буыны болып табылады және барлық прокуратура органдары мен оның мекемелеріне басшылықты жүзеге асырады. Бас прокуратураны жоғарыда аталған Заңның 12-бабына сәйкес ҚР Бас прокуроры басқарады. Оның ҚР Президенті ҚР Бас прокурорының ұсынуымен қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бірінші орынбасары мен орынбасарлары болады. Бас прокуратурада құрамында оның төрағасы болып табылатын ҚР Бас прокуроры және мүшелері: ҚР Бас прокуроры тағайындайтын бірінші орынбасары және орынбасарлары (лауазым бойынша), басқа да прокурор қызметкерлер болатын Алқа құрылады.

ҚР Бас прокуратурасының құрылымын аға көмекшілер болып табылатын бастықтар басқаратын департаменттер, басқармалар мен бөлімдер құрайды. ҚР Бас прокурорының ерекше тапсырмалар жөніндегі кеңесшілері мен көмекшілері болады. ҚР Бас прокуроры орынбасарларының да ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілері болады.

Департаменттерде, басқармаларда және бөлімдерде аға прокурорлар және прокурорлар лауазымы көзделген.

Бөлімшелердің әрқайсысы заңмен белгіленген прокурорлық қадағалаудың бағыттарын ескере отырып, прокурорлық жүйенің функцияларынан туындайтын міндеттерді шешеді және орындайды.

Бас басқарма құқығында ҚР Бас прокуратурасының құрылымына бір мезгілде ҚР Бас прокурорының орынбасары болып табылатын Бас әскери прокурор басқаратын Бас әскери прокуратура кіреді.

Департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің бастықтарын және олардың орынбасарларын, сондай-ақ аға көмекшілер, көмекшілер, ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілерді, департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорлары мен прокурорларын республика Бас прокуроры қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Жоғарыда аталған Заңның 12-бабының 5-тармағына сәйкес «Бас прокуратура:

1) Республика прокуратура органдарының іс-қимылдарын олардың қызметінің негізгі бағыттары бойынша үйлестірілуі мен орайластырылуын қамтамасыз етеді;

2) Республикада заңдардың орындалуын, заңдылықтың жай-күйін қадағалау практикасына талдау жасайды;

3) прокурорлық қадағалауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

4) Республика прокуратура органдарының заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі жұмысын бақылайды;

5) заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуде жедел-іздігі қызметін, анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және олардың қызметін үйлестіріп отырады;

6) кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және жүргізеді;

7) норма шығармашылық қызметіне қатысады;

8) халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының атынан өкілдік етеді».

3. Бас прокурор

Бас прокурор прокуратура органдары мен мекемелерінің барлық жүйесін басқарады және Бас прокуратураға тікелей басшылық жасайды.

Бас прокурор прокуратура органдарының қызметіне басшылық етеді және олардың жұмысын бақылауды жүзеге асырады. Ол прокуратура органдары мен мекемелерінің барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті, прокуратура жүйесінің қызметін ұйымдастыру мәселелерін және аталған қызметкерлерді материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету шараларын іске асыру тәртібін реттейтін бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар шығарады. Бөлінген штат саны және еңбек ақы төлеу қорының шегінде Бас прокурор қарауындағы прокуратура мен прокуратура мекемелерінің штаттарын және құрылымын белгілейді.

Бас прокурор департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің бастықтарын және олардың орынбасарларын, кеңесшілерді, Бас прокурордың және оның орынбасарларының ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілерін, басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорларын және прокурорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Прокуратура жүйесіндегі барлық буындардың прокурорларын да Бас прокурор тағайындайды.

Бас прокурор көрсетілген Заңмен прокуратура органдарына жүктелген міндеттердің орындалуына жауапкершілік көтереді. Жыл сайын президентке еліміздегі заңдылықтың және құқық тәртібінің жай-күйі туралы, оларды нығайту бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндама ұсынады.

Бас прокурор болмағанда немесе өз міндеттерін орындау орындауы мүмкін болмаған жағдайда оларды оның бірінші орынбасары орындайды. Егер соңғысы да болмағанда немесе қандай да бір мән-жайларға байланысты (сырқаты және т.б.) Бас прокурордың міндеттерін орындай алмаса, оларды орындау оның орынбасарларының біріне жүктеледі.

Бас прокурордың орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөлуді Бас прокурор жүргізеді. Ол сондай-ақ кеңес органы болып табылатын алқа жұмысына да басшылық етеді. Алқа отырыстарында прокуратура қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұмыстың жай-күйіне талдау жасайды, кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу, бұйрықтардың жобаларының, нұсқаулардың және басқа да маңызды нормативтік актілердің орындалуын тексеру мәселелерін талқылайды, Бас әскери прокурордың, бас басқармалардың, Бас прокуратураның басқама және бөлім бастықтарының, облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың есептерін, бағынысты прокуратуралардың жұмысын тексеру нәтижелерін тындайды. Алқа шешімінің негізінде Бас прокурор бұйрық шығарады.

Аумақтық прокуратуралар аумақтық құрылым мен аумақтық бөлуге сәйкес құрылады. Әр облыста негізінен облыстың атауына сай келетін атауы бар прокуратура болады. Сонымен қатар, облыстық прокуратуралар құқығында Астана қаласының прокуратурасы және Алматы қаласының прокуратурасы, мамандандырылған прокуратуралар жұмыс істейді.

Облыс прокуратураларын және оларға теңестірілген прокуратураларды президенттің келісім бойынша Бас прокурор тағайындайтын прокурор басқарады. Облыс прокурорларының Бас прокурор тағайындайтын бірінші орынбасарлары және орынбасарлары болады.

Облыс прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар өз құрылымына өз деңгейлеріндегі (яғни республикалық, облыстық және т.б.) органдардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды адамдардың заңдарды орындауын қадағалауды жүзеге асыратын басқармалар мен бөлімдерді және қалалардың, аудандардың және өзге де әкімшілік-аумақтық бөлімдердің прокуратураларының қызметін бақылауды қамтиды.

Облыс прокуратураларында прокурор басқаратын алқа болады. Прокурордың орынбасарлары мен бөлімшелердің бастықтары алқа мүшелері болып табылады.

Облыс прокуроры. Облыс прокурорларын және оларға теңестірілген прокурорларды Бас прокурор қызметке тағайындайды.

Облыс прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар Бас прокурорға есеп береді және оны қызметтен босатады. Олар қалалық және аудандық прокуратуралардың және оларға теңестірілген прокуратуралардың қызметіне аумақта қолданылатын заңдардың және Бас прокурордың нормативтік актілерінің негізінде басшылық етеді, барлық бағынысты

қызметкерлердің орындауы үшін міндетті бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер шығарады, өз аппаратының және қарамағындағы прокуратуралардың штат кестелеріне Бас прокурор белгілеген штат саны мен ақы төлеу қорының шегінде өзгерістер енгізе алады.

Облыстық және оларға теңестірілген прокуратуралардың алқалары өз отырыстарында прокурорлық органдардың қызметіндегі аса маңызды мәселелерді, Бас прокурордың қылмысқа қарсы күрес жөніндегі заңдардың орындалуын қадағалауды жүзеге асыру бойынша бұйрықтары мен нұсқауларының орындалуын қарайды, басқарма және бөлім бастықтарының, төмен тұрған прокурорлардың есептерін тыңдайды, кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу мәселелерін, бұйрық жобаларын талқылайды.

Аумақтық прокуратуралардың төменгі буыны қалалардағы және аудандардағы прокуратуралар болып табылады. Бірқатар өңірлерде заң құзыры екі районға немесе ауданға және облыстық бағыныстағы қалаға қолданылатын ауданаралық прокуратуралар жұмыс істейді.

Барлық аумақтық прокурорларды облыс прокурорларының ұсынуы бойынша Бас прокурор бес жыл мерзімге сайлайды.

Жұмыс көлемі үлкен аудандардың және қалалардың прокуратураларының прокурорларында орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері болады.

Аудан (қала) прокуроры. Қалалар мен аудандардың, прокуратураларын, оларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратураларды тиісті прокурорлар басқарады. Оларды Бас прокурор қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, жоғары тұрған прокурор мен Бас прокурорға бағынады және есеп береді. Олардың міндеттеріне бағыныстағы көмекшілердің, тергеушілердің жұмысына басшылық жасау, оның барлық бағыттар бойынша қадағалауды жүзеге асыру және соттардың қылмыстық және азаматтық істерін қарауға қатысу кіреді. Аудандық бөлінісі бар қалалардың прокурорлары аудандық және оларға теңестірілген прокуратуралардың қызметіне басшылық етеді, жоғары тұрған прокурорларға өз аппараттарының және бағанысты прокуратуралардың штат санын өзгерту туралы, кадрлық өзгерістер туралы ұсыныс енгізеді.

Өкілеттік мерзім ішінде кез келген деңгейдегі прокурор өз еркімен: отставкаға шығуына байланысты; басқа жұмысқа ауысуына байланысты; денсаулық жағдайы бойынша міндеттерін орындай алмауына байланысты; аттестация нәтижелері бойынша; соттың заңды күшімен енген үкімімен белгіленген қылмыс жасаған жағдайда; еңбек туралы заңнамада көзделген басқа негіздер бойынша атқарып отырған қызметінен босатылуы мүмкін.

Мамандандырылған прокуратураларға әскери, әскери бөлімдердегі, көлік (темір жол, су, әуе), табиғат қорғау және Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде (колонияларда және түрмелерде) заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі прокуратуралар жатады.

Әскери, көлік және табиғат қорғау прокуратуралары аудандарға теңестірілген прокуратураларға және облыстарға теңестірілген

прокуратураларға бөлінеді. Мамандандырылған прокуратуралардың төменгі буыны тиісті жоғары тұрған прокуратуралардың қарамағына кіреді. Прокуратура органдарының жүйесінде облыстық прокуратуралардың құқығында Алматы, Целинная және Батыс Қазақстан көлік прокуратуралары жұмыс істейді.

Әскери прокуратура құрылымын Бас әскери прокуратура, әскери округтердің прокуратуралары, гарнизондардың, бірлестіктер мен құрамалардың, әскерлердің прокуратуралары, қалалар мен аудандарға тенеістірілген прокуратуралар құрайды.

Әскери прокуратура органдарын Бас прокурордың орынбасары – Бас әскери прокурор басқарады. Оны Бас прокурордың ұсынуы бойынша Президент қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Басқа барлық әскери прокурорларды Бас прокурор бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды. Оларды қызметінен тек Бас прокурор босата алады.

Үйлестірудің мәні ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін түрлі органдардың өзара келісімінен, қызметті реттеуден тұрады. Құқық қорғау органдары – прокуратура, ішкі істер органдары, ҰҚК, кеден органдары, салық полициясы органдары және басқалары қылмысқа қарсы күрес саласындағы ортақ мақсаттары және міндеттері бола тұрып, өз қызметін бір-біріне қарамастан, олардың әрқайсысы үшін құзыретіндегі белгіленген шектерде өздерінің өзгешелік нысандары мен әдістері бойынша жүзеге асырады. Қылмыстық көріністерге тиісті тосқауыл қою үшін құқық қорғау жүйесіндегі барлық органдардың күш-жігерін біріктіруді, іс-әрекеттерін орайластыруды талап етеді, осы арқылы үйлестіру қызметін жүзеге асыруға қол жеткізіледі.

«Прокуратура туралы» Заңға сәйкес (12-бап) Бас прокурор мен оған бағынысты прокурорларға қылмысқа қарсы күрес бойынша құқық қорғау органдарының іс-әрекетін үйлестіру, яғни басқа да құқық қорғау органдарымен қылмыстарды анықтау, ашу, тергеу, еңсеру және алдын алу бойынша, оларды шешуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға шаралар қабылдау бойынша бірлескен келісілген шараларды әзірлеу және оны іске асыруды ұйымдастырушы ролі берілген.

«Үйлестіру» терминімен басқа, анағұрлым кең ұғым «өзара іс-қимыл» тығыз байланысты, үйлестіру қызметімен қатар жиі қолданылады, бірақ өз мағынасы бойынша басқа амал-тәсілді қамтиды. Нақтығында кез келген бірлескен іс-әрекет оның қатысушыларының өзара іс-қимылы негізінде құрылады, кез келген өзара іс-қимыл бергіленген талаптар мен қағидаттарға сәйкес қатаң реттелген, келісілген және регламенттелген сипатқа ие емес. Оның қатысушыларының өзара іс-қимылы кезінде (үйлестіруден айырмашылығы), әдетте, бірлескен шараларды әзірлеу және қолдану бойынша, күштер мен құралдарды бөлу бойынша, ұсынылатын іс-шаралардың орындалуына сұраныстарды анықтау бойынша қандай да бір міндеттер болмайды, ең бастысы - өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөнінде өкілеттігі бар арнайы қатысушы бөлінбейді.

Осы мағынасында прокуратура органдары мен басқа да құқық қорғау органдарының қылмысқа қарсы күрес саласындағы соттармен және әділет органдарымен өзара іс-қимылы түсінікті болады.

Құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру прокуратура туралы Заңда, ҚІЖК-нің нормаларында және басқа да нормативтік құқықтық актілерде бекітілген белгілі қағидаттарға сәйкес, негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Кадрларды іріктеу және орналастыру. «Прокуратура туралы»

ҚР Заңында, Бас прокурордың бұйрықтарында және басқа да нормативтік құқықтық актілерде прокурор (прокурордың көмекшісі) қызметіне тағайындалатын адамдарға қатысты кәсіптік те, адамгершілік-этикалық сипаттағы талаптар қамтылады. Көрсетілген Заңның 48-бабына сәйкес:

«1... Прокурорлар мыналар болып табылады: Республиканың Бас Прокуроры, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілері, прокуратура органдары департаменттерінің, басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары және олардың орынбасарлары, барлық төмен тұрған прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, қадағалау саласындағы прокурорлар, прокуратура органдарының аға прокурорлары және басқармалары мен бөлімдерінің прокурорлары, сондай-ақ әскери, уәкілетті және арнаулы прокурорлар.

2. Прокуратура органдарының қызметкерлері мыналар: прокурорлар қызметіне аттестациядан өткен адамдар және тікелей ғылыми-зерттеу немесе оқытушылық жұмыс жүргізетін прокуратура ғылыми және білім беру мекемелерінің аттестациядан өткен қызметкерлері.

3. Әскери, табиғат қорғау, көлік, сондай-ақ арнайы объектілердің прокуратуралары мамандандырылған прокуратуралар болып ұғынылады.

4. Прокуратура органдарына қызметке алу мемлекеттік қызметшілер кадрлары туралы республикалық деректер орталығына алдын-ала сұрау салынған және азаматтар міндетті арнаулы тексеруден өткен жағдайда жүзеге асырылады.

5. Бұрын сотталған және қылмыстық жауапкершіліктен ақталмаған негіздер бойынша босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге де құқық қорғау органдарынан, соттар мен әділет органдарынан жағымсыз қылықтары бойынша босатылған адамдар прокуратура органдарына қызметке қабылдануға тиіс емес.

6. Прокуратура органдары қызметкерлерінің лауазымына денсаулық жағдайына қарай прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамды, әдетте, жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қабылдана алады. Оларды қызметке тағайындағанда сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін.

7. Прокурорлар болып жоғары заң білімі бар, қажетті іскерлік және моральдық қасиеттерге ие, денсаулық жағдайына қарай прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамды азаматтар тағайындала алады. Әскери прокурорлар сонымен бірге әскери қызметшілер болуы керек, оларға әскери қызмет және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің

мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңдары толық көлемде қолданылады.

8. Облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар лауазымына, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген прокурорлар лауазымына 25 жасқа толған, прокуратура органдарында кемінде үш жылдық жұмыс стажы бар адамдар тағайындалады.

9. Прокуратура органдарының қызметкерлері үш жылда бір рет аттестациядан өткізіледі. Аттестация тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры белгілейді.

10. Прокуратура органдарына қызметке тұңғыш рет тағайындалған адам ант береді, оның мәтінін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді».

4. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы. – Алматы, 2001.
2. «Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы ҚР Заңы
3. *Фокин В.М.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.:Былина, 2000.
4. *Авторлар ұжымы.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Юридическая литература, 1998.
5. *Беленков Р.А.* Правоохранительные органы (лекция конспектілері). – М.: Приор, 2000.
6. *Гуценко К.Ф., Ковалев В.* Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 2000.
7. Уголовный процесс: оқулық / К.Ф.Гуценконың редакциялығымен. – М.: Зерцало, 2000.
8. ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1992 жылғы 6 шілдедегі қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында қызмет өткеру, прокуратура қызметкерлерінің сыныптық шендері мен әскери атақтары туралы ереже.
9. *Нарикбаев М. С., Юрченко Р.Н., Алиев М.М.* Актуальные вопросы применения нового уголовного и уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан. – Астана, 1998.
10. *Нарикбаев М.С.* Дорога к правосудию. – Алматы, 1997.
11. Прокурорский надзор: Курс лекций и практикум / Ю.Е.Винокуровтың редакциялығымен. – М.: Экзамен, 2000.
12. Шакпарова Р.Н. Органы прокуратуры Республики Казахстан. – Алматы, 1999.
13. *Басков В.И.* Курс прокурского надзора. – М.: Зерацало, 1999.
14. Прокурорский надзор / И.В.Басковтың редакциялығымен, - М., 1998.
15. Правоохрнительные органы РФ / В.П.Божьевтің редакциялығымен. – М., 1998.
16. Сборник нормативных правовых актов о Прокуратуре Республики Казахстан / Құрастырушы И.Ж.Бақтыбаев. – Алматы, 1997.
17. Прокуратура Казахстана в условиях независимости. – Алматы, 2001.

12-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ ЖӘНЕ АНЫҚТАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

1. Алдын ала тергеуді, анықтауды және жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдар ұғымы және жалпы сипаттамасы

1. *Қылмыстарды анықтау және тергеу* – бұл арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың қылмыс белгілері болуы мүмкін әрекеттер немесе әрекетсіздіктер туралы мәліметтер алу, қылмыс оқиғасы мен құрамын анықтау, оны жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеу, қылмыспен келтірілген залалды өндіру жөнінде шаралар қабылдау, қылмыс жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау бойынша қызметі¹⁶.

Қылмыстарды анықтау және жолын кесу жедел-ізвестіру шаралары, анықтау, алдын ала тергеу жүргізу, өзге қызмет барысында жүзеге асырылады.

2. *Жедел-ізвестіру қызметі* – жеке адамның өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, меншікті қорғау, ұйымдардың қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қылмыстық қол сұғуынан қамтамасыз ету мақсатында жедел-ізвестіру шараларын өткізу арқылы мемлекеттік органдардың жедел бөлімшелерінің жария не жасырын жүзеге асырылатын қызметі.

Анықтау, алдын ала тергеу және ЖІҚ міндеттері қылмыс жасаудың мән-жайларын анықтау және кінәлі адамдарды әшкерелеу, яғни сотта қылмыстық істерді кейіннен қарау үшін дәлелдемелерді жинау болып табылады. Аталған органдардың алдында ҚР Қылмыстық кодексінің 2-бабына сәйкес адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен мүдделері, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, конституциялық құрылысты және аумақтық тұтастықты, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, адамзат әлемі мен оның қауіпсіздігін күзету, сондай-ақ қылмыстардың жолын кесу міндеттері тұр. Аталған қызмет түрлері өзара оларды жүзеге асыратын органдар арқылы, іс жүргізу мерзімдерімен, іс жүргізу өкілеттіктерін іріктеумен ажыратылады.

3. *Қылмыстарды тергеу* тек екі нысанда: анықтау немесе алдын ала тергеу және ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің нормаларына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады. *Алдын ала тергеу органдары* ҚР ҚІЖК-нің 192-

¹⁶ Беленков Р.А. Правоохранительные органы. – М.: ПРИОР, 2000. – 92-бет.

бабында ҚР ІІМ, ҰҚК, қаржы полициясы жүйесіндегі тергеу органдары және олардың бөлімшелері (басқармалары, бөлімдері, бөлімшелері) деп емес, тергеушілер деп аталады.

Тергеушілерді алдын ала тергеу органдары деп атау олар қылмыстық істер бойынша тергеуді жеке жүзеге асыратындығымен түсіндіріледі.

Алдын ала тергеу - қылмыстық-іс жүргізу заңнамасымен регламенттелген қылмыстарды ашу, оларды жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту, қылмыспен келтірілген материалдық залалды қамтамасыз ету мақсаттарында дәлелдемелерді жинау, тексеру және бағалау бойынша органдарға (тергеушілерге) уәкілеттік берілген қызметі.

Алдын ала тергеу органдарының міндеттері қылмыстарды тез және толық шешу, кінәлілерді әшкерелеу, әрбір жасалған қылмыс әділ жазалануы үшін және бірде бір кінәсі жоқтар қылмыстық жауапкершілікке тартылмас және сотталмас үшін заңның дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға ықпал ету болып табылады.

ҚІЖК-нің 64-бабына сәйкес *«тергеуші - өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды адам ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полициясы органдарының тергеушісі»*.

ҚІЖК-нің 67-бабына сәйкес *«анықтаушы - өз құзыретінің шегінде қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік лауазымды адам»*.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінде тергеуші мен анықтаушыға сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыру бойынша өкілеттіктер берілген. Сонымен бірге олардың іс жүргізу дербестіктерінде белгілі бір айырмашылықтар бар:

1) анықтаушыға прокурордың нұсқауларымен келіспеу құқығы берілмеген, ол оларды ешбір қайталаусыз орындауға міндетті;

2) анықтау органының құзыреті алдын ала тергеу ісін жүргізудің міндеттілігіне немесе міндетті еместігіне байланысты ажыратылады, соған сәйкес анықтаушының құзыреті де ажыратылады;

3) тергеуші прокурордың қадағалауында және оның басшылық етуімен тергеуді жүзеге асырады, ал анықтауды жүзеге асыратын адам да прокурордың қадағалауында, анықтау бастығына тікелей бағынады;

4) анықтау органдары қылмыстарды тергеу барысында тергеушінің талаптарын орындауға міндетті, анықтаушының тергеушіге тапсырма беруге құқығы жоқ;

5) тергеу мен анықтау қызметкерлерінен тұратын тергеу-жедел тобында ұйымдастыру және іс жүргізуге басшылық тергеушіге тиесілі¹⁷.

2. Алдын ала тергеу органдары

ҚР ҚІЖК-нің 192-бабында соттылық белгіленген:

¹⁷

Толубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. – Алматы, 1998. – 272-бет.

«1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 156-163, 165-174, 233, 233-1, 233-2, 236, 238-240, 243, 244, 247-249-баптарында, 255-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде жаппай қырып-жоятын қаруды, сол сияқты жаппай қырып-жоятын қару жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін материалдарды немесе жабдықтарды ұрлауға не қорқытып алуға қатысты), 306-бабында, 318-бабында, 330-бабында (екінші бөлігінде), 331-бабында (екінші бөлігінде), 367-бабында (үшінші және бесінші бөліктерінде), 368-бабында (үшінші бөлігінде), 369-бабында (үшінші бөлігінде), 372-бабында (бесінші және алтыншы бөліктерінде), 373-бабында (үшінші бөлігінде), 374-бабында (үшінші бөлігінде), 375, 376-баптарында, 380-бабында (үшінші бөлігінде), 381-бабында (үшінші бөлігінде), 382-бабында (екінші бөлігінде), 383-386-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша, алдын-ала тергеуді Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тергеушілері жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 96-103-баптарында, 107-бабында (екінші бөлігінде), 113, 114-баптарында, 116-бабында (үшінші және төртінші бөліктерінде), 117-бабында (үшінші және төртінші бөліктерінде), 120-122, 125-баптарында, 126-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 127-бабында, 128-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 131-бабында, 132-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 133, 138-баптарында, 141-бабында (екінші бөлігінде), 142, 143, 145 (екінші және үшінші бөліктерінде) баптарында, 145-бабында (екінші бөлігінде), 146-155-баптарында, 175-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 178-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 179,181-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 183-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 184-бабында, 185-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 186-бабында (үшінші бөлігінде), 187-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 188-бабында (екінші бөлігінде), 228, 229, 230-баптарында (екінші бөлігінде), 231, 232, 234, 237, 241, 242, 245, 246-баптарында, 251-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 252-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 254-бабында (екінші бөлігінде),255-бабында (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 256-бабында (екінші бөлігінде), 257-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 259-бабында (екінші бөлігінде), 260-бабында, 261-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 262-бабында (екінші бөлігінде), 263-бабында (үшінші және төртінші бөліктерінде), 264-бабында (екінші бөлігінде), 266-бабында (екінші бөлігінде), 267-269-баптарында, 271-бабында (екінші бөлігінде), 275-бабында (екінші бөлігінде), 277-286-баптарында, 287-бабында (екінші бөлігінде), 288-бабында (екінші бөлігінде), 289-бабында, 292-бабында (екінші бөлігінде), 294-бабында, 295-бабында, 296-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 298-бабында (үшінші және төртінші бөліктерінде), 299-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 300-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 301-бабында, 302-бабында (екінші бөлігінде), 303-305-баптарында, 307-бабында (бірінші бөлігінде), 308-бабында (бірінші бөлігінде), 309, 310, 311 (бірінші және екінші бөліктерінде), 312-316, 319-322-баптарында, 327-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 335-338, 340, 344-346, 348, 349, 350-баптарында, 358-бабында (екінші бөлігінде), 361-бабында, 367-бабында (төртінші бөлігінде),

368-бабында (екінші бөлігінде), 369-бабында (екінші бөлігінде), 370-бабында (үшінші бөлігінде), 373-бабында (екінші бөлігінде), 374-бабында (екінші бөлігінде), 377-бабында (екінші бөлігінде), 382-бабында (бірінші бөлігінде), 390-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 391-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 392, 393-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша, алдын ала тергеуді ішкі істер органдарының тергеушілері жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 176-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 213, 218-баптарында, 223-бабында (екінші бөлігінде) көзделген қылмыстар туралы істер бойынша алдын-ала тергеуді, егер олардың тергеуі ішкі істер органдары тергеушілерінің тергеу жүргізуіне жатқызылған қылмыстарды тергеумен тікелей байланысты болса және қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөліп шығаруға болмайтын болса, ішкі істер органдарының тергеушілері де жүргізе алады.

3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабында (екінші бөлігінде), 191-205, 207-баптарында, 221-бабында (екінші бөлігінде), 222-бабында (екінші бөлігінде), 223-бабында (екінші бөлігінде), 225-бабында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді салық полициясының тергеушілері жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 183-бабында (екінші және үшінші бөлігінде), 184, 228, 229, 231, 232, 307-310-баптарында, 311-бабында, 312-316-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша, егер олардың тергеуі қаржы полициясы органдарының тергеушілері тергейтін қылмыстарды тергеуге тікелей байланысты болса және қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөлу мүмкін болмаса, алдын ала тергеуді салық полициясы органдарының тергеушілері жүргізуі мүмкін.

4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 176-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 177-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 180-бабында, 182-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 189, 206-баптарында, 209-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 224, 226, 227-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын-ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органы немесе қаржы полициясы жүргізеді.

5. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 235-бабында, 339-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 341, 343, 347, 351, 352-357, 363, 364, 365-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғауға байланысты қылмыс қай органның тергеуіне жатса, сол орган жүргізеді.

6. Белгілі бір істің өз тергеуіне жатпайтынын анықтағанда тергеуші кейінге қалдыруға болмайтын тергеу іс-әрекетін жүргізуге, содан кейін істі тергелу реті бойынша жіберуі үшін прокурорға тапсыруға міндетті.

7. Бір немесе бірнеше адамды әртүрлі алдын ала тергеу органдарының тергеуіне жататын қылмыстар жасағаны үшін айыптау бойынша істерді бір іс жүргізуге біріктірген кезде тергеу ретін прокурор белгілейді».

Алдын ала тергеу - қылмыстық-іс жүргізу заңнамасымен регламенттелген қылмыстарды ашу, оларды жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершілікке

тарту, қылмыспен келтірілген материалдық залалды қамтамасыз ету мақсаттарында дәлелдемелерді жинау, тексеру және бағалау бойынша органдарға (тергеушілерге) уәкілеттік берілген қызметі.

Алдын ала тергеу белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Ол қылмыстық іс қозғалып, оны іс жүргізуге қабылдағаннан кейін басталады, айыптау қорытындысын жасап, айыптау қорытындысын бекіту және соттылығы бойынша сотқа жіберу үшін істі прокурорға жіберілгенде не жаза тағайындауды немесе оны орындауды және сол мақсаттарда істі прокурорға жіберуді қиындататын, есі кіресілі-шығасылы жағдайда қылмыс жасаған немесе психикалық аурумен ауырған адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы қаулы жасалғанда не іс тоқтатылғанда аяқталады.

Алдын ала тергеу деп оның процесінде жасалған кінәсі туралы, дәлелденгені туралы қорытындылар түпкілікті болып табылмайтындықтан аталады. Қылмыстық іс келіп түсетін сот процесін жүргізу кезінде алдын ала тергеу органдары жинаған материалдарды негізге алса да, дәлелдемелерге өзінің жеке зерттеуін жүзеге асырады: сотталушының, жәбірленушінің, куәлардың айғақтарын тыңдайды, сарапшылардың қорытындысын зерделейді, заттай дәлелдемелерді қарайды және т.б. Соттың сотталушының кінәсі туралы қылмыстың мән-жайлары дәлелденгені туралы қорытындылары алдын ала тергеу органдарының қорытындыларымен сәйкес келмеуі және қарама-қарсы болуы мүмкін. Адамды айыпталушы ретінде тартуға қарамастан, тергеушілер оны кінәлі деп есептейді, «кінәсіздік презумпциясы» туралы конституциялық қағидатқа сәйкес мемлекет соттың заңды күшіне енген айыптау үкімінен кейін ғана кінәлі деп таниды.

Алдын ала тергеу объективтік қажеттілік болып табылады. Алдын ала тергеу органдарының өздерінің тармақтануына, қылмыс жасалған жерге жақындығына, жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдармен тығыз байланыста болуына орай әрбір қылмыс оқиғаларына тез арада ден қою, қысқа мерзімде қажетті дәлелдемелерді жинау мүмкіндігі бар. Істі қарайтын соттардың тергеуші ұсынған айыптың шеңберінен шығуға, айып көлемін кеңейтуге, аса ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға құқығы жоқ.

Алдын ала тергеу органдарының міндеттері заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға ықпал ету, қылмыстарды тез және толық шешу, кінәлілерді әшкерелеу, әрбір жасалған қылмыс әділ жазалануы үшін және бірде бір кінәсі жоқтар қылмыстық жауапкершілікке тартылмас және сотталмас үшін заңның дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Олар жүзеге асыратын жалғыз функция болып табылатын қылмыстарды тергеу үшін арнайы тағайындалатын, тиісті ведомстволардың лауазымды адамдары *тергеушілер* болып табылады. Ол үшін оларға Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген өкілеттіктер берілген.

Ең алдымен тергеуші қылмыстарды тергеу кезінде толық дербес болып табылады. Оның өзі дәлелдемелерді жинауды жүзеге асырады, айыпталаушы ретінде адамды тарту, айыпталушыға жолын кесу шарасын қолдану туралы, алдын ала тергеу аяқталғаны туралы шешім қабылдайды. Заңда көзделген

жағдайларда ғана (күдіктіні, айыпталушыны қамауға алғанда, тінту жүргізілгенде және басқалары) ол прокурордың санкциясын алуға тиіс. Тергеуші тергеу әрекеттерінің заңды әрі уақытында жүргізілуіне толық жауапкершілік көтереді.

Прокурор тергеушінің заңдарды дәл орындауын қадағалауды жүзеге асырады, олар қабылдаған шешімдердің күшін жоя алады, орындау үшін міндетті нұсқаулар бере алады. Алайда тергеуші маңызды тергеу мәселелері бойынша нұсқаулармен келіспесе (айыптаушы ретінде жауапқа тарту туралы, айыптаудың көлемі туралы, қылмыстың құрамы туралы, айыпталушыны сотқа беру үшін істі жіберу туралы немесе істі тоқтату туралы), прокурордың нұсқауларын орындамауға құқығы бар, төмен тұрған прокурордың нұсқауларының күшін жоятын, не істі басқа тергеушіге беретін жоғары тұрған прокурорға өзінің қарсылықтарымен істі ұсынуға тиіс.

Тергеуші анықтау органдарына тергеу және іздестіру әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге, анықтау органдарынан тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде (мысалы тінту) жәрдемдесуін талап етуге құқылы. Мұндай тапсырмалар мен нұсқаулар, сондай-ақ тергеушінің оның іс жүргізуіндегі істер бойынша қаулылары барлық азаматтар, мекемелер мен лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті.

Тергеуші объективті тергеуді жүзеге асыруға, айыпталушыны әшкерелейтін де, ақтайтын да мән-жайларды анықтауға, материалдық залалды өндіруді қамтамасыз етуге, қылмыс жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға шаралар қабылдауға міндетті. Осыған байланысты ол міндетті қарауға жататын ұсынымдар енгізуге құқылы.

Ішкі істер органдарының тергеушілері алдын ала тергеу жүргізілуі міндетті көптеген қылмыстық істерді тергеуді жүзеге асырады. Оларға ауыр және ауырлығы төмен дене жарақаттары, ұрлық, тонау, қарақшылық, алаяқтық және басқалары сияқты қылмыстар туралы істер жатады.

Тергеушінің құқықтық жағдайы. ҚР ҚІЖК-нің 64-бабына сәйкес «1. Тергеуші - өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды адам: ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полициясы органдарының тергеушісі.

2. Тергеуші қылмыстық іс қозғауға, ол бойынша алдын ала тергеу жүргізуге және осы Кодексте көзделген барлық тергеу қызметін орындауға құқылы.

3. Тергеуші істің жағдайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге барлық шараларды қолдануға, оның қылмыс жасағандығын көрсететін жеткілікті дәлелдер жиналған адамдарға қатысты айыпталушы ретінде тарту, айып тағу, осы Кодекске сәйкес оған жолын кесу шарасын таңдап алу, айыптау қорытындысын жасау жолымен қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыруға міндетті.

4. Тергеуші алдын ала тергелуі міндетті істер бойынша анықтау органдарының осы Кодекстің 200-бабында көзделген кезек күттірмейтін тергеу

әрекеттерін орындауын күтпей-ақ істі кез келген сәтте іс жүргізуге қабылдауға және оны тергеуге кірісуге құқылы.

5. Тергеуші, заңда прокурордың санкциясын немесе соттың шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеудің бағыты мен тергеу іс-әрекеттерін жүргізу туралы барлық шешімді дербес қабылдайды және олардың заңды және уақтылы атқарылуы үшін толық жауапты болады. Тергеушінің қызметіне заңсыз араласу қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады.

6. Тергеуші тергеудегі іс бойынша прокурордың нұсқауларымен келіспеген жағдайда ол жөнінде жоғары тұрған прокурорға шағымдануға құқылы.

7. Тергеуші өз тергеуіндегі істер бойынша анықтау органдарының тергеліп жатқан іске қатысты жедел іздестіру материалдарымен танысуға, осы Кодексте белгіленген тәртіппен осы іске қосу үшін оларды сұратып алуға, анықтау органдарына жазбаша, атқару үшін міндетті іздестіру және тергеу іс-әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге және олардан тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесуді талап етуге құқығы бар».

Жоғарыда аталған Кодекстен *бірқатар маңызды ережелерді* атауға болады:

тергеуші іс жүргізуде тәуелсіз;

ол тиісті органдарға жедел-іздестіру шарасын жүргізу туралы нұсқау беруге, анықтау органдарынан алдын ала тергеу жүргізу міндетті істі анықтау мерзімі біткенге дейін алып қоюға және өзінің іс жүргізуіне қабылдауға құқылы;

тергеуші алдын ала тергеу жүргізуге байланысты шешімді белгілі бір жағдайларда (қамау, тінту және басқалары) белгілі бір тергеу әрекеттерін жасауға прокурордың санкциясын ала отырып, дербес шешім қабылдайды;

тергеуші алдын ала тергеу жүргізуге қатысты прокурордың нұсқауларын орындайды, алайда егер нұсқау нақты адамды айыптаушы ретінде тартуға, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға немесе заңда белгіленген басқа да кейбір мәселелерге қатысты болса, тергеуші жоғары тұрған прокурорға жазбаша түрде прокурордың нұсқауларына өз қарсылықтарымен беруге құқылы.

Тергеушілердің жұмысын үйлестіру үшін тиісті органдарда тергеу аппараттары құрылады.

Тергеуші лауазымына үміткерлерге қойылатын талаптар:

ҚР азаматтығы;

жоғары заң немесе арнайы білімі;

тиісті кәсіптік және адамгершілік қасиеттер;

денсаулық жағдайы бойынша тергеушінің міндеттерін орындай білу қабілеті.

Тергеушілердің тиісті лауазымдық атаулары, арнаулы атақтары (ішкі істер органдары мен қаржы полициясы органдары), әскери атақтары (ұлттық қауіпсіздік органдары) болады.

3. Анықтау органдары жүйесі, олардың міндеттері мен құзыреті

Қылмыстық іс жүргізу заңымен олардың құзыретіне жатқызылған істер бойынша қылмыстарды алдын ала тергеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мекемелер, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар *анықтау органдары* болып табылады. Анықтау органдарының алдын ала тергеу органдарынан басты айырмашылығы тергеуші үшін қылмыстарды тергеу жалғыз функция болып табылса, ал анықтау органдары үшін жалғыз ғана емес, негізгі емес (полицияны қоспағанда) болып табылады. Алдын ала тергеу ісін жүргізу олар үшін алдында тұрған негізгі міндеттерді шешу үшін қажетті қосалқы функция болып табылады. Анықтау органдары көбінесе олардың әкімшілік қызмет саласында туындайтын қылмыстық істерге тергеу жүргізеді. Анықтау органдары тек қана лауазымды адамдар – түзеу мекемелерінің бастықтары, әскери бөлімдердің командирлері ғана емес, тұтастай органдар – полиция, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары анықтау органдары болып табылады.

Анықтау ісін жүргізуге уәкілеттік берілген органдар мен лауазымды адамдардың тізбесі, олардың өкілеттіктері Қылмыстық іс жүргізу кодексінде және түрлі арнайы Заңдарда: «Қазақстан Республикасындағы ішкі істер органдары туралы», «Қазақстан Республикасындағы ұлттық қауіпсіздік органдары туралы», «Қазақстан Республикасынағы кеден ісі туралы» және басқаларында белгіленген. Сол немесе өзге органдарда анықтауды ұйымдастыру ведомстволық нормативтік актілерде айқындалады.

Анықтау органдарының міндеттері алдын ала тергеу органдары сияқты қылмыстарды тез және толық шешу, кінәлілерді әшкерелеу, әрбір жасалған қылмыс әділ жазалануы үшін және бірде бір кінәсі жоқтар қылмыстық жауапкершілікке тартылмас және сотталмас үшін заңның дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету болып табылады.

ҚР ҚІЖК-нің 65-бабы анықтау органдарын мынадай түрде сипаттайды:

«1. Қылмыстың сипатына қарай анықтау органдарына:

1) заңмен белгіленген құзыретіне сәйкес қылмыстың белгілері мен оларды жасаған адамдарды табу, қылмыстардың алдын алу және жолын кесу мақсатында қажетті қылмыстық іс жүргізу және жедел іздестіру шараларын қолдану;

2) алдын ала тергеу жүргізу міндетті істер бойынша осы Кодекстің 200-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық-іс жүргізу және жедел іздестіру әрекеттерін орындау;

3) осы Кодекстің 37-тарауында көзделген тәртіппен алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау;

4) осы Кодекстің 288-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда алдын ала тергеу жүргізу жүктеледі».

ҚР ҚІЖК-нің 65-бабында былай делінген:

«... 2. Мыналар анықтау органдары болып табылады:

1) ішкі істер органдары;

2) ұлттық қауіпсіздік органдары;

3) қылмыстық жазаларды орындау тәртібімен байланысты қылмыстар туралы істер бойынша - әділет органдары;

4) қаржы полициясы органдары;

5) контрабанда және кеден төлемдерін төлеуден жалтару туралы істер бойынша - кеден органдары;

6) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында шақыру немесе келісім-шарт бойынша әскери қызметін атқарып жүрген әскери қызметшілер; әскери жиындарды өткеру кезінде запастағы азаматтар; әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық қызметкерлері олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты немесе осы бөлімдердің, құрамалардың және мекемелердің орналасқан жерінде жасаған барлық қылмыстары туралы істер бойынша - әскери полиция органдары;

7) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы заңдарды бұзу туралы істер бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континентальдық шельфінде жасалған қылмыстар туралы істер бойынша - шекара бөлімдерінің командирлері;

8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында шақыру немесе келісім-шарт бойынша әскери қызметін атқарып жүрген өздеріне бағынысты әскери қызметшілер, сондай-ақ олар әскери жиындар өткеру кезінде запастағы азаматтар жасаған барлық қылмыстар туралы істер бойынша; әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық қызметкерлері олардың өзінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты немесе осы бөлімдердің, құрамалардың және мекемелердің орналасқан жерінде жасаған қылмыстары туралы істер бойынша - әскери полиция органы болмаған жағдайда әскери бөлімдердің, құрамалардың командирлері, әскери мекемелер мен гарнизондардың бастықтары;

9) өздерінің қызметкерлері болған елдерінде жасаған қылмыстар туралы істер бойынша - Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және өкілетті өкілдіктерінің басшылары;

10) өртке байланысты барлық қылмыстар туралы істер бойынша - мемлекеттік өртпен күресу қызметінің басқару органдары мен бөлімшелері.

3. Анықтау органының барлық қылмыстар туралы істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу және кезек күттірмейтін тергеу қимылдарын орындау жөніндегі құқықтары мен міндеттері сол сияқты алысқа жүзу сапарындағы теңіз кемелерінің капитандарына, геологиялық барлау партияларының, осы баптың екінші бөлігінде аталған анықтау органдарынан алыстағы басқа да - мемлекеттік ұйымдар мен олардың бөлімшелерінің басшыларына да, көлік қатынасы болмаған кезеңде ж.ктеледі

ҚР ҚІЖК-нің 67-бабына сәйкес: «1. Анықтаушы - өз құзыретінің шегінде қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік лауазымды адам.

2. Анықтаушы осы Кодексте айқындалған нысандарда сотқа дейінгі іс жүргізудің басталуы және жүзеге асырылуы туралы шешім қабылдауға, заңда оларды анықтау органы бастығының бекітуі, прокурордың санкциясы немесе

соттың шешімі көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес шешімдер қабылдауға және тергеу мен басқа да іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге құқылы.

3. Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде анықтаушы осы Кодекстің 37-тарауында көзделген алынып тасталатындарды қоспағанда, алдын ала тергеу жүргізу үшін осы Кодексте көзделген ережелерді басшылыққа алады.

4. Анықтаушы, алдын ала тергеу жүргізілуі міндетті қылмыстық істер бойынша кідіртуге болмайтын жағдайларда анықтау органы бастығының тапсырмасы бойынша қылмыстық іс қозғауға, сондай-ақ шұғыл тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларын жүргізуге, ол туралы жиырма төрт сағаттан кешіктірмей прокурор мен алдын ала тергеу органын хабардар етуге міндетті.

5. Анықтаушы соттың, прокурордың, алдын ала тергеу органының және анықтау органының жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу туралы, қылмыстық процеске қатысушы адамдардың қауіпсіздігі шараларын қолдану туралы тапсырмаларын орындауға міндетті.

6. Анықтау органы бастығының нұсқаулары анықтаушы үшін міндетті. Анықтау органы бастығының қылмыстық істер жөніндегі нұсқауына прокурорға шағым жасалуы мүмкін. Нұсқауларға шағым жасалуы, қылмыстың саралануы мен айыптаудың көлемі, айыпталушыны сотқа беру үшін істі прокурорға жолдау туралы немесе қылмыстық істі қысқарту туралы нұсқауларды қоспағанда, олардың атқарылуын тоқтатпайды».

4. Жедел-іздестіру қызметі (ЖІҚ) ұғымы.

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар

Жедел қызмет шешетін міндеттердің маңыздылығын, олардың қызметінің өзгешелігін ескере отырып, жедел-іздестіру қызметі ұдайы прокурорлық қадағалауды талап етеді. Алайда, жедел-іздестіру қызметінде прокурорлық қадағалауды жүзеге асрудың қажеттілігі теориясында дұрыс негіздеменің болуына қарамастан, көптеген жылдар бойы жекелеген прокурорлардың жекелеген оқиғаларда осы қызметте заңдардың орындалуын тексерген тәжірибелері болды. мұндай жағдай прокурорлардың қадағалау қызметін жүзеге асыруы үшін құқықтық негіздің болмағандығымен түсіндіріледі.

Жедел-іздестіру қызметі заңдармен емес, партиялар мен үкіметтің директивалық актілерімен, жабық сипаттағы заңға тәуелді нормативтік актілермен реттелді, соған сәйкес облыстық деңгейден төмен емес прокурор тек белгілі бір жағдайларда ғана осы салаға араласа алды.

1994 жылы 15 қыркүйекте қабылданған «Жедел-іздестіру қызметі туралы» ҚР Заңында (25-бап) алғаш рет заңнамалық тұрғыда жедел-іздестіру қызметінің негізгі бағыттары реттеліп, айқындалды.

Жедел-іздестіру шараларын жүргізу кезінде азаматтардың Конституциямен және басқа да заңдармен кепілдік берілген құқықтары мен заңды мүдделерін – хат жазысу құпиясы, телефонмен сөйлесу, ауысу

бостандығы және басқалары қозғалды, кейде елеулі түрде шектелді. Құқықтар мен бостандықтарды шектеуге тек тікелей қолданылатын Конституцияда, «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңда және басқа да заңдарда көзделген негіздер бойынша және ресімдерді сақтай отырып, жол беріледі.

Қылмысқа қарсы күрес азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуды тез әрі толық ашқанда және оларға жол бермеуді қамтамасыз еткенде ғана тиімді болмақ. Сондықтан ЖІҚ-нің міндеттері:

біріншіден, адамның және азаматтың заңды құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

екіншіден, жасалған және дайындалып жатқан қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды шешудің белгіленген тәртібін сақтау, жедел-іздістіру шараларын орындау;

үшіншіден, жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдар қабылдайтын шешімдердің заңдылығы.

ЖІҚ жүзеге асырған кезде Конституцияда және басқа да заңдарда кепілдік берілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, сондай-ақ осы заңдарда айтылған ерекше жағдайларды көздейтін мән-жайларды сақтауға, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу негіздері мен ресімдеріне назар аудару қажет. Мәселен, ҚР Конституциясы әркімнің хат жазысу, телефонмен сөйлесулердің, почта, телеграфтық және өзге де хабарлардың құпиясы құқығын жария ете отырып, осы құқықтарды тек сот шешімі негізінде ғана шектеуді көздейді. Жоғарыда аталған Заңның 12-бабында тек мынадай ақпараттар болғанда жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру кезінде осындай шектеулер мүмкіндігін көздейді:

1) Алдын ала тергеу міндетті болатын құқыққа қарсы әрекеттер туралы белгілер туралы.

2) Алдын тергеу ісін жүргізу міндетті құқыққа қарсы әрекет дайындайтын, жасайтын немесе жасаған адамдар туралы.

3) ҚР мемлекеттік, әскери, экономикалық немесе экологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін оқиғалар немесе іс-әрекеттер туралы. Кідіртуге болмайтын және ауыр және аса ауыр қылмыс жасауға әкеп соғатын жағдайларда, сондай-ақ ҚР мемлекеттік, әскери, экономикалық немесе экологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін оқиғалар мен іс-әрекеттер туралы деректер болғанда құқықтары мен мүдделерін шектеу рәсімі біршама жақсы, бірақ сонда да Заңның осы нормасымен қатаң регламенттелген.

Жедел-іздістіру шараларын жүргізу негіздеріне мыналар жатады:

1. Қозғалған қылмыстық істің болуы.

2. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдарға:

егер қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін жеткілікті деректер болмаса, дайындалып жатқан, жасалатын және жасалған құқыққа қарсы әрекеттердің белгілері, сондай-ақ оны дайындап жатқан, жасайтын немесе жасаған адамдар туралы;

ҚР мемлекеттік, әскери, экономикалық немесе экологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін оқиғалар мен іс-әрекеттер

анықтау, тергеу органдарынан және соттан жасырынып жүрген немесе қылмыстық жазалаудан жалтарған адамдар;

хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдар және иесі белгісіз өліктердің табылғандығы туралы белгілі болған деректер.

3. Тергеушінің, анықтау органының тапсырмасы, прокурордың нұсқауы немесе оның іс жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша соттың ұйғарымы.

4. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын басқа да органдардың сұраулары.

5. Қорғалатын адамдарға қатысты, оған ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар жүзеге асыратын қауіпсіздік шараларын қолдану туралы қаулы.

6. ҚР халықаралық шарттарына сәйкес халықаралық құқық қорғау ұйымдары мен шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының сұраулары.

Жүргізілген жедел-ізвестіру шараларының заңдылығын бағалау кезінде заңдағы ережелер ғана емес, заңды дамытуда қабылданған ведомстволық нормативтік актілер де ескеріледі. Ұйымдасқан қылмыстық топтарға ендірілген адамдар туралы және жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың штаттық жасырын қызметкерлері туралы, сондай-ақ осы органдарға құпия негізде жәрдем көрсететін адамдар туралы деректер оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту талап етілетін жағдайларды қоспағанда, көрсетілген адамдардың жазбаша келісімімен ғана прокурорға ұсынылады.

Ұйымдасқан қылмыстық топтарға ендірілген адамдар туралы және штаттық жасырын қызметкерлер туралы, сондай-ақ құпия негізде жәрдем көрсететін және жәрдем көрсеткендер туралы мәліметтер осы адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту жағдайларын қоспағанда, прокурорға да олардың жазбаша келісімімен ғана ұсынылатынын естен шығармау керек.

Жоғарыда аталған Заңның 10-бабында заңдылығына прокурор қадағалауды жүзеге асыратын, жедел-ізвестіру қызметін орындау құқығы берілген мемлекеттік органдардың тізбесі берілген. Оларға:

- а) ішкі істер органдарының;
- б) ұлттық қауіпсіздік органдарының;
- в) Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарының;
- г) қаржы полициясы органдарының;
- д) ҚР Президенті Күзет қызметінің;
- е) кеден органдарының жедел бөлімшелері жатады.

Бұл тізбе толық. Ол тек заңмен өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

5. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы. – Алматы, 2001.
2. ҚР Қылмыстық ісжүргізу кодексі. – Алматы, 2001 - 264.
3. «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі ҚР Заңы // ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. – 1994. № 13. – 199-құжат.
4. ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 27 ақпандағы № 283 қаулысымен бекітілген ҚР Қаржы полициясы агенттігі туралы ереже.

5. «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» 1995 жылғы 20 маусымдағы ҚР Заңы.
6. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығы
7. ҚР Президентінің «ҚР ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығы.
8. «Қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 31 қазандағы № 1641 қаулысы.
9. «Қазақстан - 2030» ҚР Президентінің Жолдауы.
10. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің күшті қызметі туралы» 1995 жылғы 3 қазандағы заң күші бар Жарлығы.
11. *Бекбергенов Н.А.* Правоохранительная система в Республике Казахстан: Оқу құралы. – Астана: ИКФ «Фолиант», 2001.
12. *Ибрагимов Х.Ю.* Правоохранительные органы. - Алматы: Дәнекер, 2000.
13. *Фокин В.М.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.:Былина, 2000.
14. *Авторлар ұжымы.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Юридическая литература, 1998.
15. *Беленков Р.А.* Правоохранительные органы (лекция конспектілері). – М.: Приор, 2000.
16. *Гуценко К.Ф., Ковалев В.* Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 2000.
17. Уголовный процесс: оқулық / К.Ф.Гуценконың редакциялығымен. – М.: Зерцало, 2000.
18. *Самалдыков М.К.* Правоохранительные органы Республики Казахстан. – Алматы, 1996.
19. Судостройство и правоохранительные органы в Российской Федерации / В.И.Швецовтың редакциялығымен. – М., 1998.
20. *Симкин Л.С.* Органы юстиции и суды: борьба с преступностью. – М., 1988.

13-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

1. Мемлекеттік органдар жүйесіндегі ішкі істер органдары, олардың міндеттері мен құзыреті. Ішкі істер органдары жүйесі

Құқық қорғау органдары жүйесінде қоғамдық тәртіпті және жеке адамның қауіпсіздігін, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жалпы ішкі істер органдарына басты роль беріледі. Қызметкерлерінің, қызметтері мен құрылымдық бөлімшелерінің саны бойынша осы органдар біздің республикамызда өте көп, мұның өзі олардың маңыздылығын және мемлекеттік органдар құрылымында олардың сөзсіз жетекші орын алатынын көрсетеді.

ҚР Конституциясына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы»¹⁸ 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығына және оларға қайшы келмейтін басқа да нормативтік актілерге сәйкес ішкі істер органдары «Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын ала тергеу мен жедел іздестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңға қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық және әкім етушілік функцияларын жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады» («Ішкі істер органдары туралы» Жарлықтың 1-бабы).

Аталған Жарлықтың 2-бабына сәйкес ішкі істер органдарының негізгі міндеттері:

«1) қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе әскери жағдай ахуалында қамтамасыз ету;

2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру;

3) заңдарда белгіленген өздерінің құзыреті шегінде алдын ала тергеу, анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру;

¹⁸

ҚР ЖС Жаршысы. – 1995. - № 23. – 154-құжат

4) ішкі істер органдарының тергеу изоляторларында жазасын өтеп жатқан сотталғандарға қатысты қылмыстық жазаларды және әкімшілік өндіріп алуларды орындау;

5) ішкі істер органдарының тергеу изоляторларында және әкімшілік жолмен қамауға алынғандарды ұстау орындарында құқық тәртібін қамтамасыз ету және адамдарды ұстау режимін сақтау;

6) кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқық бұзушылығын анықтау және тыю;

7) қажет болған жағдайларда мемлекеттік өрттен қорғау қызметі органдарына өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жәрдем көрсету;

8) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік қадағалау және бақылау;

9) мемлекеттік және өзге де объектілерді, жеке адамдарды күзету, қамауға алынғандар мен сотталғандарды айдап апару, терроризм актілерінің жолын кесуге, кепілге алынғандарды босатуға қатысу;

10) паспорт және виза беру жұмысын жүргізу, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібін сақтауын бақылау;

11) соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындау;

11-1) өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде карантиндік, санитарлық және табиғат қорғау шараларын жүргізуге қатысу, табиғат қорғау органдарына сұғанақ аңшылыққа қарсы күресуде жәрдем көрсету;

11-2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялық және рұқсат етушілік қызметті жүзеге асыру;

11-3) Қазақстан Республикасының айрықша маңызды және айрықша режимді объектілерінде, аумақтарында режимдік және күзет шараларын жүзеге асыру;

12) ішкі істер органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылады.

2. Өзге міндеттер ішкі істер органдарына тек заңмен ғана жүктелуі мүмкін.»

Көрсетілген міндеттерді ПО «зандылық, дара басшылық, ішкі істер органдары жүйесінің бірлігі, жариялылық, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасау» қағидаттары негізінде шешеді.

Ішкі істер органдары жүйесін:

1) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

2) оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер;

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының оған бағынатын ішкі істер басқармалары; қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, поселкелік ішкі істер органдары;

4) көліктегі, желілік ішкі істер органдары,

5) ішкі әскерлер;

6) оқу орындары, мекемелер және өзге де ұйымдар құрайды.

Сондай-ақ «ішкі істер органдарының құрамында криминалдық полиция, әкімшілік полиция және полицияның өзге де қызметтері, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің әскери құрылымдар мәртебесі бар әскери-тергеу органдары мен әскери полициясы құрылады.

Криминалдық, әкімшілік және өзге де полиция қызметтерінің бөлімшелерін, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу органдары мен әскери полициясын құруды, қайта құруды және таратуды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі жүзеге асырады (жоғарыда аталған Жарлықтың 4-бабы).

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі мәні бойынша республикалық анықтау органының бастығы болып табылады»¹⁹.

«Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істер органдары жүйесінің үлгілік ұйымдық құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үіметі бекітеді» (жоғарыда аталған Жарлықтың 4-бабы),

2. Ішкі істер министрлігі – орталық атқарушы орган, оның құрылымы. Ішкі істер министрі, қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібі, өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы № 329 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жүйесіне басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шектерде Қазақстан Республикасындағы қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын, құқық қорғау қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысатын және іске асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Министрлік *мынадай функцияларды* жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары жүйесіне жалпы басшылықты, оларды жедел басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

2) ішкі істер органдарына жүктелген міндеттерді іске асыруға тікелей қатысады, оларды төмен тұрған ішкі істер органдарының орындауын бақылайды, азаматтардың қауіпсіздігін босаңсытатын факторларды жоюға бағытталған шараларды жүзеге асырады;

3) жедел жағдайдың жай-күйі мен болжамын ескере отырып, ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін зерделейді және осы қызметті жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлейді;

4) стратегиялық жоспарларды әзірлеуге қатысады, іс-шаралардың тактикалық жоспарларын, сондай-ақ өзіне бағынысты органдар мен

¹⁹ Төлеубекова Б.Х. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. – Алматы, 1998. – 268-бет.

бөлімшелерінің, оның ішінде құрылымдық қызметін реттейтін актілерді әзірлейді;

5) өз құзыретінің шегінде ішкі істер органдары мен оның барлық буындарының құрылымын әзірлейді, оны жетілдіреді;

6) ішкі істер органдарының кадрларын іріктеуді, орналастыруды, оқытуды және тәрбиелеуді ұйымдастырады, Ішкі істер министрлігі оқу орындарының қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етеді;

7) ішкі істер органдары қызметінің өзекті бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жүргізуді ұйымдастырады;

8) арнаулы есептерді қалыптастырады, есепке алынған адамдардың тәртібін бақылауды ұйымдастырады, арнаулы, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен ақпарат алмасуды және өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

9) ішкі істер органдарына әлеуметтік дамыту, қызметкерлер мен ішкі әскерлер әскери қызметшілеріне, олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ зейнеткерлерге медициналық, санаторийлық-курорттық, сауықтыру қызметін көрсетулерді, тұрғын үй, өндірістік-шаруашылық және тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

10) өндірістік, әлеуметтік-тұрмыстық, әскери мақсаттағы объектілер мен тұрғын үйлер салуды жүзеге асырады;

11) бөлінген материалдық ресурстар мен бюджеттік қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, олар бойынша есеп жүргізу мен есеп беруді, сондай-ақ ішкі істер органдарының қаржы-шаруашылық қызметін ведомствоішілік бақылауды жүзеге асырады;

12) ішкі істер органдарының қорғаныстық-жұмылдырушылық даярлығын ұйымдастырады, бейбіт уақытта және соғыс уақыты жағдайында төтенше жағдайлар пайда болған кезінде олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, Министрліктің арнаулы бөлімшелерінің толық және дер кезінде жұмылдырылуға тұрақты даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

13) республикадағы қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктің жай-күйі және оларды нығайту жөнінде ішкі істер органдары қабылдаған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін, мүдделі мемлекеттік органдарды хабарландырып отырады;

14) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғау, ішкі істер органдарын ұйымдық-штаттық, кадрлық және материалдық-техникалық нығайту мәселелері жөнінде ұсыныс енгізеді;

15) заңдармен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жүргізуіне жатқызылған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

ҚР Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 12-тармағына сәйкес Министрліктің *негізгі міндеттері*:

1) ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғау, оның ішінде төтенше және соғыс жағдайларында қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау,

жолын кесу, қылмыстарды ашу мен тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру, қылмыстық жазалау мен әкімшілік жаза қолдануларды орындау, мемлекеттік және өзге де объектілерді, жеке адамдарды күзету, қамаудағылар мен сотталғандарды күзетпен алып жүру, терроршылдық актілерінің жолын кесуге қатысу, кепілдікке алынғандарды босату жөнінде тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру;

2) республикадағы оперативтік жағдайды талдау және болжау, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту жөнінде шешімдер әзірлеу, ішкі істер органдарының араласуын талап ететін төтенше жағдайларға жедел ден қою шараларын әзірлеу және оны қолдану;

3) қылмысқа қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіру, жедел-іздестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын айқындауға қатысу;

4) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша жалпыреспубликалық және аймақтық жедел-іздестіру және алдын алу іс-шараларын жүргізу жөніндегі ұйымдастырушылық басшылық, қолда бар күштер мен құралдарды пайдалану жөнінде оңтайлы шешімдер әзірлеу, бағынысты органдар мен бөлімшелерге практикалық және әдістемелік көмектер көрсету, оң жұмыс тәжірибелерін қорыту және тарату;

5) өз құзыретінің шегінде ішкі істер органдарының құрылымын жетілдіру, оны оңтайландыру, ішкі істер органдарының қызметтері мен бөлімшелерінің арасында және өзге де құқық қорғау органдарымен, министрліктермен және ведомстволармен өзара іс-қимылын жақсарту жөнінде шаралар әзірлеу;

6) өз құзыретінің шегінде ішкі істер органдарының қызметін материалдық-техникалық, қаржылық, кадрлық, сондай-ақ ақпараттық қамтамасыз ету;

7) Министрлікке Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүктелінген өзге де міндеттерді орындау.

Министрлік алдына қойылған міндеттері шешу үшін өз құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) құқықтәртібі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мәселелер бойынша бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ лауазымды адамдар мен азаматтарды жауапкершілікке тартуға;

2) тиісінше заңды тұлғалар немесе жеке адамдардың орындауы үшін міндетті ұйғарымдамалар, ұсынымдар және ұсыныстар беруге, нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

3) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан мәліметтер сұратуға және алуға;

4) лицензиялауды жүзеге асыруға;

5) Үкіметке ішкі істер органдарын, ішкі істердің мемлекеттік кәсіпорындары мен мекемелерін, оқу орындарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) Қазақстан Республикасының құқық тәртібі мен қоғамдық қауіпсіздікті нығайту мәселелері және ішкі істер органдарының қызметіне қатысты басқа да мәселелер жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін әзірлеуге қатысуға;

7) ведомстволардың бірінші басшыларынан басқа, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын тағайындауға;

8) қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғау мәселелері жөніндегі халықаралық кездесулерде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етуге, берілген өкілеттіктерінің шегінде халықаралық келісімдер жасауға;

9) заң актілерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген басқа да құқықтарды іске асыруға құқығы бар.

Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі - Ішкі әскерлердің қолбасшысы басқарады.

Министрдің оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

Министр өз құзыретінің шегінде шешім қабылдауда дербес және Министрліктің қызметі үшін жеке жауап береді.

Осы мақсаттарда Министр мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Министрліктің қызметіне басшылықты жүзеге асырады және ішкі әскерлерге қолбасшылық етеді;

2) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдарында және халықаралық қатынастарда Министрлік пен ішкі әскерлерді білдіреді;

3) Министрліктің құрылымын бекітеді;

4) өз орынбасарларының, сондай-ақ Министрліктің Департаменттері мен өзге де құрылымдық бөлімшелері бастықтарының міндеттері мен өкілеттіктерінің шеңберін айқындайды, жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

5) Ішкі істер министрлігінің атынан ішкі істер органдарының орындауы міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде - өзге де мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауына міндетті актілер шығарады;

6) ведомстволардың бірінші басшыларынан басқа, өз номенклатурасы бойынша ішкі істер органдарының қызметкерлерін қызметке тағайындауды және босатуды жүргізеді;

7) азаматтарды Ішкі істер министрлігінің кадрына тіркейді, оларға бастапқы және полиция полковнигіне, ішкі қызмет полковнигіне дейін, одан кейінгі арнаулы атақтар, сондай-ақ Министрлік пен ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне - қоса алғанда полковникке дейін, әскери атақтар береді;

8) Қазақстан Республикасының Президентіне жоғары басшы құрамға арнаулы атақтар және жоғары әскери атақтар беру туралы ұсыныс енгізеді;

9) ішкі істер органдарының қызметкерлері мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін көтермелейді және әкімшілік тәртіппен жазалайды, оларды мемлекеттік наградалармен марапаттауға және Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беруге ұсынады;

10) өз құзыретінің шегінде заңдарға сәйкес ішкі істер органдары мен Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

11) өз құзыретінің шегінде заңдарға сәйкес ішкі істер органдарының бөлімшелерін құрады және таратады, олардың құрылымын, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті пен бөлінген қаржының шегіндегі еңбекақы қорының шегінде штат санын белгілейді;

12) республикалық бюджеттен бөлінген қаржының шегінде ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерді ұстауға арналған қаржы қаражатын бөледі;

13) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министрлікте Министрдің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Алқасы болады. Алқаның сандық және жеке құрамын Министр бекітеді.

3. Аумақтық, салалық, мамандандырылған ішкі істер органдары, олардың міндеттері мен құзыреті

Қазіргі кезде ішкі істер органдары жүйесінде мынадай қызметтер жұмыс істейді:

1) *Криминалдық полиция департаменті*. Оның негізгі міндеттері: қылмыстарды анықтау, оның алдын алу, жолын кесу, оны ашу және тергеу, ішкі істер органдарының жүргізуіне жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтама ісін жүргізу, тергеуден, анықтамадан және соттан жасырынған, қылмыстық жазаны өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Криминалдық полицияны жедел-іздестіру, тергеу, ғылыми-техникалық және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне тікелей бағынатын, оның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды.

2) *Әкімшілік полиция департаменті*. Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, оның алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру, ұсталған және қамауға алынған адамдар, оның ішінде белгілі бір тұратын жері, құжаттары жоқ адамдар ұсталатын жерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау және бақылау жасау, төлқұжаттық жұмыстар мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

Әкімшілік полицияны полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар қызметтері, сақшылық қызмет, лицензиялық және рұқсат ету жүйесі, табиғат қорғау және мал дәрігерлік полиция, төлқұжаттық қызмет, жол полициясы бөлімшелері,

ішкі істер органдарының арнаулы мекемелері және әкімшілік полицияның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды.

Облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері жергілікті бюджет пен бюджеттен тыс қаражаттың есебінен әкімшілік полиция бөлімшелерінің қосымша штат санын ұстай алады.

3) *Әскери-тергеу органдары*, әскери-тергеу органдарының негізгі міндеттері әскери қылмыстарды және әскери қызметшілер жасаған, ішкі істер органдары тергеуге тиісті қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу болып табылады.

Әскери-тергеу органдарын әскери-тергеу департаменті, әскери-тергеу басқармалары мен тергеу, жедел-іздестіру, жедел-техникалық және өздерінің алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелерден тұратын гарнизон бойынша бөлімдер құрайды.

Әскери-тергеу органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бұған уәкілдік берілген лауазымды адамдар арқылы өз құзыреті шегінде ішкі істер органдарының барлық құқықтарын пайдаланып, солардың міндеттерін атқарады.

Әскери-тергеу органдары Қарулы Күштер есебінен қызметтік үй-жаймен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етіледі, оларды пайдалану мен ұстау шығындарын да солар көтереді.

4) *Ішкі істер министрлігінің әскери полициясы*. Бұл арнаулы орган болып табылады және ішкі әскерлердегі құқық тәртібін қамтамасыз етуге, әскери қылмыстар бойынша, сондай-ақ ішкі әскерлердің әскери қызметшілері жасаған басқа да қылмыстар бойынша анықтаманы жүзеге асыруға, олардың арасындағы қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге, әскери қылмыстарды ашуға, ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін іздестіруге арналған.

Ішкі істер министрлігінің әскери полициясы бұған уәкілдік берілген лауазымды адамдар арқылы жүктелген міндеттерді өз құзыреті шегінде орындау үшін ішкі істер органдарының өкілеттігін пайдаланады. Бұл орайда әскери қызметшілердің және әскери қалашықтар, ішкі әскерлердің әскери бөлімдері мен құрамалары бөлімшелерінің аумағында жүрген өзге де адамдардың құжаттарын тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.

Аумақтық ішкі істер органдарына тиісті облыстардың, республика астанасы мен республикалық маңызы бар қалалардың ішкі істер басқармалары, облыстардың, қалалардың, поселкелердің ауандық бөлімдері жатады.

«Күзет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мамандандырылған ішкі істер органы болып табылады. Жоғарыда аталған орган қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері ішкі істер органдары туралы ҚР заңнамасымен, сондай-ақ арнаулы нормативтік актілермен айқындалады.

4. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы.

Ішкі істер органдарына қабылданатын адамдарға қойылатын талаптар

ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заң күші бар Жарлығының 22-бабында олардың қызметкерлерінің өкілеттігі айқындалған:

«1. Ішкі істер органдарының қызметкерлері Республиканың бүкіл аумағында, атқаратын лауазымына және ішкі ведомстволық бағыныстылығына, уақытына қарамастан, азаматтар мен лауазымды адамдар оларға құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабар жасаған жағдайда не осындай әрекет тікелей анықталған ретте құқық бұзушылықты тыю және құқық бұзушыларды ұстау, көмекке мұқтаждарға жәрдем беру, оқиға болған орынды күзету, сондай-ақ таяу жердегі ішкі істер органын хабардар ету үшін өзіне берілген құқықтарды толығымен пайдалануға міндетті.

2. Полицияның учаскелік инспекторы, ішкі істер органы желілік пунктінің бастығы, патрульдік учаскенің бастығы, полицияның кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторы қызмет көрсетілетін әкімшілік учаскеде немесе аумақта ішкі істер органдарының барлық міндеттері, соның ішінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарай отырып және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мен жоюға бағытталған, ұйымдар үшін міндетті ұсыныстар әзірлей отырып өз құзырының көлемі мен шегінде атқаруды ұйымдастырады және жүзеге асырады».

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің міндеттері жоғарыда аталған Жарлықтың 10-бабында айқындалған:

1. Ішкі істер органдары алдарына қойылған міндеттерге сәйкес және өздерінің құзыреті шегінде:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қайшы қол сұғудан қорғауға;

2) қоғамдық тәртіпті қорғауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, соның ішінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жәрдемімен, ұйымдар мен азаматтардың ерікті қатысуымен қорғауға және қамтамасыз етуге;

3) қылмыстың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және ашуға;

4) әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге;

5) "Жедел іздестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қылмыстардың алдын алуға, анықтауға және ашуға, ішкі істер органдары жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ішкі істер органдарының тергеу изоляторларында және уақытша ұстау изоляторларында заңдармен белгіленген режимді сақтауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте жедел іздестіру шараларын жүзеге асыру құқылы ішкі істер органдарының бөлімшелері мен қызметкерлерінің тізбесін Ішкі істер министрлігі белгілейді;

б) алдын ала тергеуді жүзеге асыруға, анықтама жүргізуге;

7) әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға;

8) қылмыстық процеске қатысушылар мен өзге де адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғау жөнінде заңдарда көзделген шараларды қолдануға;

9) қылмыс жасаған, бірақ анықтамадан, тергеуден және соттан бой тасалаған, қылмыстық немесе әкімшілік жазаларын өтеуден жалтарған, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асыруға және заңмен көзделген өзге де жағдайларға, сондай-ақ ұрланған мүлікті іздеуді жүзеге асыруға;

10) заңдарда белгіленген тәртіппен жедел-іздестіру және тосқауыл қою шараларын, қылмыс жасаған адамдарды ұстау жөніндегі операцияларды жүргізуді жүзеге асыруға, сондай-ақ өзге де құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға оларды жүргізуде және жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге;

11) іздестіру, тергеу және өзге де заңмен көзделген іс жүргізу әрекеттерін жүргізу кезінде соттардың ұйғарымдарын, судьялардың қаулыларын, прокурордың, тергеушінің және анықтамашының жазбаша тапсырмаларын орындауға;

12) ішкі істер органдарының тергеу изоляторларында жазасын өтеп жатқан, шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қалдырылған сотталғандарға қатысты қылмыстық жазаларды, әкімшілік жазалау шараларын орындауға, сотталғандардың, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынғандардың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз етуге;

12-1) прокурордың азаматтар мен лауазымды адамдарды мәжбүрлеп жеткізу (күштеп әкелу) туралы қаулыларын орындауға, сондай-ақ прокурордың өз құзыреті шегінде шығарған өзге де жазбаша тапсырмалары мен талаптарын орындауға;

13) халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысуға, құқық тәртібінің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделеуге;

14) авария, өрт, дүлей апат және басқа төтенше жағдайлар зардаптарын жою кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;

15) құқыққа қайшы қол сұғудан, жазатайым және оқыс оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті дәрменсіз немесе өзге де күйдегі азаматтарға көмек көрсетуге;

16) заңдарға сәйкес төтенше немесе әскери жағдай режимін қамтамасыз етуге қатысуға, соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындауға;

17) ішкі істер органдарының қорғаныстық-жұмылдыру даярлығын, бейбіт кезең мен соғыс уақыты жағдайында төтенше ахуалдар туындаған кезде олардың жұмысының тұрақтылығын арттыру, Ішкі істер министрлігі арнаулы бөлімшелерінің толық және дер кезінде жұмылдыруға тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға;

18) жол жүрісі ережелерінің және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзге де нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға; автотокөлікті, оларды пайдаланушы, оның ішінде сенімхат және заңнамада

көзделген өзге де құжаттар бойынша пайдаланушы адамдарды тіркеуді және есепке алуды жүргізуге, көлік құралдарын басқару құқығына емтихан қабылдауға, оны басқару құқығына куәлік беруге, механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқаудан өткізуге, жол жүрісін реттеуге;

19) мемлекеттік өрттен қорғау қызметі органдарына меншіктің барлық нысандарындағы объектілерде өрт қауіпсіздігі жай-күйіне бақылау жасауды жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге;

20) қару мен оқ-дәрілердің (жауынгерлік оқ-дәрілерді қоспағанда) сатып алынуына, сақталуына, оларды тасымалдауға, алып жүруге, әкелуге, әкетуге және пайдалануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, қару мен оқ-дәрілерді, жарылғыш және күшті әсер ететін улы заттарды, есірткілік құралдарды, психотроптық заттарды, солар тақылеттестерді, прекурсорларды, радиоактивті материалдар мен заттарды ұстаудың және олардың жұмыс істеуінің белгіленген ережелерінің сақталуын бақылауға; әкімшіліктің қатысуымен аталған заттар, нәрселер, материалдар тұрған үй-жайларды тексеруге; қаруды есепке алуға және заңда көзделген жағдайларда алып қоюға; азаматтардағы қару, оқ-дәрілер мен олар сақталатын орындарды оларды қолдану ережелерінің сақталуын бақылау мақсатында тексеруге; қару мен оқ-дәрілерді сақтау және пайдалану ережелері бұзылған, сондай-ақ заңдарда көзделген басқа жағдайларда ұйымдар мен азаматтардан оларды алып қою туралы мәселе қоюға;

21) заңдарға сәйкес ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар және рұқсаттар беруді жүзеге асыруға;

22) мемлекеттік маңызы бар объектілер мен еңбекпен түзеу мекемелерін күзетуді қамтамасыз етуге; ұйымдарды күзетудің жай-күйін бақылауға;

23) жаппай тәртіпсіздіктерді, соның ішінде еңбекпен түзеу мекемелеріндегі жаппай тәртіпсіздіктерді тыюға, әскери қарауылдардың күзетуінен қашқан сотталғандарды іздестіруді жүзеге асыруға қатысуға;

24) ұсталғандарды, қамауға алынғандар мен сотталған адамдарды күзетуге және айдап апаруға;

25) азаматтар мен лауазымды тұлғалардың паспорт жүйесінің белгіленген ережелерін сақтауын, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың олар үшін белгіленген келу, кету, болу және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитті өту ережелерін сақтауын бақылауға;

26) арнаулы және әскери тасымалдарды ұйымдастыруға;

27) карантиндік, санитарлық және экологиялық іс-шараларды өткізуге қатысуға;

28) денсаулық сақтау мекемелеріне шақыру бойынша келуден жалтарған алкогольизм, нашақорлық, уытқұмарлық, жыныс ауруларына шалдыққан немесе иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырған адамдарды олардың ұсыныстары бойынша айдап алып келуді жүзеге асыруға;

29) иесіз қалған мүлік пен қазыналардың тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қарауына берілгенге дейін сақталуын қамтамасыз ету

жөнінде шұғыл шаралар қолдануға; табылған және ішкі істер органдарына тапсырылған құжаттардың, заттардың, құндылықтардың және басқа мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге, оларды меншік иелеріне қайтару не белгіленген тәртіппен сату жөнінде шаралар қолдануға;

30) шет мемлекеттердің тиісті органдарымен, халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шарттары негізінде ынтымақтастық жасауға міндетті;

30-1) кәмелетке толмағандардың арасында қылмыскерліктің алдын-алу мақсатында: бас бостандығынан айыру орындары мен жабық үлгідегі арнаулы оқу орындарынан босатылғандардың; қылмыс жасаған кезінде заңға сәйкес жасы толған соң қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін жасқа толмағандардың; спиртті ішімдіктерді, есірткілік құралдар мен уытты заттарды қолданатындардың; әкімшілік жазалау шараларын қолдану көзделген өзге де құқық бұзушылықтар жасағандардың есебін жүргізуге және оларға ықпал ету шараларын қолдануға міндетті.

2. Қызметкерлер азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда ішкі істер органдары бұл құқықтарды қалпына келтіруге, келтірілген залалды өтеуге, кінәлі адамдарды жауапқа тартуды қамтамасыз етуге міндетті».

Жоғарыда аталған Заңның 11-бабында ішкі істер органдарының құқықтары айқындалған:

1. Ішкі істер органдарының осыған уәкілдік берілген лауазымды адамдар арқылы жүктелген міндеттерді атқару үшін өз құзыреті шегінде:

1) азаматтардан қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды талап етуге, құқыққа қарсы іс-қимылдар мен ішкі істер органдарының өкілеттігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекеттерді тоқтатуды талап етуге құқығы бар. Бұл талаптар орындалмаған жағдайларда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға;

2) қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылық жасаған деп сезіктелген жағдайда азаматтардың жеке басын қуәландыратын құжаттарды, сондай-ақ орындалуын бақылау ішкі істер органдарына жүктелген белгіленген ережелердің сақталуын тексеруге қажетті басқа құжаттарды тексеруге;

3) кез келген жасалған немесе әзірленіп жатқан құқыққа қарсы қол сұғу, соның ішінде олардың қарауына жатпайтындар туралы арыздар мен хабарларды қарауға, оларды тіркеуге, олардың жолын кесу, ашу, оларды жасаған адамдарды ұстау, қоғамдық қауіпті зардаптарға жол бермеу жөнінде нақтылы шаралар қолдануға;

4) қылмыстарды анықтау, тыю, ашу және тергеу кезінде басқа органдарға, ұйымдар мен лауазымды тұлғаларға атқарылуы міндетті тапсырмалар беруге;

5) азаматтарды іс жүргізудегі материалдар мен қылмыстық істер бойынша ішкі істер органдарына шақыруға, олардан түсініктемелер, құжаттар, олардың көшірмелерін алуға, жауап алуға, сондай-ақ шақырғанда келуден дәлелді себепсіз жалтарған адамдарды мәжбүрлеп алып келуге;

6) осы қызметті реттейтін заңдарға сәйкес әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыруға; хаттамалар жасауға, әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, тәртіп

бұзушыларды жеткізуге, әкімшілік ұстауды жүргізуге, кісінің жеке басын тексеруге, сондай-ақ заттары мен құжаттарын тексеруге және алып қоюға;

7) құқық бұзған әскери қызметшілерді ұстауға және оларды әскери коменданттарға, әскер бөлімдерінің командирлеріне немесе әскери комиссарларға беруге;

8) егер оларды жедел оқшаулау қажет болса, он сегіз жасқа толмаған және құқық бұзған, сондай-ақ арнаулы оқу-тәрбие мекемелеріне жіберілетін кәмелетке толмағандарды заңда белгіленген тәртіппен ұстауға және Уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарында ұстап отыруға:

3-тен 16 жасқа дейінгі қадағалаусыз, сондай-ақ ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған, кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдерді Уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарына жеткізуге және онда ұстап отыруға, одан әрі қорғаншылық және қамқоршылық орындарына беруге;

9) әкімшілік қамауға алынған адамдарды ұстауға;

10) тексеру материалдары, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес қажетті зерттеулер жүргізуге;

11) қозғалған қылмыстық істер жөнінде мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда ақпаратпен материалдарды кедергісіз және өтеусіз алуға;

12) заңдарда көзделген жағдайларда белгілі тұрғылықты орны, құжаттары жоқ адамдарды олардың жеке басын қуәландыру және кейіннен тиісті органдар мен мекемелерге (көші-қон, медицина, әлеуметтік және өзге де) беру мақсатында прокурордың санкциясымен отыз тәулікке дейінгі мерзімге ұстауға және қабылдау-бөлу орындарында отырғызуға;

13) қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтындай мастық күйде жүрген не айналадағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін, ал тұрғын үйде болып, қоғамдық тәртіпті бұзған адамдарды - олармен бірге тұратын азаматтардың арыздары бойынша арнаулы медицина мекемелеріне не ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне жеткізуге және оларда айыққанға дейін ұстауға;

14) заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық іс жүргізу әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын жүргізуге, оларды жүргізуге мамандарды тартуға, дерек мәліметтерді жинау және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануға құқығы бар. Бұл ретте мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер, сондай-ақ адамдардың жеке өмірі, жеке басы мен отбасының құпиясы туралы мәліметтер жария етілуге тиіс емес;

15) қамауға алынған, қылмыс жасады деген сезікпен ұсталған, қылмыс жасады деп айып тағылған, әкімшілік қамауға алынғандарды, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзған деп сезіктелген адамдарды, олардың жеке басын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, тіркеуге, фотосуретке түсіруге, дыбысын жазуға, кино және бейнекөрініске түсіруге, дактилоскопия жасауға;

16) құқық тәртібін қорғау жөніндегі міндеттерді шешуді, соның ішінде әкімшілік қадағалауға алынған және ескерту арқылы ықпал жасалғанда тиіс

адамдарды, әкімшілік құқық бұзған және оларды қайталап жасауы күшейтілген жауаптылыққа әкеліп соғатын адамдарды есепке алуды қамтамасыз ететін мамандандырылған есепке алуды, ақпарат жүйелерін құрауға және пайдалануға, есепте тұратын адамдардың мінез-құлқын қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруға;

17) әкімшілік құқық бұзу істері жөнінде алдын ала тергеу, анықтама және іс жүргізу барысында ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізуге;

18) адамдардың ішімдік, есірткі және психотроптық заттарды қолданғандығын белгіленген тәртіппен куәландыруға немесе оны жүргізу үшін оларды медициналық мекемелерге жіберуге не жеткізуге;

19) құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуға келісім білдірген азаматтармен жария және жария емес негізде ынтымақтастық орнатуға;

20) кідіртуге болмайтын жағдайларда қызмет мақсатында, қай жерде орналасқанына және кімге тиесілі екендігіне қарамастан халықаралық және қалааралық сөйлесуге кеткен шығыстарды өтей отырып, байланыс құралдарын пайдалануға;

21) өзге мүмкіндіктер болмағанда меншік нысанына қарамастан (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) жазатайым оқиғалар, дүлей апаттар болған жерлерге бару және жедел медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ кідіртуге болмайтын өзге де жағдайларда, иелеріне залал келтірілген жағдайда оны өтей отырып, көлік құралдарын пайдалануға;

22) ішкі істер органдарының қызметін жария ету, қылмыстың мән-жайын, сондай-ақ оны жасаған адамдарды анықтау үшін, тергеуден, анықтама алудан және соттан бой тасалап жүрген адамдарды және хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздестіру үшін қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында пайда болған өзге де жағдайларда мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндігін тегін пайдалануға;

23) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды бақылау жөніндегі заңда көзделген шараларды қолдануға, ішкі істер органдарының тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында және олардың маңындағы аумақтарда режимдік талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға; Ішкі істер министрі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдарының тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларына ерекше жағдайлар режимін енгізуге;

24) азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыс жасаған, әкімшілік құқық бұзған деп сезіктелген адамдардың ізіне түскен кезде не ол жерде қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық жасалды немесе жасалуда, жазатайым оқиға болды деп санау үшін жеткілікті мәліметтер болса, сондай-ақ дүлей апаттар, күйреулер, авариялар, эпидемиялар, эпизоотиялар және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде азаматтардың жеке басының қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтардың тұрғын және басқа жайларына, оларға тиесілі жер учаскелеріне, аумаққа және үй-жайларға (дипломатиялық

иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) кедергісіз кіруге және оларды тексеруге хақылы. Азаматтарға тиесілі тұрғын және басқа жайларға басып кірген жағдайлар жайында осыған уәкілдік берілген ішкі істер органдары жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды хабардар етуге;

25) азаматтардың жекелеген учаскелер мен аумақтарға кіруін шектеуге немесе оған тыйым салуға қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ жедел іздестіру шаралары мен тергеу іс-әрекетін жүргізген кезде оларды белгілі бір орынды босатуға міндеттеуге;

26) жергілікті атқарушы немесе басқа өкілетті мемлекеттік орган өкілінің ұйғаруымен, жиналысты, митингті, демонстрацияны, шеруді, пикетті, оның ұйымдастырушылары аталған шараларды өткізу тәртібі туралы заң талаптарын сақтамаған жағдайда, тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолдануға;

27) қамаудан қашқан адамдарды іздестіруге байланысты шараларды жүргізген кезде өздігінен бақылау-өткізу пункттерін орнатуға;

28) карантиндік шаралар жүргізілген кезде, сондай-ақ құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктер жаппай өсетін, балықтың құнды тұқымдарының уылдырық шашатын жерлеріне, ұлттық парктердің, мемлекеттік қорықтар мен заказниктердің аумақтарына тиісті атқарушы органдар мен лауазымды адамдардың шешімімен бақылау-өткізу пункттерін орнатуға;

29) мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде қызметін бақылауға және орындалуы міндетті ұйғарымдар беруге; автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылыстарын, теміржол өткелдерін, қалалық электркөлігі желілерін, сондай-ақ автотөкөлік техникасының жаңа үлгілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысуға; жол қозғалысы қауіпсіздігіне, сондай-ақ көшелер мен жолдарды салуға және қалпына келтіруге қатысты ережелердің, нормативтер мен стандарттардың, көлік құралдарының конструкциялары мен жүргізушілер даярлау жөніндегі оқу бағдарламаларының жобаларын келісуге; техникалық жай-күйі жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатер төндіретін көлік құралдарының пайдалануына тыйым салуға; ұйымдардың көлік құралдарының, оларды пайдалануды жалғастыру жол қауіпсіздігіне қатер төнгізе, ұйғарымдар орындалғанға дейін, желіге шығарылуын тоқтата тұруға;

30) заңдарда белгіленген тәртіппен және реттерде көлік құралдарын тоқтатуға және жүргізушілердің оларды пайдалануға және жүргізуге құқық беретін құжаттарын, жүктер мен оларды тасымалдаға құқық беретін құжаттарын тексеруге; мас адамдарды, көлік құралдарын жүргізуге немесе пайдалануға құқық беретін құжаттары жоқ адамдарды, сондай-ақ заңдарда көзделген басқа да жағдайларда, көлік құралын жүргізуден шеттетуге; заңдарда көзделген негіздер бойынша көлік құралдарын ұстауға және Ішкі істер министрлігі белгілейтін мәжбүрлеу тәртібімен оларды жергілікті атқарушы органдардың шешімімен жасалған арнаулы алаңдарға немесе тұрақтарға уақытша сақтау үшін жеткізуге, сондай-ақ көлік құралдарының жүріс бөліктерін жауып тастауға; көшелер мен жолдарда көліктің және жаяу

адамдардың қозғалысын, сондай-ақ оларда жүргізіліп жатқан барлық жұмыстарды уақытша шектеуге немесе оларға тыйым салуға;

31) қажет болған жағдайларда шаруашылық жүргізуші субъектілер мен азаматтардың өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын тексеруде мемлекеттік өрттен қорғау қызметіне жәрдем көрсетуге;

32) төтенше жағдайларда барлық тұрғын, өндірістік және басқа да ұйымдарға бөгетсіз кіруге, сондай-ақ азаматтарды құтқаруға бағытталған өзге де шаралар қолдануға өртке қарсы күрес және апаттан құтқару қызметінің күштері мен құралдарын, көлік және басқа да материалдық-техникалық құралдарды меншік нысанына қарамастан ұйымдардың байланыс және химиялық қорғану құралдарын тартуға, қажет болған жағдайда адамдарды, материалдық құндылықтарды қауіпті аймақтан көшіруге өкім жасауға; құтқару жұмыстарын жүргізу және төтенше жағдайларды жою кезеңіне цехтар мен объектілердің жұмысын тоқтатуға;

33) ұйымдарға Үкімет белгілеген тізбелер бойынша қару-жарак, оқ-дәрі, түрлі-түсті бейнедегі көбейткіш-көшіргіш техниканы жарылғыш, күшті әсері бар химиялық, есірткі, психотроптық, улы және радиоактивті материалдар мен заттарды сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге, ал азаматтарға - қару-жарак пен оқ-дәріні сатып алуға, өзімен алып жүруге және сақтауға, әкелуге, әкетуге рұқсаттар беруге; қару-жаракпен сауда жасайтын магазиндерді, атыс тирлері мен стендтерін, қару-жарак жөндеу шеберханаларын ашуға рұқсаттар беруге;

33-1) қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған адамдарды, сондай-ақ сотталған адамдарды және бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу тандалған адамдарды оқшаулау жағдайында ұстау үшін тергеу жүргізетін оқшау бөлмелер мен уақытша ұстайтын оқшау бөлмелер болуға;

33-2) әуе кемелері ұшуының, сондай-ақ жолаушылар поездарының, теңіз және өзен кемелерінің қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында авиажолаушыларды, поездардың, теңіз және өзен кемелерінің жолаушыларын және олардың теңдеме жүктерін тексеруді, оның ішінде үстеме тексеруді жүзеге асыруға; заңда белгіленген тәртіппен қаруды, оқ-дәрілерді, есірткілерді және алып жүруге тыйым салынған өзге де заттар мен нәрселерді алуға;

33-3) өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың, азаматтардың табиғат қорғау және малдәрігерлік заңдардың талаптарын, санитариялық нормалар мен ережелерді орындауын, ұйымдардың табиғат қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық және эпизоотияға қарсы шаралар жүргізуін бақылауға; ұйымдар әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен бұл талаптардың орындалуына тексеру жүргізуге; қоршаған ортаға қауіп төндіретін тәртіп бұзушылықтар, індеттер мен эпизоотиялар пайда болған кезде ұйымдардың, жекелеген өндірістер мен учаскелердің жұмысын ішінара немесе толық тоқтата тұруға;

33-4) түзеу мекемелерінің тіршілігін қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

34) мемлекеттік органдар мен меншік нысанына қарамастан ұйымдардан, соның ішінде анықтама мен тергеуді жүзеге асыратын арнаулы органдардан

құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмыстарды ашу мақсатында кедергісіз әрі өтеусіз және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып ақпаратпен материалдарды алуға;

35) қылмыстың және басқа да құқық бұзушылықтың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған шаралар жөнінде заңды және жеке тұлғаларға орындауға міндетті ұйғарымдар, ұсынулар және ұсыныстар беруге, сондай-ақ созылмалы маскүнемдік, есірткіқұмарлық, уытқұмарлық ауруына шалдыққан, жүйке бұзылуынан зардап шегетін және басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын не қоғамдық тәртіпті бұзатын адамдарды еріксіз емдеу үшін денсаулық сақтау органдарына ұсыныстар мен материалдар жіберуге;

36) заңдарға сәйкес ғылыми-зерттеу, оқу, өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға;

37) халықтың құқық қорғау бағытында өз бетінше іс-қимыл жасайтын қоғамдық жасақтарының жұмысына жәрдемдесуге;

38) қоғамдық тәртіпті қорғауда, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және құқық бұзушылыққа қарсы күресте көзге түскен азаматтарды көтермелеуге құқығы бар;

39) шарттар негізінде жеке адамдарды, меншік иелерінің мүлкін күзетуді жүзеге асыруға құқығы бар.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің алдына қойылған міндеттері аса тиімді орындау үшін оларға «арнайы құралдар мен атыс қаруын өзімен алып жүру, сақтау не қолдану құқығы беріледі. Олар, сол сияқты күш, соның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдануға хақылы. Арнайы құралдарды, атыс қаруы мен күш қолдану тәртібі осы Жарлықпен белгіленеді».

Қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету мақсатында поездарда ілесіп жүретін ішкі істер органдары қызметкерлерінің арнайы ұйғарымы болған кезде, олардың жинақталған жеріне қарамастан, қызмет көрсетудің барлық учаскесі бойынша жүрдек, жолаушы және жүк поездарына, сондай-ақ локомотивтерге кедергісіз және тегін кіруге құқығы бар.

Жоғарыда аталған жарлықтың 15-бабында ПО-ға қызметке түсетін адамдарға қойылатын талаптар туралы айтылған.

1. Ішкі істер органдарына қызметке жасы он сегізден кем емес, өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулығы мен дене бітімі, білім деңгейі жөнінен өзіне жүктелген міндеттерді атқаруға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

2. Ішкі істер органдарына қызметке қабылдау мемлекеттік қызметшілер кадрлары туралы республикалық деректер орталығына алдын ала сұрау салынған және азаматтар міндетті арнайы тексеруден өткен жағдайда жүзеге асырылады.

3. Ішкі істер органдарына қызметке қабылдау қызметке тағайындау жолымен, соның ішінде келісім-шарт жасасу жолымен жүзеге асырылады. Бұл ретте келісім-шарттың нысаны мен шартын Ішкі істер министрі белгілейді.

4. Ішкі істер органдарының оқу орындарына оқуға орта білімі бар, он сегіз жасқа толмаған адамдар алынады. Ішкі істер министрлігі оқу орындарының күндізгі бөлімдеріне оқыған уақыт мерзімді әскери қызмет өткеруге теңестіріледі. Бұл ретте ішкі істер органдарының қаражаты есебінен оқу ақысы төленіп Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына, басқа оқу орындарына оқуға түскен адамдармен келісім-шарт жасалады, онда оқу орнын бітіргеннен кейін ішкі істер органдарында әрі қарай қызмет атқару шарты мен мерзімі қарастырылады.

5. Ішкі істер органдарының қатардағы және кіші басшы құрамдағы лауазымдарына отыз екі жастан аспаған, орта және аға басшы құрамдағы лауазымдарға қырық жастан аспаған адамдар қабылданады. Ерекше жағдайларда осы жас шегі Ішкі істер министрінің шешімімен өзгертіледі.

6. Қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындалған немесе ішкі істер органдарының кадрларына алынған әскери міндеттілер, соның ішінде курсанттар мен ішкі істер органдары жүйесі оқу орындарының тыңдаушылары белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылады және ішкі істер органдарының арнайы есебінде тұрады.

7. Ішкі істер органдарына алғаш қызметке тұрушы адамдар міндетті түрде бастапқы арнайы оқудан өтеді және олар үшін сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімін және тағылымдамадан өту тәртібі мен шартын Ішкі істер министрі белгілейді.

10. Ішкі істер органдарына қызметке бұрын сотталған және қылмыстық жауапкершіліктен ақтауға болмайтын негіздер бойынша босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан теріс себептермен босатылған адамдар қабылданбайды».

Ішкі істер органы қызметкерлерінің лауазымы оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, депутаттық мандатпен, өзге де ақы төленетін қызметті атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ереуілдер ұйымдастыруға және оларды өткізуге қатысуға тыйым салынады. Ішкі істер органдарының қызметкерлері партияларда, кәсіптік одақтарда болуға, қандай да болсын саяси партияны жақтауға тиіс емес.

5. Ішкі істер органдары жұмысының сапасын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар

Ішкі істер органдарының ролі туралы айтқанда, сөзсіз осы органдардың негізінен қылмыс сияқты әлеуметтік келеңсіз құбылысқа қарсы күресті жүзеге асыратынын айтқан жөн. Сондықтан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 қаңдағы № 1641 қаулысымен Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді. Осы Бағдарламаны Қазақстан Республикасының Үкіметі "Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіру жөніндегі шаралар туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 20 сәуірдегі N 377 Жарлығын орындау үшін, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының, Қазақстан Республикасының 2005 жылға дейінгі ұлттық қауіпсіздігі стратегиясының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасының шеңберінде бұрын қолданыста болған мемлекеттік бағдарламаларға қатысты сабақтастық қағидатын сақтай отырып әзірледі. Осы Бағдарламаны қабылдау қылмысқа қарсы күрестің бұрынғы бағдарламаларының орындалуынан, сондай-ақ соңғы жылдары құқық қорғау органдары қызмет ететін әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруінен туындап отыр.

Қазіргі қоғамның жағдайында қылмыстарды ашу, тергеу және болдырмаудың тиімділігін көтеру, Үкіметтен, мемлекеттік органдардан қылмысқа қарсы күресте күш-жігерді арттыруды ғана емес, сонымен қатар, құқық бұзушылықты болдырмауға жүйелі және кешенді көзқарасты қамтамасыз етуді, қылмысқа ықпал етудің жаңа, дәстүрлі емес нысандары мен әдістерін іздеуді талап етеді.

Қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың 2005 жылға дейінгі жоспарымен. Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен, осы кезеңде жүзеге асырылатын басқа да бағдарламалармен қатар іске асырылатын болады.

Еліміздегі шиеленіскен әлеуметтік-экономикалық жағдайда қылмысқа қарсы күрес проблемасы қылмыстардың алдын алуға және жазасыз қалдырмау қағидатын қамтамасыз етуге бағытталған түбегейлі шараларды қабылдауды талап етеді.

Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрес және құқық тәртібін нығайту жөніндегі 1993-1995 жылдарға арналған алғашқы кезектегі шараларының бағдарламасын және қылмысқа қарсы күрестің 1997-1998 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен құқық қорғау қызметінің 2000 жылға дейінгі негізгі бағыттарын іске асыру Қазақстанның егемендік алуының бастапқы кезеңінде қылмыстың қарқындап өсуін тоқтатуға және белгілі бір тұрақтандыруға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге, қылмыстың нарықтық реформаларды жүзеге асыруға, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруға кедергі жасайтын тұрақтандыруды болдырмай жатқан елеулі фактор болып қалуы жалғасуда.

Мемлекеттік бақылаудың бара-бар тетігін құрусыз экономика мен әлеуметтік саланы реформалау, өтпелі кезеңде заңдардың жетілдірілмеуіне байланысты шығындар қылмыстың өсуі үшін ғана емес, сонымен бірге қылмыстық іс-әрекеттердің жаңа түрлерінің таралуына және қылмыстың кәсібиленуіне қолайлы жағдайлар жасады.

Қазіргі уақыттағы қылмыстар нақты көрсетілген мүттәйім зорлық-зомбылық бағытпен сипатталады. Ұрлықтар, қарақшылықтар және тонаулар жасалатын қылмыстардың негізгі бөлігін құрайды. Адамдарды тапсырыспен өлтіру, кепілдікке алу және ұрлау жиі жасалатын болды.

Кісі өлтіру және басқа да аса қатыгездікпен жасалған ауыр қылмыстардың саны өсуде. Азаматтардың үй-жайларына зорлық-зомбылық, кейде кісі өлтіруге ұласатын дөрекі қарақшылық шабуылдар жасау кең қоғамдық жаңғырық тудырып отыр. Атыс қаруының заңсыз айналымы мен оны қолдану арқылы жасалған қылмыстардың саны арта түсуде.

Еліміздің экономикасындағы дағдарыстық құбылыстар, жұмыссыздық деңгейінің жоғарылауы, әсіресе ауылды жерлерде, ауыл жастарының қалаларға кетуінің басты себептерінің бірі болып отыр. Жұмысы, белгілі бір тұрғылықты мекен-жайлары болмағандықтан олар қылмыстық бағыттағы топтарға бірігеді.

Қылмыс барған сайын ұйымдасқан сипатта белең алып отыр. Адамдардың белгілі бір санаты үшін қылмыстық іс-әрекеттер күн көрудің негізгі көзіне айнала бастады. Ұйымдасқан қылмыс спирт пен алкогольдік өнімдердің, металл сынығы, астық айналымы саласында көріне бастады, қылмыстық топтардың өкімет пен басқару органдарындағы сыбайластық байланыстарын пайдалануы аз кездеспейді.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді іске қосуға мүмкіндік берді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес құқық қорғау және арнайы органдардың күнделікті қызметінің негізгі бағыттарының бірі болды.

Соңғы бес жыл ішінде есірткі қылмыстарының өсуі бес еседен астам болды. Жыл сайын заңсыз айналымнан ондаған тонна есірткі алынады, ол есірткі шикізаттарының Қазақстандағы табиғи өсуінен ғана емес, сонымен қатар еліміздің "қауіпті" есірткілерді Орталық Азия елдерінен Ресей мен Еуропа мемлекеттеріне контрабанда үшін өзіндік ерекшелігі бар транзиттік дәліз болуынан туындап отыр.

Қоғамның нашакорлануының әрі қарай таралуына мемлекеттік және қоғамдық қарсы әрекет жасаудың тиімді жүйесін құру мақсатында Қазақстан Республикасында нашакорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясы мен Нашакорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылуда.

Орталық Азия мемлекеттері мен Ресейдегі терроризмге байланысты оқиғалар тұрақтылыққа елеулі қауіп төндіруде. Діни экстремистік және террористік бағыт алған халықаралық қылмыстық ұйымдар тарапынан қауіп-қатер өсіп келеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының 1999-2005 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы әзірленді және іске асырылып жатыр.

Халықтың құқық бұзушылықтарға қарсы күрестегі әлеуметтік белсенділігі күрт төмендеді. Құқықтық тәртіп органдарының халықпен бұрын болған көпжақты байланыстары мен ынтымақтастығы мүлде жойылды. Құқық бұзушылықтардың әлеуметтік алдын алуды қамтамасыз етудегі мемлекеттік өкімет органдарының, қоғамдық ұйымдардың қызметі бытыраған, жүйесіз сипат алған.

Әлеуметтік-экономикалық саладағы дағдарыстық құбылыстардың нәтижесінде балалардың елеулі бөлігі тәрбиеден тыс қалып, қолайсыз жағдайларда өмір сүруде, балалардың қадағалаусыз қалуы өсуде, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселелері шешімін таппауда.

Қылмыстық жауапкершілікке тартылған кәмелетке толмағандардың 60% астамы оқымайды немесе қандай да бір қызықты іс түрімен қамтамасыз етілмеген. Жауапқа тартылатын жасқа дейін қылмыстық жазаланатын әрекеттер жасайтын балалар мен жасөспірімдердің саны төмендемей отыр, олардың 70% астамы тұрмысы нашар отбасыларында тұрады.

Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтардың алдын алудың 1998-2000 жылдарға арналған кешенді бағдарламасында көзделген шаралар тиісті деңгейде іске асырылмай жатыр.

Маскүнемдік пен нашақорлық маңызды әлеуметтік проблема болып отыр. Ішкі істер органдарының алдын-алу есептерінде алкогольизмнен емдеуді қажет ететін 140 мыңнан астам адам тұрады, 37 мың 800-ден астам нашақорлар мен екі жарым мың уытқұмарлық анықталды. Әрбір екінші кісі өлтіру, әрбір үшінші қарақшылық шабуыл жасау алкогольден немесе есірткіден мас болу күйінде жасалады. Сонымен бірге, алдын-алу жұмыстардың деңгейі өте төмен, алкогольизм және нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдейтін емдеу-алдын алу мекемелері жеткіліксіз, салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде мақсатты жұмыс жоқ.

Қайталанба қылмыстың деңгейі төмендемеуде, соңғы жылдары қылмыстың 18% астамын бұрын сотты болғандар жасайды.

Бірақ, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу мәселелерінің шешілуі қанағаттанарлықсыз.

Қылмысқа қарсы шешуші күреске және оның алдын алуда тиімді жұмыс істеуге құқық қорғау, арнайы және сот органдарының материалдық-техникалық базасының жеткіліксіз, олардың әлеуметтік жағдайларының нашар болуына байланысты бірқатар факторлар қолбайлау болуда.

Соңғы жылдары құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесі айтарлықтай төмендеді, олардың жалақылары қызметіндегі жұмыс көлеміне сәйкес емес. Қажетті әлеуметтік қорғаудың жоқтығы денсаулығы мен өміріне қауіпті қызмет атқаратын жедел уәкіл және басқа да қызметкер кадрларды іріктеуде теріс әсер етті.

Құқық қорғау органдарын ақпараттық қолдаудың, сондай-ақ халық арасында жоғары құқықтық мәдениетті қалыптастыру жөніндегі белсенді қызметтің жоқтығы азаматтарда заң күшіне және өкіметтің әділдігіне сенбеушілікке әкеліп соқтырды.

Қылмысқа қарсы күресті тиімді жалғастыру үшін барлық мемлекеттік және жергілікті билік органдары мен басқарудың күш салуын үйлестіруге негізделген және заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің сенімді жүйесін құруға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырған жөн.

Бағдарламаның мақсаттары:

- қылмысқа қарсы күрес саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу;

- заңдылық пен құқықтық тәртіпті әрі қарай нығайту, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз ету;

- құқық бұзушылықтардың әлеуметтік алдын алу жүйесін қалыптастыру, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті нығайту, осы қызметке бүкіл мемлекеттік органдарды, қоғамдық құрылымдар мен халықты тарту, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қылмысқа қарсы күресте жергілікті атқарушы органдардың рөлін және жауапкершілігін жоғарылату;

- қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін арттыру, оның ұйымдасқан нысандарына және сыбайлас жемқорлыққа, есірткі қылмысына, терроризм мен діни экстремизмнің көріністеріне күресті күшейту;

- экономикалық құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын экономиканың криминалдануына қарсы әрекет жасау.

Бағдарламаның міндеттері:

- заңнаманы жетілдіру, қылмысқа қарсы күрестің құқықтық базасын нығайту;

- құқық бұзушылықтардың, оның ішінде кәмелетке толмағандар мен жастардың арасында мақсатқа сай әлеуметтік алдын алуды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар мен тұрғылықты мекен-жайлары жоқ адамдарды әлеуметтік оңалтуды жүзеге асыру, әйелдер мен балаларды тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ету;

- қоғамдық қауіпсіздікті, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде және қылмысқа қарсы күресте жергілікті атқарушы органдардың рөлін жоғарылату;

- қылмыстардың ашылуын жоғарылату, жедел-ізвестіру қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;

- ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне, сыбайлас жемқорлыққа және экономикалық қылмыстарға қарсы күресті одан әрі күшейту;

- терроризмге, діни және саяси экстремизмнің таралуына қарсы іс-қимылдардың сенімді жүйесін құру;

- құқық қорғау және арнайы органдарды кадрлармен қамтамасыз ету, олардың қызметкерлерінің біліктілігі мен кәсіпкерлігін арттыру, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары мен ақшалай үлестерін жақсарту;

- құқық қорғау және арнайы органдардың қызметтерін техникалық қайта қаруландыруды және ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

- құқық қорғау қызметінің саласында жүргізілетін саясатқа ақпараттық қолдау жасау және халықтың сенімін қалыптастыру, қылмысқа қарсы күресте азаматтардың қызығушылықтарын арттыру;

- құқық қорғау және арнайы органдары қызметтерінің тиімді өзара іс-әрекет жасауы және үйлестіру тетіктерін әзірлеу;

- ұйымдасқан қылмысқа, есірткілердің заңсыз айналымына, сыбайлас жемқорлық пен терроризмге қарсы күрес саласында қызмет атқаратын шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен және арнайы қызметтерімен, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың өкілдерімен ынтымақтастықты кеңейту.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары:

Заңнаманы жетілдіру, қылмысқа қарсы күрестің құқықтық базасын нығайту. Әлеуметтік-экономикалық реформаларды және қоғамды демократияландыруды одан әрі тереңдете түсу, құқықтық саланы реформалауды, қалыптасқан құқықты қолдану іс-тәжірибесінің өзгеруіне, жаңа құқықтық институттардың құрылуына, құқық қорғау органдары қызметтерінің жетілдірілуіне байланысты туындайтын қоғамдық қатынастардың заңнамалық реттелуін талап етеді.

Бұл мақсатта құқық қорғау қызметінің төмендегідей бағыттарын одан әрі заңнамалық реттеу қажет:

1) адамның, азаматтың және жеке тұлғалардың конституциялық және өзге де құқықтары мен бас бостандығына, халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстарға байланысты қылмыстық заңнаманы жетілдіру;

2) ТМД елдерінің құқық қорғау органдары неғұрлым өзара тығыз іс-қимыл жасау үшін олардың аумақтарында тергеуден және соттан бой тасалап қашып жүрген адамдарды іздестіру, ұстау және беру мәселелерінде қылмыстық қудалау және экстрадиция мәселелерін реттейтін халықаралық шарттарды жетілдіру;

3) Қазақстанның мүддесін ескере отырып, ұлттық заңнаманы Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардың нормалары мен стандарттарына сәйкес келтіру;

4) адам мен азаматтың ар-ожданына және абыройына қол сұғуға, әйелдер мен балаларға зорлық-зомбылық жасауға қатысты қылмыс үшін жауапкершілікті күшейту.

Жедел-іздестіру қызметін құқықтық қамтамасыз ету және жедел жолмен алынған мәліметтерді заңдастыру үшін қылмыстық сот ісін жүргізуде қосымша жағдайлар жасау қажет.

Экономикалық қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында құқық қорғау және арнайы органдардың өзара тығыз іс-қимылын қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді, сондай-ақ олардың құзыреті мен тергелуін нақты шектеуді одан әрі құқықтық реттеудің қажеттілігі туындап отыр.

Экономикалық қылмыс пен сыбайластықты біршама азайту қылмыстық-құқықтық реформамен қатар, әртүрлі нысандағы әлеуметтік-құқықтық бақылауды тереңдете түсу жолымен болуы мүмкін.

Сот-криминалистикалық сараптамаларды дер кезінде жүргізу мақсатында Әділет министрлігінің сараптамалық мекемелерінің желісін кеңейту, оларды қылмыстық ізге түсу органдары орналасқан жерлерге жақындату талап етіледі.

2. Құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті күзету. Құқық бұзушылықтардың әлеуметтік алдын алу. Әлеуметтік бақылаудың дәстүрлік нысандарының әлсіреуі жағдайында кәмелетке толмағандар мен жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу, маскүнемдікке, алкогольизмге және нашақорлыққа қарсы күрес, қылмыстық жазасын өтеген адамдардың бейімделуі жөніндегі шараларды жүзеге асыру ерекше көкейкесті сипатқа ие. ҚР Үкіметінің 2000 жылғы

16 наурыздағы N 408 қаулысына сәйкес құрылатын белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған Әлеуметтік бейімделу орталықтарының тиімді қызметін қамтамасыз ету.

Халықтың құқық бұзушылыққа қарсы күрестегі әлеуметтік белсенділігін арттыру жөніндегі мынадай шараларды: қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысушы азаматтарды көтермелеудің жүйесін енгізуді, көпшіліктің құқықтық тәртіпті сақтауға қатысуының жаңа нысандарын қабылдау қажет.

Құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асыратын алдын алу қызметін одан әрі жетілдірудің өткір қажеттілігі туындап отыр.

Жұмыстың басты қағидаттары - халықпен тығыз байланыс жасау, азаматтармен ашық-жарқын сөйлесу, олар құқық қорғау органдарына өтініш жасаған жағдайда оларға дереу қажетті көмек көрсету, адамдарға ізеттілік пен ұқыптылық таныту болуы тиіс.

Ішкі істер органдарының алдын-алу қызметінің басым бағыттары ең алдымен, учаскелік полиция инспекторларының қызметі - әсер етудің әкімшілік-құқықтық шараларының үйлесімінде, алдын-алудың жалпы және жеке тәсілдерімен қылмыстың алдын-алу, құқық бұзушылық пен қылмыс жасауды күтуге болады деген адамдарды анықтау, олардың әлеуметтік тәртіпке қарсы пиғылдарын коррекциялау болуы тиіс.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау. Жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың қалалар мен елді-мекендердің көшелеріндегі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ экстремистік пиғылдағы азаматтар мен топтардың тарапынан қоғамға қарсы іс-қимылдардың алдын алу жөніндегі қызметін жетілдіру.

Халықтың қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуы. Көшелер мен тұрғын үй массивтерін патрульдеуді жүзеге асыру үшін қоғамдық күштерді ерікті негізде құру, бұл қызметті моральдық және материалдық ынталандыруды қамтамасыз ету. Қоғамдық тәртіпті сақтау мен ішкі істер органдарының патрульдік нарядтарын және ішкі әскерлердің арнайы моторландырылған бөлімдерін басқаруды ұйымдастыру кезінде жаңа нысандар мен кешенді көзқарастарды іздестіру және енгізу.

Меншіктің мемлекеттік емес нысандарының объектілерінде олардың иелерінің күшімен қоғамдық тәртіпті сақтауды, бұл мәселелердің заңнамалық түрде реттелуін қамтамасыз ету.

Облыс орталықтары мен республиканың ірі қалаларында қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қызметті атқаратын полицияның кешенді күштерін алдыңғы қатарлы техникамен жарақталған жедел басқару орталықтарын құру. Қылмыстар жасалғанда және төтенше жағдайлар туындаған кезде жедел іс-қимылды арттыру.

Жол қозғалысына қатысушылардың тәртібін нығайту, апаттың деңгейін төмендету жөніндегі кешенді іс-шараларды жүзеге асыру.

3. Құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар:

Ұйымдасқан қылмысқа және есірткі бизнесіне қарсы күрес. Құқық қорғау органдары мен соттардың бірлескен жемісті қызметінің негізінде біртұтас құқық қолдану практикасын жасау. Ұйымдасқан қылмыстың

экономикалық базасын жою жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру. Құқық қорғау органдарының ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қауымдастықтар туралы жедел ақпараттарды алуын іске асыру мәселелеріндегі іс-қимылдар үйлесімділігін қамтамасыз ету.

Жедел-іздістіру қызметінің нысандары мен әдістерін одан әрі жетілдіру. Қылмыскерлер мен хабар-ошарсыз жоғалған адамдарды іздістірудің тиімді жүйесін құру.

Барлық құқық қорғау құрылымдарын төменнен жоғарыға дейін ақпараттармен жедел қамтамасыз ету үшін деректердің интеграцияланған банкін құру, құқық қорғау органдары қызметінің практикасына қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, ақпаратты қабылдау-берудің коммуникациялық құралдарын енгізу.

Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына бақылау орнату, есірткілерге қол жеткізуді шектеу және олардың заңсыз айналымын болдырмау. Құқық қолдану қызметін есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды өткізушілерді, жеткізушілерді, сондай-ақ есірткі бизнесін ұйымдастырушылар мен олардың белсенді қатысушыларын анықтауға және жауапқа тартуға бағдарлау. Еліміздің аумағын есірткілер мен психотроптық заттардың контрабандасы мен транзитінен қорғауды қамтамасыз ету. Есірткілердің заңсыз айналымын бақылау саласындағы екі жақты және көп жақты, әсіресе Орталық Азия елдерімен тиімді байланыстарды дамыту. Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды заңсыз өткізуден түскен ақшаларды заңдастыру мен "тазарту" фактілерін анықтау жөніндегі шараларды қолдану. Терроризмнің туындауы мен таралуына ықпал ететін факторларды дер кезінде анықтау мен жоюды қамтамасыз ететін біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізу. Діни-саяси экстремизмге қарсы күресті ведомствоаралық үйлестіру. Елімізге кіруді бақылауды қатайту.

Ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге және діни экстремизмге қарсы күрес жөніндегі бөлімшелер қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру.

4. Құқықтық саясатты насихаттау:

Халыққа құқықтық білім беру және оның құқықтық мәдениетін көтеру. Халықтың құқықтық ақпаратты кең көлемде және еркін түрде алуын қамтамасыз ету. құқықтық білімдерді және қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдер туралы мәліметтерді тарату үшін алдыңғы қатарлы ақпараттық технологиялар мен "Интернет" компьютерлік желісінің мүмкіндіктерін пайдалану. Құқықтық білімдер конкурстарын өткізу.

Мемлекеттің құқықтық саясаты мен құқық қорғау органдарының қызметі туралы қоғамдық пікірді зерттеу. Елдің және оның құқық қорғау құрылымдарының жағымды келбетін қалыптастыру және сот әділдігінің беделін көтеру. Соттар мен құқық қорғау органдарын ақпараттық қолдауды жүзеге асыру. Азаматтардың заңға және мемлекеттік билікке деген құрметті мен сенімін тәрбиелеуде мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының күшін біріктіру.

Бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі, шындыққа сәйкес келмейтін ақпараттардың таралу фактілерінің алдын алу тетіктерін жетілдіру.

5. Құқық қорғау органдарының кадрлық және ғылыми әлеуетін нығайту:

Құқық қорғау органдарын сапалы жинақтау, кәсіби өзегін нығайту, кадрларды даярлау және тәрбиелеу жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің және соттар үшін әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз ету, еңбекақысын көтеру, еңбекті материалдық ынталандырудың жаңа нысандарын енгізу мәселелерін заңнамалық деңгейде шешу.

Құқық қорғау органдарындағы қызметтің беделін арттыру, олар туралы жағымды қоғамдық пікір қалыптастыру.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бойында патриоттық және интернационалдық сезімді, қызметтік міндеттеріне адал болуына тәрбиелеу.

Заңгерлік саладағы жоғары және орта оқу орындарының оқу процесін құқық қорғау органдарының практикалық қызметіне жақындату.

ІІМ академиясы және басқа да оқу органдарының негізінде ішкі істер органдарының қызметін нормативтік, ақпараттық, ғылыми-техникалық жағынан қамтамасыз етуге қабілетті жеке ғылыми-зерттеу базасын құру, оны жедел қызметтердің басым бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, стратегиялық жоспарлар әзірлеу, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдар жасау, жедел жағдайдың даму варианттарын модельдеу, шетел мемлекеттерінің құқық қорғау органдарының оң тәжірибелерін енгізу үшін пайдалану.

6. Қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық:

Қылмысқа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту, құқық қорғау саласында мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейлерде шарттар жасасу.

Қылмыскерлерді қылмыстық ізіне түсу және тапсыру мәселелері бойынша тиімді халықаралық шарттар әзірлеу және жасасу.

Басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылдарының жаңа нысандары мен әдістерін іздестіру және ең алдымен ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне, халықаралық терроризмге, экстремизмнің саяси, діни және өзге де көріністеріне, экономика саласындағы қылмысқа қарсы күресте енгізу.

Қажет болған жағдайда, нақты қылмысты ашу және тергеу үшін әсіресе шекаралас аймақтарда, біріккен жедел-тергеу топтарын құруды, қылмысқа қарсы күрес саласында біріккен деректер банкін қалыптастыруды және пайдалануды қарастыру.

Елімізде шетел азаматтарының болуына тиімді бақылауды орнату, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін олардың жауапкершілігін күшейту, шетел азаматтарының елімізде болуын есепке алу мен бақылау жүйесін автоматтандыруды жүзеге асыру, оларды тіркеу тәртібін жеңілдету.

Бағдарламаны іске асыру тетігі. Бағдарлама қылмысқа қарсы күрестің қолданыстағы нысандары мен әдістерінің тиімділігін арттыруға, заңдылық пен

құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесін одан әрі дамытуға және нығайтуға бағытталған.

Бағдарламаны орындау үшін, ұйғарылған іс-шараларды кезең-кезеңімен орындауды көздейтін, оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Іс-шаралардың кешенділігі мемлекеттік және жергілікті билік және басқару органдарының қызметін барынша үйлестіру мен мүмкіндіктерін шоғырландыруға жағдай жасайды. Бағдарламаны іске асыру тетігінің тиімділігі қылмысқа қарсы күрестің барлық бағыттары бойынша мақсатқа сай және келісілген іс-қимылдарымен қамтамасыз етіледі. Іс-шаралардың бірінші көрсетілген орындаушылары ведомствоаралық топтар құра алады, олардың жұмысын белгіленген мерзімде берілген есептері арқылы ұйымдастырады және бақылайды. Олар, орындаушылармен бірлесіп іс-шаралардың сапалы және уақтылы орындалуына, Бағдарламаны іске асыруға бөлінген қаржылық қаражат пен ресурстарды ұтымды түрде пайдалануға жауапты болады.

Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру болмаған кезде орындаушылар, Ішкі істер министрлігімен келісім бойынша, Қазақстан Республикасының Үкіметіне оларды іске асыру мерзімдерін өзгерту немесе орындаудан алып тастау туралы ұсыныстар енгізеді.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер. Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде:

- қылмысқа, оның ішінде ұйымдасқан нысандарға қарсы тиімді күрес жүргізу үшін қажетті заңнамалық база жақсарады;

- құқық бұзушылықтардың әлеуметтік алдын алу жүйесін құрудың негізі қаланады, құқыққа қарсы әрекеттер жасауға бейім азаматтарға бақылау күшейеді;

- жалпы криминалдық ахуал жақсарады, қылмысқа қарсы күрес күшейе түседі, ауыр қылмыстардың төмендеу үрдісі байқалады, қылмыстардың ашылуы жоғарылайды;

- экономиканың криминалдануы мен көлеңкелі бизнестің деңгейі төмендейді, еліміздегі кәсіпкерлік қызметті және қаржы жүйесін қорғау нығая түседі;

- қалалар мен елді-мекендердегі қоғамдық тәртіп ахуалы жақсарады;

- халықтың құқықтық санасы, оның мемлекетке және қылмыстық әділет органдарына деген сенімінің деңгейі артады, азаматтардың құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасауы жақсарады.

6. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР Конституциясы.
2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы ҚР Қылмыстық-іс жүргізу кодексі.
3. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығы // ҚР ЖС Жаршысы. – 1995. - № 23.
4. ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы № 329 қаулысымен бекітілген ҚР Ішкі істер министрлігі туралы ереже.
5. «Қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 31 қазандағы № 1641 қаулысы.

6. «Қазақстан - 2030» ҚР Президентінің Жолдауы.
7. *Бекбергенов Н.А.* Правоохранительная система в Республике Казахстан: Оқу құралы. – Астана: ИКФ «Фолиант», 2000.
8. *Мауленов Г.С.* Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. – Алматы: Ғылым, 1999.
9. *Когамов М.Ч.* Краткий научно-практический комментарий к главам уголовно-процессуального кодекса Республики казахстан. – Алматы: «Аян Әдет» ЖШС, 1998.
10. *Ибрагимов Х.Ю.* Правоохранительные органы. - Алматы: Дәнекер, 2000.
11. *Фокин В.М.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Былина, 2000.
12. *Авторлар ұжымы.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Юридическая литература, 1998.
13. *Самалдыков М.К.* Правоохранительные органы Республики Казахстан. – Алматы, 1996.
14. Судоустройство и правоохранительные органы в Российской Федерации / В.И.Швецовтың редакциялығымен. – М., 1998.
15. *Симкин Л.С.* Органы юстиции и суды: борьба с преступностью. – М., 1988.
16. «Қазақстан Республикасы ПМ жоғары оқу орындары мен колледждеріне қабылдау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1998 жылғы 7 мамырдағы № 140 бұйрығы.
17. «Қазақстан Республикасы ПМ жоғары оқу орындары мен колледждеріне оқуға кандидаттарды іріктеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 459 бұйрығы.
18. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі ҚР Заңы.
19. Қазақстан Республикасының 1999-2005 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясы.
20. Кәметке толмағандар арасында құқық бұзушылықтарды алдын алудың 1998-2000 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы.
21. ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 16 наурыздағы № 408 қаулысы.
22. *Толубекова Б.Х.* Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. – Алматы. 1998. - 432-бет.

14-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ АГЕНТТІГІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Кеден органдарының құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттары

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде кеден органдары жетекші роль атқарады. Оларға «кеден саясаты, сондай-ақ кеден шекаралары арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу, кеден төлемдерін алу, кедендік ресімдеу, кедендік бақылау тәртібі мен шарты және өмірде кедендік саясатты жүргізудің басқа құралдары»²⁰ ретінде ұғынылатын кеден ісін жүзеге асыру жүктелген.

Кеден органдарының құқық қорғау қызметі мемлекеттің қызметтің бір түрі, кедендік құқық қатынастары саласында мемлекеттің ішкі және сыртқы функцияларының көрінісі болып табылады.

Осы қызметтің мақсаты мемлекеттік, қылмыстық, әкімшілік, кедендік, азаматтық және кеден органдары қызметінің саласындағы құқықтың басқа да салаларының нормаларын сақтауды, пайдалануды, орындауды, қолдануды қамтамасыз етуден тұрады.

Қазақстан кеден органдарының құқық қорғау қызметі «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Заңның 8-бабында заңды түрде бекітілген -. Кеден органдарының негізгі міндеттері мен функциялары басқа да құқық нормаларының құралы ретінде кеден органдары сақтауға, пайдалануға, орындауға және қолдануға тиіс құқық нормалары болып табылады.

Кеден органдары жоғарыда аталған Заңның 11-бабына сәйкес:

- атқарылуына бақылау жасауды Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асыруға міндетті Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңдарының сақталуын; кеден ісін жүзеге асыру кезінде азаматтар мен ұйымдардың заңды құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді (2-т.);

- өз құзыры шегінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін және экономикалық мүдделерін қамтамасыз етеді (3-т.);

- сауда-экономикалық қатынастарды кедендік реттеу құралдарын қолданады (4-т.);

- Қазақстан Республикасының кеден саясатын жасауға және жүргізуге қатысады (1-т.);

- Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде рұқсат ету тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді (7-т.);

- кеден ісі саласындағы контрабанда мен қылмыстарға, Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кеден ережелерін және салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күреседі, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы есірткі заттардың, психотроптық

²⁰

Воропцов С.А. Правоохранительные органы РФ. – Ростов-на-Дону. 2001. – 535-бет.

заттардың, қару-жарақтың, Қазақстан Республикасы мен шетел халықтарының көркем, тарихи және археологиялық игілігі бұйымдарының, интеллектуалдық меншік объектілерінің, жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің, олардың бөлшектері мен туындыларының, басқа да тауарлардың заңсыз айналымға түсуіне жол бермейді, сондай-ақ халықаралық терроризмге қарсы күреске жәрдемдеседі және Қазақстан Республикасы әуежайларында халықаралық азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласуға жол бермейді (8-т.);

- мемлекет қауіпсіздігін, халықтың имандылығын, адам өмірі мен денсаулығын қорғау, айналадағы табиғи ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді сақтау, шеттен әкелінетін тауарларды республикада тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға ықпал етеді (13-т.).

ҚР кеден органдарының маңызды құрамды бөлігі және құқық қорғау қызметі түрлерінің бірі кеден ережелерін бұзу туралы істер бойынша әкімшілік іс жүргізу болып табылады. Ол белгілі бір тәртіппен жасалатын, көрсетілген Заңда көзделетін, ал реттелмеген бөлікте Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында²¹ көзделетін түрлі іс жүргізу әрекеттерінің жүйесін білдіреді.

Жоғарыда аталған Заң кеден ережелерін бұзудың 40 түрін қамтиды. Заңда оларды бұзғаны үшін жауапкершілік көзделеді (260-299-баптар). Кеден ережесін бұзуды шартты түрде екі санатқа бөлуге болады:

1. Қазақстанның экономикалық мүддесі үшін үлкен қауіп төндірмейтін болмашы бұзушылықтар.

2. Қазақстанның экономикалық мүддесі мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін, мемлекет белгілеген негізгі кедендік реттеу ережелеріне озбырлық жасайтын кеден заңдарын өрескел бұзу.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2001 жылғы 22 қаңтардағы Жарлығымен²² Үкіметке контрабанда туралы және кедендік төлемді төлеуден жалтару істері бойынша анықтау жүргізу құқығын сақтай отырып, кеден органдарын жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерден (жоғарыда аталған Заңның 37-тарауы, 244-245-баптар) айыруды көздейтін қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңның жобаларын әзірлеу және оны республика Парламентінің қарауына енгізу тапсырылды.

ҚР кеден органдары ҰҚК мен ІІМ-нің шекара органдарымен неғұрлым белсенді жүйелі өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Мұндай өзара іс-қимылдың негізгі бағыты контрабанданың аса қауіпті түрімен - елден қару-жарақты, есірткіні, өнер заттарын заңсыз әкелуге және әкетуге қарсы күрес, сондай-ақ шетелге мұнай өнімдерін, стратегиялық маңызы бар шикізаттар мен валюталық құндылықтарды заңсыз әкетудің жолын кесу болып табылады.

²¹ Абсеметов М.О. Таможенное дело Казахстана (история, опыт, перспективы): Оқу құралы. Астана, 2001. – 109-бет
²² Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. – 2001. - № 1-2. – 2-күжат

Кеден органдары құқық қорғау органдарымен бірлескен іс-шараларға қатысады. ҚР Қаржы полициясы агенттігімен және Кеден комитетімен бірлесіп базарларда, көтерме базарларда, дүңгіршектерде, дүкендерде және т.б. күмәнді акциздік алымдардың маркалары бар алкоголь өнімдерін заңсыз сатуды, сондай-ақ лицензиялық нормалар мен ережелерді бұзушыларды анықтау бойынша «Этиль спирті мен алкоголь өнімдерін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік реттеу туралы» ҚР Заңының нормаларын орындау жөніндегі іс-шаралар әзірлейді.

2. Кедендік бақылау агенттігінің негізгі міндеттері мен функциялары

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2002 жылғы 28 желтоқсандағы № 931 Жарлығына²³ сәйкес және елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен²⁴ Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі туралы ереже бекітілді. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, кеден ісі саласында тікелей басшылықты, салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық, рұқсат ету функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Кедендік бақылау агенттігі құқық қорғау органы болып табылады және оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасы кеден органдарының бірыңғай жүйесін құрайды.

Кедендік бақылау агенттігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 қыркүйектегі қаулысымен бекітілген Кедендік бақылау агенттігі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Кедендік бақылау агенттігі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі және мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында және банктерде шоттары болады. Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі. Агенттіктің, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттілік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы ретінде әрекет етуге құқығы бар.

Кедендік бақылау агенттігінің *негізгі міндеттері:*

- 1) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігі мен экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету;

²³ Қазақстанская правда. – 2002. – 29 тамыз.

²⁴ Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. – 2002.

- 2) Қазақстан Республикасының кеден саясатын әзірлеуге және жүргізуге қатысу;
- 3) оның орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асыруға міндетті болатын Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңнамасының сақталуын, кеден ісін жүзеге асыру кезінде азаматтар мен ұйымдардың заңды құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету;
- 4) сауда-экономикалық қатынастарды кедендік реттеудің құралдарын қолдану;
- 5) кедендік төлемдер мен салықтарды алу;
- 6) лицензиялауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шараларын әзірлеуге қатысу;
- 7) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу кездегі рұқсат ету тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 8) контрабанда мен қылмыстарға, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарға, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кеден ережелері мен салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрес, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, қару-жарақтың Қазақстан Республикасы мен шет елдер халықтарының көркем, тарихи және археологиялық игілігі заттарының, зияткерлік меншік объектілерінің, жойылып кету қаупі төніп тұрған жануарлар мен өсімдік түрлерінің, олардың бөліктері мен дериваттарының, басқа да тауарлардың заңсыз айналымының жолын кесу, сондай-ақ халықаралық терроризмге қарсы күресте жәрдем көрсету және Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық азаматтық авиацияның қызметіне заңсыз араласудың жолын кесу;
- 9) кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді жүзеге асыру және жетілдіру, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге ықпал ететін жағдайлар жасау;
- 10) сыртқы сауданың кеден статистикасы мен Қазақстан Республикасының арнайы кеден статистикасын жүргізу;
- 11) Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасын жүргізу;
- 12) Қазақстан Республикасы сыртқы экономикалық байланыстарының, сондай-ақ ұйымдар мен азаматтардың осындай байланыстар шеңберіндегі қызметінің дамуына жәрдемдесу;
- 13) мемлекеттік қауіпсіздікті, халықтың адамгершілігін сақтау, адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, әкелінетін тауарларды республикалық тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға жәрдемдесу;
- 14) стратегиялық және Қазақстан Республикасының мүдделері үшін өмірлік маңызы бар басқа да материалдардың әкетілуін бақылауды жүзеге асыру;

15) өз құзыретінің шегінде валюталық бақылауды жүзеге асыру;

16) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің кеден ісіне қатысты бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының кеден ісіне байланысты халықаралық шарттарын әзірлеуге қатысу; шет ел мемлекеттерінің кедендер және өзге де құзыретті органдарымен, кеден ісі мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру;

17) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және құзыретінің шегінде кеден ісі саласында консультация жүргізу, мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін осы саладағы мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру;

18) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік билік органдарына, ұйымдар мен азаматтарға кеден мәселелері бойынша ақпараттар ұсыну;

19) бірыңғай қаржы-шаруашылық саясатты іске асыруға, кеден органдарының материалдық-техникалық және әлеуметтік базасын дамытуға қатысу болып табылады.

Агенттік өз құзыретінің шегінде және заңнамада белгіленген тәртіппен *мынадай функцияларды* жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының кеден саясатын жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауға қатысу, оның іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) кеден ісі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеу;

3) оларды алу кеден органдарына жүктелетін кеден баждары мен салықтарының ставкалары мен қолдану тетігі туралы ұсыныстар енгізу;

4) лицензиялауды қоса алғанда, экономикалық саясаттың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты шараларын әзірлеуге қатысу;

5) тауарлардың кедендік құнын белгілеудің дұрыстығын бақылау жүйесін ұйымдастыру;

6) оларды алу Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелетін кеден баждары мен салықтарының республикалық бюджетке уақытылы және толық енгізілуін қамтамасыз ету;

7) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендер шекарасы арқылы өткізу кезінде кедендік режимдерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

8) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің жүзеге асырылуын ұйымдастыру, оларды жетілдіру шараларын қабылдау;

9) бақылауды өз бетімен және басқа да құқық қорғау органдарымен өзара іс-әрекетте кедендік бақылау аймағы режимінің сақталуын қамтамасыз ету, кедендік инфрақұрылым объектілерін қорғау жүйесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының кедендік шекарасын қорғау жөніндегі басқа да шараларды жүзеге асыру;

10) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуге рұқсат беру тәртібін әзірлеуге және орындауға қатысу;

11) стратегиялық және Қазақстан Республикасы үшін өмірлік маңызы бар басқа да материалдардың, сондай-ақ мәдени құндылықтардың әкетілуін бақылауды жүзеге асыру;

12) валюталық бақылауды жүзеге асыру;

13) кеден органдарының мемлекеттік қауіпсіздікті, табиғи ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, республикаға әкелінетін тауарларды тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қатысуын қамтамасыз ету;

14) контрабандаға және кеден ісі саласындағы өзге де қылмыстарға, құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізуді ұйымдастыру;

15) кеден ережелерін бұзушылықтарға байланысты жұмысты жүзеге асыру;

16) халықаралық терроризмге қарсы күресте және Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық азаматтық авиацияның қызметте заңсыз араласудың жолын кесуде жәрдем көрсету;

17) Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының контрабанда туралы, кеден ісі саласындағы өзге де қылмыстар туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде заңдылықты сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

18) Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасын жүргізу;

19) Қазақстан Республикасы кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, заңсыз әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне арналған шағымдарды уақытылы және объективті түрде қарауды қамтамасыз ету;

20) Қазақстан Республикасындағы кеден ісінің жай-күйі мен оны дамыту бойынша ақпараттық түсіндіру жұмысын жүргізу;

21) Қазақстан Республикасының кеден ісі мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысу, келіссөздер жүргізу және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу;

22) кеден ісі мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

23) Қазақстан Республикасы халықаралық міндеттемелерінің кеден ісіне қатысты бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету;

24) Қазақстан Республикасы мен шетелдік мемлекеттерде кеден ісі туралы заңнаманың қолданылу практикасын жинақтау және талдау, оның ішінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын да жүргізу;

25) кеден ісі бойынша мамандарды даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін көтеруді, кеден зертханаларында, басқа да ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда жұмыс істеу үшін мамандар даярлауды қамтамасыз ету;

26) өз жүйесінде ғылыми-зерттеу ұйымдарының, оқу орындарының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

27) Қазақстан Республикасы кеден органдары жүйесінің мүлкін басқаруды жүзеге асыру;

28) кеден органдары жүйесінің лауазымды адамдарын құқықтық және әлеуметтік қорғау шараларын іске асыруға жәрдемдесу;

29) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жөнінде профилактика және құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

30) шетел мемлекеттерінің құзыретті органдарымен кеден ісі мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

31) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мүдделі мемлекеттік органдарды республикадағы кеден ісінің жай-күйі және оны нығайту мен дамыту жөнінде кеден органдары қабылдап жатқан шаралар туралы хабардар ету;

32) өзіне заңнамамен жүктелетін өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін Агенттіктің:

1) Қазақстан Республикасының барлық аумағында орындау үшін міндетті кеден ісі мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді шығаруға;

3) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан Агенттікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

3) өз құзыретінің шегінде меншік нысанына қарамастан ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарынан, сондай-ақ жеке тұлғалардан кеден заңнамасын бұзушылықтарды жоюды талап етуге және оның орындалуын бақылауға;

4) басқа да құқық қорғау органдарымен бірлесіп Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрес бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысуға;

5) кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстар туралы істер бойынша анықтау мен іс жүргізуді жүзеге асыруға;

6) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасауға, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамада көзделген басқа да шараларды қолдануға;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметіне кеден басқармаларын, кедендерді, кеден зертханаларын және кеден органдарының міндеттерін шешуге ықпал ететін өзге де ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізуге;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметіне кеден ісі, кеден органдарын ұйымдық-штаттық, кадрлық және материалдық-техникалық жағынан нығайту мәселелері жөніндегі ұсыныстарын енгізуге;

9) халықаралық қатынастарда кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасын білдіруге;

10) өз құзыретінің және ұстауға бөлінген қаржы қаражатының шегінде кеден органдары қызметкерлерінің материалдық қамтамасыз етілуі мен әлеуметтік қорғалуын жақсарту жөнінде шаралар қабылдауға;

11) заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарға *құқығы бар*.

3. Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы, қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібі, өкілеттігі

Агенттікке Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басшылық жасайды. Төрағаның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төрағаның төрт орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

Төраға Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды, өз құзыретінің шегінде шешімдер қабылдауда дербес және Агенттіктің қызметі үшін дербес жауаптылықта болады. Осы мақсаттарда төраға мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

- 1) Агенттіктің қызметіне басшылықты жүзеге асырады;
- 2) Агенттікті Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдарында және өзге де ұйымдарда білдіреді;
- 3) өз орынбасарларының, сондай-ақ департаменттер және Агенттіктің өзге де құрылымдық бөлімшелері бастықтарының құқықтары мен міндеттерін белгілейді;
- 4) өз құзыретінің шегінде кеден органдары орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 5) кеден органдарының лауазымды адамдарын қызметке тағайындауды және қызметінен босатуды жүргізеді;
- 6) азаматтарды кеден органдарының кадрлық құрамына қабылдайды, оларға кеден қызметінің полковнигін қоса алғанда бастапқы және кейінгі арнайы атақтар береді;
- 7) кеден органдарының қызметкерлеріне жоғары басшы құрамның арнайы атақтарын беру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізеді;
- 8) заңнамада белгіленген тәртіппен кеден органдарының қызметкерлерін көтермелеу, материалдық көмек көрсету мәселелерін шешеді және тәртіптік жазалар қолданады, оларды заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік наградалармен марапаттауға және Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беруге ұсынады;
- 9) өз құзыретінің шегінде заңнамаға сәйкес Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың жарғыларын бекітеді;
- 10) өз құзыретінің шегінде Агенттіктің құрылымы мен штат санын бекітеді;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Агенттік төрағасының бұйрықтары Агенттіктің кесімдері болып табылады.

Агенттіктің төрағаның жанындағы консультативтік-кеңес органы болып табылатын Алқасы болады. Алқаның сандық және дербес құрамын Агенттіктің төрағасы бекітеді.

4. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР Конституциясы
2. «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» 1995 жылғы 20 маусымдағы ҚР Заңы.
3. ҚР Президентінің «ҚР мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2002 жылғы 28 тамыздағы № 931 Жарлығы
4. ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 6 қыркүйектегі № 981 қаулысымен бекітілген ҚР Кедендік бақылау агенттігі туралы ереже
5. *Бекбергенов Н.А.* Правоохранительная система РК: Оқу құралы. – Астана, 2002.
6. *Ибрагимов Х.Ю.* Правоохранительные органы. – Алматы, 2000.
7. *Алибеков С.Т.* Казахстанское таможенное право: оқу құралы. – алматы, 1999.
8. Основы таможенного дела: Оқулық / В.Г.Драгановтың редакциялығымен. – М., 1998
9. *Нурахметов Б.* Таможенное дело в РК. – Алматы, 1997.
10. *Алибеков С.Т.* Таможенное делов РК. – Алматы, 1997.
11. *Сарсенбаев М.А.* Таможенное право. – Алматы: Дәнекер, 2000.
12. *Голощанов Н.А.* Таможенный контроль. М.:Экзамен, 2000.
13. *Абсеметов М.* Таможенное дело Казахстана: Оқу құралы. Астана: Ресми-Табыс, 2001.
14. *Козырин М.А.* Таможенное право. – Алматы: Дәнекер, 2000.

15-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ АГЕНТТІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

1. Қаржы полициясы агенттігі

Қаржы полициясы агенттігі Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2001 жылғы 22 қаңтардағы Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметін жетілдіру мақсатында құрылды.

Қаржы полициясы агенттігін ұйымдастыруды және қызметін реттейтін негізгі заң актілері Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары және өзге де нормативтік құқықтық актілер, соның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 27 ақпандағы қаулысымен²⁵ бекітілген «Қаржы полициясы агенттігі туралы» ереже болып табылады.

Қазіргі кезде ҚР Қаржы полициясы агенттігі өз қызметін елдің экономикалық және қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

Қаржы полициясы агенттігі Үкіметтің 2001 жылғы 27 ақпандағы № 283 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу мен тергеу бойынша басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте - салааралық үйлестіруді әрі өзге де арнайы атқарушы және рұқсат етуші функцияларды жүзеге асырушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады.

Агенттік құқық қорғау органы болып табылады. Агенттіктің *негізгі міндеттері*:

1) экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу;

2) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтарды тергеу бойынша, сондай-ақ салықтарды, кеден алымдарын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруға, заңсыз жолмен табылған ақшалай қаражаттарды немесе өзге де мүлікті заңдастыруға (тазартуға) байланысты қаржы полициясы органдарының тиімді іс-қимыл жасауын ұйымдастыру;

3) экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтар жасаған немесе соларды жасағанына күдікті адамдарды іздестіруді жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекетке келтірілген зиянды өтеуге шаралар қабылдау;

²⁵

Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. – 2001. - № 8. – 83-құжат.

4) республикадағы жедел жағдайды талдау және болжау, экономика және қаржы қызметі саласында заңдылықты нығайту жөнінде ұсыныстар әзірлеу әрі қаржы полициясы органдарының кірісуін талап ететін мәселелер бойынша жедел әрекет шараларын қабылдау;

5) экономикалық және қаржылық қылмысқа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру, жедел-ізвестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын айқындауға қатысу;

6) өз құзыретінің мәселелері бойынша жалпы республикалық және аймақтық жедел-ізвестіру мен алдын алу іс-шараларын үйлестіру және жүргізу, қолда бар күш пен құралдарды қолдану жөнінде оңтайлы шешімдер әзірлеу, бағынышты органдар мен бөлімшелерге практикалық және әдістемелік көмек көрсету, оң жұмыс тәжірибесін қорыту және тарату;

7) қаржы органдары қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының салық және кеден органдары қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

8) өз құзыреті шегінде қаржы полициясы органдары құрылымын жетілдіру, оны оңтайландыру, қаржы полициясы органдарының қызметтері мен бөлімшелерінің өз арасындағы және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын жақсарту жөнінде шаралар әзірлеу;

9) өз құзыреті шегінде қаржы полициясы органдарының қызметін материалдық-техникалық, қаржылық және кадрлық, сондай-ақ ақпараттық қамтамасыз ету;

10) ведомствоға қарасты ұйымдарға, оның ішінде оқу орындарына жалпы басшылықты жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Агенттікке жүктелген өзге де міндеттерді орындау болып табылады.

Агенттік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес *мынадай функцияларды*:

1) Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары жүйесіне жалпы басшылықты, олармен жедел басқару жүйесінің іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді;

2) қаржы полициясы органдары қызметінің басым бағыттарын айқындайды, оларды іске асырудың құқықтық, ұйымдық және экономикалық тетіктерін әзірлейді;

3) қаржы полициясы органдарына жүктелген міндеттерді іске асырады, оларды төмен тұрған қаржы полициясы органдарының атқаруын бақылайды, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін әлсірететін факторларды жоюға бағытталған шараларды жүзеге асырады;

4) жедел жағдайдың жай-күйі мен болжамын ескере отырып, қаржы полициясы органдары қызметінің тиімділігін зерделеуді және осы қызметті жетілдіру жөнінде шаралар әзірлейді;

5) стратегиялық жоспарларды әзірлеуге қатысады, іс-шаралардың тактикалық жоспарларын, сондай-ақ өзіне бағынышты органдар мен

бөлімшелердің, оның ішінде құрылымдық бөлімшелердің қызметін реттейтін кесімдер әзірлейді;

б) қаржы полициясы органдарының және оның барлық буынының құрылымын әзірлейді, өз құзыреті шегінде оны жетілдіреді;

7) қаржы полициясы органдарының кадрларын іріктейді, орналастыруды, оқытуды және тәрбиелеуді ұйымдастырады әрі ведомствоға қарасты оқу орындары қызметін қамтамасыз етеді;

8) қаржы полициясы органдары қызметінің көкейтесті бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер мен әзірленім жүргізуді ұйымдастырады;

9) жедел-іздістіру қызметін, заңсыз жолмен табылған ақшалай қаражаттар мен өзге де мүлікті заңдастыруға (тазартуға) қарсы күресті жүзеге асырады, сондай-ақ көрсетілген қызметті Агенттік аумақтық органдарының жүзеге асыруын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және бақылайды, оларға практикалық әрі әдістемелік көмек көрсетеді;

10) экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу мәселелері бойынша шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен өзара іс-қимыл жасасады, халықаралық ұйымдар қызметіне қатысады;

11) бөлінген материалдық ресурстардың және бюджеттік қаржының мақсатты да тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, олар бойынша есеп жүргізу мен есептілікті, сондай-ақ қаржы полициясы органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне ведомствоішілік бақылауды жүзеге асырады;

12) республикадағы экономикалық қауіпсіздіктің жай-күйі және оны нығайту жөнінде қаржы полициясы органдары қабылдап жатқан шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мүдделі мемлекеттік органдарды хабардар етеді;

13) экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қаржы полициясы органдарын ұйымдық-штаттық, кадрлық және материалдық-техникалық нығайту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

14) заңнамамен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Агенттіктің өз құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарға *құқығы бар*:

1) заңды немесе жеке тұлғаларға орындауы үшін міндетті нұсқама беру;

2) салықтар төлеуден жалтаруға байланысты қылмыс белгілерін көрсететін жеткілікті негіздер болған ретте, салық органының нұсқамасы негізінде салық органымен бірлесіп салық тексерістерін жүргізу;

3) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан ақпарат сұрату және алу;

4) меншік нысанына қарамастан ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарынан, сондай-ақ жеке адамдардан заңнама бұзушылықты жоюды талап ету және оның орындалуын бақылау;

5) жедел-іздістіру қызметін, анықтауды және алдын ала тергеуді жүзеге асыру;

б) ғылыми-зерттеу, оқыту, баспа қызметін жүзеге асыру;

7) Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің басқа құқық қорғау органдарымен бірлескен бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

8) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасау, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамамен көзделген басқа да шаралар қабылдау;

9) ведомствоға қарасты ұйымдарды, оның ішінде оқу орындарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша Үкіметке ұсыныстар енгізу;

10) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мәселелері және қаржы полициясы органдарының қызметіне қатысты өзге де мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерін әзірлеуге қатысу;

11) экономика және қаржы қызметі саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу мәселелері бойынша халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасын білдіру, халықаралық келісімдер жасасу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыру.

2. Қаржы полициясы агенттігінің төрағасы

Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын *Төраға* басқарады.

Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

Төраға Агенттік жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербес және Агенттіктің қызметі үшін жеке жауапты болады.

Төраға *мынадай өкілеттіктерді* жүзеге асырады:

1) Агенттік қызметіне басшылық жасайды;

2) Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары мен өзге ұйымдарында Агенттіктің атынан өкілдік етеді;

3) өз орынбасарларының, сондай-ақ Агенттік департаменттері мен өзге де құрылымдық бөлімшелері бастықтарының құқықтары мен міндеттерін анықтайды;

4) өз құзыреті шегінде қаржы полициясы органдарының атқаруы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың атқаруы үшін міндетті кесімдер шығарады;

5) өз номенклатурасы бойынша қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды жүргізеді;

6) азаматтарды қаржы полициясы органдарының кадр құрамына қабылдайды, оларға қаржы полициясы полковнигіне дейін қоса алғашқы және келесі арнайы атақтарды береді;

7) Қазақстан Республикасының Президентіне қаржы полициясы органдары қызметкерлеріне жоғары басшы құрамның арнайы атақтарын беру туралы ұсыныстар енгізеді;

8) заңнамамен белгіленген тәртіпте қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін көтермелеу, оларға материалдық көмек көрсету және тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді, заңнамамен белгіленген тәртіпте оларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға және құрметті атақтарын беруге ұсынады;

9) заңнамаға сәйкес өз құзыреті шегінде Агенттіктің құрылымдық және аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді, сондай-ақ ведомствоға қарасты ұйымдардың Жарғыларын бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Агенттіктің Төраға жанында консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Алқасы болады. Алқаның саны мен жеке құрамын Агенттік төрағасы бекітеді.

3. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР Конституциясы
2. ҚР Президентінің «ҚР құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 536 Жарлығы // Казахстанская правда. – 2001. – 22 қаңтар.
3. ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 27 ақпандағы № 283 қаулысымен бекітілген ҚР Қаржы полициясы агенттігі туралы ереже // ПҰАЖ. – 2001. - № 8. – 83-күжат.
4. «ҚР кейбір заң актілеріне қаржы полициясы органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2001 жылғы 12 шілдедегі № 240-2 Заңы // Юридическая газета. – 2001. – 25 шілде.
5. Салық органдарының қаржы полициясымен өзара іс-қимылының кейбір қырлары туралы. ҚР МКМ-нің 2001 жылғы 25 маусымдағы № ЮД-2-2-12/5070 хаты.
6. Бекбергенов Н.А. Правоохранительная система в Республике Казахстан: Оқу құралы. – Астана: ИКФ «Фолиант», 2000.
7. Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы: Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Дәнекер, 2000.
8. Воронцов С.А. Правоохранительные органы РФ. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2001.
9. Григонис Э.П. Правоохранительные органы: Оқулық. – СПб: Питер, 2002.
10. Правоохранительные органы Республики Казахстан: Оқу-әдістемелік материалдар. – Алматы: Дәнекер, 2001.

16-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Мемлекеттік органдар жүйесінде ұлттық қауіпсіздік органдарының орны мен ролі

Жеке адам мен азаматтың қауіпсіздігі мемлекеттік биліктің тиімділігіне баға берудің, құқықтық, демократиялық мемлекет құрудың өлшемдерінің бірі болып табылады. Жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың маңызды элементтері ретінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдары шығады.

Қауіпсіздік ретінде ішкі әрі сыртқы қауіп-қатерден жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің ұлттық мүдделері қауіпсіздігінің жай-күйі ұғынылады. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы»

1998 жылғы 26 маусымдағы ҚР Заңының 1-бабына сәйкес ұлттық мүдделер іске асырылуы мемлекеттің азаматтардың құқықтарын, қоғамның құндылықтарын, мемлекеттік институттарды қорғауды қамтамасыз ету қабілетіне байланысты қажеттіліктер жиынтығын білідіреді. Негізгі қауіпсіздік объектілеріне мыналар жатады: жеке адам – оның құқықтары мен бостандықтары; қоғам – оның материалдық және рухани құндылықтары; мемлекет – оның конституциялық құрылысы, тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы.

Қауіпсіздік жай-күйі қауіпсіздік объектілеріне төніп тұрған нақты әрі ықтимал қауіп – қатердің дәрежесімен сипатталады және бағаланады. Әрі тек әскери ғана емес (дегенмен, мұны жоққа шығаруға болмайды), сонымен бірге экономика, экология, ақпараттық жүйе, мемлекеттік институттар мүддесіне қауіп-қатерлер де есте болып отыр. Қауіп-қатер ойластырылмаған саяси және экономикалық реформалардың, экология нормаларын ескермеу, мемлекеттің мүддесіне байланысты қызметтік және өзге ақпараттарды жария ету нәтижесінде туындауы мүмкін. Сондықтан қорғанысты, экономиканы, өндірістік, табиғи ресурстарды әлсірету ҚР Ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіру мүмкін.

Қазақстан Республикасында күзетілетін объектілердің қорғалуын қамтамасыз ету үшін мемлекет қауіпсіздігі саласында қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесі әзірленеді, мемлекеттік органдар қызметінің негізгі бағыттары айқындалады, қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдары мен олардың қызметін бақылау әрі қадағалау тетігі жасалады.

Мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету – кез келген мемлекеттің алғашқы кезектегі міндеттерінің бірі. Оның үстіне, бірнеше мыңдаған жылдар бойы қоғамдағы қауіпсіздік сол ұлттың, халықтың, жалпы мемлекеттің өмір сүруінің қажетті алғы шарты болып табылды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы бүгінгі күнде де көкейтесті міндеттер болып табылады. Бұл туралы Шешенстан, Ауғанстан, Пәкістан, Израил және т.б мемлекеттердің төңірегіндегі соңғы оқиғалар айғақтайды. АҚШ мүддесіне қарсы бағытталған Нью-Йорк пен Вашингтондағы террорлық актілер мемлекет қауіпсіздігіне

әрқашан және барлық жерде, тіпті әлемдік дамудың қазіргі кезеңіндегі қуатты державаның өзіне де қауіп-қатердің төнетінін айқын көрсетті.

ҚР Президентінің «Қазақстан - 2030» Жолдауында бірінші стратегиялық басымдылық ретінде белгіленген ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері күн тәртібіне тағы да қойылды. Ел басшыларының әлемдегі қазіргі геосаяси ахуалға ден қойып отырғаны, экономикалық, саяси, ұйымдастыру немесе ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сыртқы, ішкі қауіп-қатерлерді жою үшін қажетті өзге сипаттағы шараларды әзірлеуі әрі іске асыруы түсінікті.

ҚР Президентінің 1996 жылғы 22 қарашадағы Жарлығына («Қауіпсіздік Кеңесі туралы» ереже // ПҰАЖ. – 1996. - № 48. 464-құжат) және ҚР Конституциясының 44-бабының 20-тармағына сәйкес *Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі* құрылды. Қауіпсіздік Кеңесі - Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын, елдің тәуелсіздігі мен аймақтық тұтастығын қорғау аясында біртұтас саясат жүргізу саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша Мемлекет басшысының шешімдерін әзірлеу және өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдесу үшін Қазақстан Республикасының Президенті құратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

«Қауіпсіздік Кеңесі туралы» ережеге сәйкес оның *негізгі міндеттері* мыналар:

1) мемлекеттік мүдделердің аясын, оларды іске асыру мен қорғаудың негізгі бағыттарын айқындау, ұлттық қауіпсіздікке ішкі және сыртқы қатерлерді анықтау, олардың алдын алудың, тыйып тастаудың және тойтарудың әдістерін, нысандары мен құралдарын таңдап алу;

2) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің тұжырымдамасын әзірлеу;

4) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ішкі, сыртқы және әскери саясат мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін және осы шешімдерді жүзеге асыру шаралары жөнінде Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу;

5) ұлттық қауіпсіздік саласында Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және бұзу жөнінде ұсынымдар дайындау.

Негізгі міндеттерге сәйкес Қауіпсіздік Кеңесіне бірқатар функциялар жүктеледі, олардың ішінде: ұйымдасқан қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша құқық қорғау, орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру, олардың қызметін жетілдіру жөнінде ҚР Президентіне ұсыныстар енгізу.

Қаіпсіздік Кеңесін ҚР Президенті жасақтайды және ҚР Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының ұсынуы бойынша ҚР Президенті тағайындайтын Қаіпсіздік Кеңесінің мүшелерінен трады. Қаіпсіздік Кеңесі Хатшысының өкілетіктерінің бірі ҚР Президентін мемлекеттің қорғаныс қабілеті, сыртқы және ішкі қауіпсіздік мәселелері жөнінде хабардар ету болып табылады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін сонымен қатар заң шығару, атқарушы органдар және сот билігі, мемлекеттік, қоғамдық және заңға сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысатын өзге де ұйымдар мен бірлестіктер, азаматтар, сондай-ақ қауіпсіздік саласындағы қатынастарды регламенттейтін заңдар құрайды. Қазақстан Республикасының заңында белгіленбеген қауіпсіздік органдарын құруға жол берілмейді.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдары, олардың міндеттері, ұйымдастыру қағидаттары мен қызметі. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттары

Қазақстан Республикасы қауіпсіздік жүйесінің негізгі элементтерінің бірі ұлттық қауіпсіздік органдары болып табылады. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығының 1-бабына сәйкес ұлттық қауіпсіздік органдары ҚР қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жеке адамның және қоғамның қауіпсіздігін, елдің конституциялық құрылысын, мемлекеттік егемендігін, аумақтық тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғауды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік органдар жүйесінде ұлттық қауіпсіздік органдарының дербес орны бар, тек Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынады.

Ұлттық қауіпсіздік органдары өз қызметін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың лауазымды адамдары, әскери құралымдардың қолбасшылығы оларға жүктелген міндеттерді шешуде ұлттық қауіпсіздік органдарына жәрдемдесуге міндетті.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының шет мемлекеттердің арнаулы қызметімен және үкіметтік байланыс органдарымен, халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен ынтымақтастығы Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының негізінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған Жарлықтың 2-бабында былай делінген:

«1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттері:

1) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

2) Қазақстан Республикасының мүддесі үшін барлау ақпаратын іздеп табу;

3) шетел мемлекеттері арнайы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне нұқсан

келтіруге бағытталған барлау және өзге де қызметін анықтау, алдын алу және тыю;

4) Қазақстан Республикасының Конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, тұтастығын бұзуға және қауіпсіздігін әлсіретуге бағытталған терроризм және өзге де қызметті анықтау, алдын алу және тыю;

5) заңмен ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстарды анықтау, тыю, ашу және тергеу;

6) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларын бейбіт кезде және соғыс уақытында үкіметтік байланыспен қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, ұйымдарында және әскери құрамаларында шифрлау жұмысын ұйымдастыру болып табылады.

2. Ұлттық қауіпсіздік органдарына өзге міндеттер тек заңмен ғана жүктелуі мүмкін».

ҚР Президентінің «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту жөніндегі шаралар туралы» 1997 жылғы 5 қарашадағы Жарлықпен Мемлекеттік тергеу комитеті таратылды. Оның жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдардың, әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары, арнайы қызмет қызметкерлерінің және судьялардың сыбайлас жемқорлығына, сондай-ақ қылмыстық қоғамдастық жүзеге асыратын контрабанда мен есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өкілеттігі Ұлттық қауіпсіздік комитетіне берілді, осылайша ҰҚК мәні бойынша прокуратураның (өз уақытында прокуратурадан МТК-ге берілген) бұрынғы тергеу аппаратының құқықтық мирасқоры болды. Бүгінгі таңда ұлттық қауіпсіздік органдары өз өкілеттіктері шегінде заңдармен (ҚР Қылмыстық-іс жүргізу кодексімен) оларды жүргізуге жатқызылған қылмыстарды анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге міндетті.

Қауіпсіздік органдарының қызметі заңдылық, дара басшылық, баршаның заң алдындағы теңдігі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және сақтау, саяси партиялар мен өзге де бірлестіктер қызметінен тәуелсіздік қағидатында құрылады.

Қауіпсіздік органдары қызметінің өзгешелігі оларға жүктелген міндеттерді шешу үшін олардың арнайы құралдар мен әдістерді қолдануынан тұрады, бұл өз кезегінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын кейбір шектеулермен байланысты. Сондықтан, ҚР конституциясының 39-бабының 1-тармағына сәйкес мұндай мәжбүрлеу конституциялық құрылыс негіздерін қорғау, имандылықты сақтау, мемлекеттің қоғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тек заңмен және қажетті шамада ғана жол беріледі. Ұлттық қауіпсіздік органдарының барлық әрекеттері жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделері бұзылмас үшін өте мұқияттылықпен жүргізілуге тиіс. Азаматтардың, қоғамдық және өзге де бірлестіктер мен ұйымдардың олардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу себебі бойынша қауіпсіздік органдарына түсіндірме алуға құқығы бар. Олардың талабы

бойынша мұндай түсіндірмелер заңда белгіленген мерзімдерде жазбаша нысанда берілуге тиіс. Заңдарда белгіленген шектерде ұлттық қауіпсіздік органдары әрбір азаматқа олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен, шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өзінің іс-әрекетінде қызмет бабын теріс пайдаланған немесе өз өкілеттігін асыра пайдаланған лауазымды адамдар заңдарда көзделген жауапкершілікті көтереді. Жоғарыда аталған Жарлықтың 5-бабының 4-тармағына сәйкес ҰҚО мен олардың қызметкерлерінің іс-әрекетіне жоғары тұрған органдаға, прокуратураға не сотқа шағым берілуі мүмкін.

3. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, оның өкілеттігі, қызмет атқару және одан босату тәртібі

ҰҚК Төрағасының өкілеттігі, оны қызметтен ауыстыру және қызметтен босату тәртібі ҚР Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережеде айқындалған. Аталған ереженің 6-тармағына сәйкес Ұлттық қауіпсіздік комитетін Төраға басқарады. Оны қызметке Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және Республика Президенті қызметтен босатады.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасарлары, соның ішінде бір бірінші орынбасары болады. Төрағаның орынбасарларын және ҰҚК ведомстволарының басшыларын Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарындағы генералдар (адмиралдар) атқаратын лауазымдар тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

ҰҚК Төрағасының *өкілеттігі* мынадай түрде айқындалады:

1) Комитеттің жұмысын ұйымдастырады, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады және оларға жүктелген міндеттерді орындау үшін дербес жауап береді, Комитет Төрағасының орынбасарлары арасында міндеттерді бөледі;

2) Қазақстан Республикасының Президентіне Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдық бөлімшелерін және ведомстволарын құру, қайта құру және тарату туралы ұсыныстар жасайды, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдарын, әскери қарсы барлау органдарын, әскерлерді, арнаулы мақсаттағы бөлімшелерді, өзге де ұлттық қауіпсіздік органдарын және ведомствоға қарасты ұйымдарды құрады, қайта құрады және таратады;

3) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволарының және аумақтық органдарының, әскери қарсы барлау органдарының, әскерлердің, арнаулы мақсаттағы бөлімшелердің, өзге де ұлттық қауіпсіздік органдарының және ведомствоға қарасты ұйымдардың құрылымын, функционалдық міндеттері мен штатын, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекітеді, бұған олар туралы ережелерді Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Төрағасының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ведомстволар кірмейді;

4) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді шығарады, өзінің қарауындағы лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының нормаларына қайшы келетін бұйрықтары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін бұзады;

5) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне ведомстволық бақылауды қамтамасыз етеді;

6) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ұлттық қауіпсіздік органдарын ұйымдастыру-штаттық, кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

7) Республиканың мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің арнаулы қызметтерімен, үкіметтік және арнаулы байланыс органдарымен және халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен өзара қарым-қатынаста Комитет атынан өкілдік етеді;

8) халықаралық сипаттағы қылмыстармен күресудің тиімділігін арттыру мақсатында шетел мемлекеттерінің арнаулы қызметтерімен, үкіметтік және арнаулы байланыс органдарымен және құқық қорғау органдарымен келісім бойынша осы мемлекеттерге Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілдерін жібереді;

9) ұйымдастыру, құрылымдық-штаттық, кадрлық, қаржылық, өндірістік-шаруашылық және өзге де мәселелерді шешуде Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасы орынбасарларының, ведомство басшыларының, құрылымдық бөлімшелері мен органдары лауазымды адамдарының өкілеттігін айқындайды;

10) Қазақстан Республикасы Президентінің немесе оның тапсырмасы бойынша Президенті Әкімшілігі Басшысының келісімімен Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы бойынша департаменттерінің, Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тізбе бойынша өзге де ұлттық қауіпсіздік органдарының бастықтарын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, сондай-ақ басқа да лауазымды тұлғаларды тағайындау мен босату тәртібін белгілейді;

11) жоғары немесе арнаулы орта білімі бар әскерге шақырылатын адамдарды және запастағы әскери міндеттілерді жалпы әскери есептен шығара отырып, ұлттық қауіпсіздік органдарына әскери қызметке алады;

12) қатардағы, матростық, сержанттық және старшиналық құрамдардың әскери қызметшілері, прапорщиктер, мичмандар, кіші және аға құрамдардың офицерлері атқаратын лауазымдардың тізбесін бекітеді;

13) бастапқы офицерлік атақ және жоғары офицер құрамының атақтарын, ал көтермелеу түрінде - мерзімінен бұрын және атқаратын штаттық қызметі бойынша көзделгендегіден бір саты жоғары кезектен тыс әскери атақ береді;

14) істің мүддесі үшін офицер құрамының адамдарын бұрынғы қызметі бойынша лауазымдық жалақысын және әскери атағының шегін сақтай отырып, ауыстырып отырады;

15) ұлттық қауіпсіздік органдарының іс үстіндегі резерв офицерлерін мемлекеттік органдар мен ұйымдарда қызметтерге орналастыру жөніндегі мәселелерді олардың басшыларымен келісе отырып шешеді.

16) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шетел мемлекеттерінің арнаулы қызметтері үшін кадрлар даярлауды шарттық негізде шешеді;

17) еңбекке ақы төлеудің бекітілген қоры және басқа да қаражат шегінде әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық және шаруашылық мақсаттағы объектілердің, өзге де ұйымдардың әскери қызметшілерінің, жұмысшылары мен қызметшілерінің, қызметтік үй-жайлар мен ғимараттарды күзету және қызмет көрсету жөніндегі персоналының санын белгілейді;

18) республикалық бюджеттен бөлінген қаржы шегінде ұлттық қауіпсіздік органдарын ұстауға ақша қаражатын бөледі;

19) Комитеттің және оған бағынысты органдардың әскери қызметшілерін, жұмысшылары мен қызметшілерін белгіленген тәртіппен көтермелейді және жазалайды;

20) жоғары әскери атақтар беру және ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілерін, жұмысшылары мен қызметшілерін мемлекеттік наградалармен наградтау туралы, сондай-ақ құрметті атақтар беру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар енгізеді;

21) ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілерін жұмысшылар мен қызметкерлерін ведомстволық наградалармен наградтайды.

22) әскери қызметшілерге, жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек сіңірген жылдарына пайыздық үстемеақы белгілеудің тәртібі мен шарттарын анықтайды;

23) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери кеңесі туралы ережені, оның саны мен құрамын бекітеді.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы болмаған кезде оның міндетін Төрағаның тапсыруы бойынша бірінші орынбасары немесе орынбасарларының бірі атқарады.

Осы Ереженің 11-тармағына сәйке ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету, жедел-қызметтік жұмыс пен кадрлармен жұмыс істеудің аса маңызды мәселелерін қарау, бұлар жөнінде келісілген шешімдер қабылдау үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінде алқа құрылады.

Алқа құрамына Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы (алқа төрағасы). Төрағаның бірінші орынбасары және орынбасарлары (лауазымдары бойынша), Комитеттің жедел құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және басқа да лауазымды адамдар енеді.

Алқа мүшелерін Комитет Төрағасының ұсынысы бойынша Республиканың Президенті бекітеді және алқа мүшесінің міндетінен босатады.

Алқа шешімі Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының бұйрығымен жария етіледі.

Төраға мен алқа мүшелерінің арасында келіспеушілік туындаған жағдайда Төраға өз шешімін қабылдайды және болған келіспеушілік туралы Қазақстан Республикасының Президентіне хабарлайды. Алқа мүшелері өз пікірлерін Республиканың Президентіне мәлімдеуге хақылы.

Алқа міндеттері, өкілеттіктері мен қызметінің тәртібі Комитет Төрағасы бекітетін Ережемен реттеледі.

4. Ұлттық қауіпсіздік органдары жүйесі, олардың құзыреті.

Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы.

Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлеріне қойылатын талаптар

ҰҚК органдары жүйесі мен ұйымдық құрылымы ұйымдастыру мен қызметінің міндеттері және қағидаттары ескеріліп белгіленеді. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заң күші бар Жарлығының 7-бабына сәйкес ұлттық қауіпсіздік органдарының біртұтас жүйесін мыналар құрайды:

- 1) Ұлттық қауіпсіздік комитеті;
- 2) оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер;
- 3) ҰҚК жанындағы үкіметтік байланыс органы;
- 4) ҰҚК «Барлау» қызметі;
- 5) ҰҚК-нің облыстар, республикалық маңызы бар қала мен ҚР астанасы бойынша аумақтық органдары және оларға бағынысты қалалық және аудандық басқармалар (бөлімдер, бөлімшелер);
- 6) әскери қарсы барлау органы;
- 7) ҰҚК әскерлері;
- 8) арнаулы мақсаттағы бөлімшелер;
- 9) оқу орындары;
- 10) ғылыми-зерттеу мекемелері;
- 11) өзге де ұйымдар.

Аумақтық қауіпсіздік органдары тиісті аумақта оларға жүктелген міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді, оларға бағынысты бөлімшелердің қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды.

Осы Жарлықтың 8-бабына сәйкес *Ұлттық қауіпсіздік комитеті*:

- 1) оны Республика Президенті құрады, таратады және қайта құрады және ол Республиканың орталық атқарушы органдарының жүйесіне кірмейді;
- 2) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволарына басшылық жасауды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тәртіппен ұлттық қауіпсіздіктің аумақтық және өзге де органдарын, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын құрады, таратады және қайта ұйымдастырады және оларға басшылық жасайды;
- 3) өз өкілеттігі шегінде нормативтік актілер шығарады және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттарын тікелей іске асырады;

4) оны Республика Парламенті Сенатының келісімі бойынша Республиканың Президенті қызметке тағайындайтын Төраға басқарады; оны Республика Президенті қызметтен босатады;

5) заңды тұлға болып табылады, оның нақтылы және шартты атауы, өзінің рәміздері мен айырым белгілері тиісті мөрлері мен мөртабандары, банктерде шоттары, негізгі қорлары, әлеуметтік-мәдени және медициналық мақсаттағы объектілері, оқу орындары болады.

ҰҚК құрылымы мен қызметін ұйымдастыру ҰҚК туралы Ережемен айқындалады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті ұлттық қауіпсіздік органдарының рәміздерін, айырым белгілері мен ведомстволық наградаларын бекітеді.

ҰҚК жанындағы үкіметтік байланыс органдары ұлттық қауіпсіздік органдарына үкіметтік байланысты қамтамасыз ету жөнінде жүктелген міндеттерді іске асыру үшін құрылады. Ол заңды тұлға болып табылады, оның нақты және шартты атауы, тиісті мөрі мен мөртаңбасы, банктерде шоттары, негізгі қорлары болады.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасы бойынша аумақтық органдары заңды тұлғалар болып табылады, олардың нақтылы және шартты атаулары, мөрлері мен мөртабандары, банктерде шоттары, негізгі қорлары, әлеуметтік-мәдени және медициналық мақсаттағы объектілері болады.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары оперативтік қызметтік жұмысына жергілікті өкілді және атәрушы органдар мен олардың лауазымды адамдарынан тәуелсіз болады.

Әскери қарсы барлау органдары:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлерінде және әскери құрамаларында ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді шешу үшін құрылады;

2) олардың нақтылы және шартты атаулары, мөрлері мен мөртабандары болады;

3) жедел-іздігі қызметінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлерінде және әскери құрамаларының қолбасшылығынан тәуелсіз болады.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері бейбіт кезде және соғыс уақытында ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындауға арналған үкіметтік байланыс әскерлерінен және басқа да әскерлерден тұрады.

Арнаулы мақсаттағы бөлімшелер террорлық актілерді және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке аса қауіпті қол сұғушылықты тыю үшін құрылады. АҚШ-тағы соңғы терактілерге байланысты Республика Президентінің ҰҚК Төрағасына Терроризмге қарсы күрес жөніндегі комитеттің арнаулы бөлімшесін құруға тапсырма бергені белгілі.

Жоғарыда аталған Жарлықтың 12-бабында былай делінген:

«Ұлттық қауіпсіздік органдары өз өкілеттіктерінің шегінде:

1) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Парламентін, Қазақстан Республикасының Үкіметін елдің қауіпсіздігіне төнген қауіп туралы хабардар етуге;

2) Қазақстан Республикасының мүддесі үшін барлау қызметін жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған шет мемлекеттер арнаулы қызметтерінің, ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың барлау және өзге де қызметін анықтау, алдын алу, тыю жөнінде қарсы барлау жұмысын жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, аумақтық тұтастығын, бұзуға және қауіпсіздігін әлсіретуге бағытталған терроризм мен өзге де қызметті анықтауға, алдын алуға және тыюға;

5) заңмен ұлттық қауіпсіздік органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстарды анықтауға, тыюға, ашуға;

6) Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз әскерилендірілген құрамалардың, басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ шет ел заңды тұлғалары мен азаматтарының, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың саяси партияларды, кәсіптік одақтарды қаржыландыруына жол бермеуге және тыюда мемлекеттік органдарға жәрдем көрсетуге;

7) мемлекеттік органдарда, әскери құрамалар, бөлімдер мен ұйымдарда мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді қарсы барлаулық қорғау жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыруға, сондай-ақ олардың қызметін аталған салада бақылауға. Мемлекеттік және әскери құпия болып табылатын ақпаратқа рұқсат алуды ресімдейтін (қайта ресімдейтін) Қазақстан Республикасының азаматтарына арнайы тексеріс жүргізуге;

8) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қорғаныс кешені, атом энергетикасы, көлік пен байланыс объектілерінің, аймақтардың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінің және өзге де стратегиялық объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыруға қатысуға;

9) Қазақстан Республикасының шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктері мен өзге де мемлекеттік ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар жүргізуге;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаумен Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелге баруына, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына келуіне және оның аумағынан тыс жерлерге кетуіне, сондай-ақ олардың Республика аумағында болу режиміне қатысты мәселелерді шешуге қатысуға;

11) шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде басқа құзыретті органдармен бірлесе отырып шаралар қолдануға;

12) Қазақстан Республикасы Президентінің нұсқауы бойынша басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп шетел мемлекеттері, Үкіметтері басшыларының және халықаралық ұйымдар басшыларының Қазақстан Республикасында болған кезеңінде олардың, сондай-ақ елдің аумағында өткізілетін аса маңызды қоғамдық саяси шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысуға;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуді және қорғауды қамтамасыз етуге;

14) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді іске асыру маңсаатында ақпараттық-талдау жұмысын жүргізуге;

15) жұмысы Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатер төндіретін радиоэлектронды құралдармен берілетін радиосәулелерді анықтауға;

16) шифрлау және шифрды ашу жұмысын ұйымдастыруға, арнаулы байланыс түрлерінің үкіметтік және өзге де жүйелерін пайдалануға, дамытуға, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

17) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, соның ішінде мемлекеттік қызметтік құпия болып табылатын ұлттық қауіпсіздік органдарының мәліметтеріне техникалық жолмен кіруге жол бермеу жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

18) ұлттық қауіпсіздік органдарының жұмылу дайындығын қамтамасыз етуге;

19) ұлттық қауіпсіздік органдары үшін кадрлар даярлауды, оларды қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыруға міндетті;

20) мемлекеттік қызметке кіретін және мемлекеттік қызметте төратын Қазақстан Республикасы азаматтарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте және тәртіппен міндетті арнайы тексеру жүргізуге;

21) өздерінің қадағалау функцияларын жүзеге асыруына байланысты прокурордың жазбаша талаптарын орындауға міндетті.

Осы Жарлықтың 13-бабына сәйкес «ұлттық қауіпсіздік органдарының өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін мыналарға құқығы бар:

1) жалпы және арнаулы жедел-іздістіру шараларын, сараптық-криминалистік зерттеулер жүргізу, оларды тергеу заңмен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстардың алдын алу, тыю және ашу маңсаатында Қазақстан Республикасының азаматтарын штаттан тыс оперативтік қызметкерлер ретінде ерікті негізде жұмысқа тарту;

2) маңсааттары мен іс-қимылдары мемлекеттің қауіпсіздігін әлсіретуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзу, конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге бағытталған шетел мемлекеттерінің арнаулы қызметтері мен ұйымдарының, қылмысты топтардың ішіне енуді жүзеге асыру;

3) өздерінің іс-қимылдарымен қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұәсан келтіретін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасына жібермеу және аластау жөніндегі мәселелерді құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп шешу;

4) заңмен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жатқызылған қылмыстарды анықтауда, алдын алуда, тыюда, ашуда және тергеуде қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген шекте орындау үшін басқа органдарға орындалуы міндетті тапсырмалар беру;

5) өздері жүргізіп жатқан материалдар бойынша азаматтарды ұлттық қауіпсіздік органдарына шақыру, олардан түсініктемелер, анықтамалар, құжаттар алып, бұлардың көшірмелерін түсіру, шақыру бойынша келуден бас тартқан адамдарды мәжбүрлеп әкелу;

6) қылмыс жасады деген негізді сезік туғызған ретте азаматтардың жеке басын қуәландыратын құжаттарын тексеру. Қылмыс жасауына сезік келтірілген адамдарды ұстау, ұсталғандардың құжаттарын қарап, жеке тексеру және олардың көлік құралдарын тексеруді, сондай-ақ олардың заттары мен құжаттарын алып қоюды жүзеге асыру;

7) арнайы күзетілетін ерекше режимдегі аумақтарға және өзге де объектілерге кіруге әрекет жасаған және кіруге байланысты құқық бұзған, шекара аймағында заңсыз жүрген адамдарды әкімшілік жолмен ұстауды жүзеге асыру. Олардың жеке басын қуәландыратын құжаттарды тексеру, олардан түсініктемелер алу, жеке тексеру, заттарын қарау мен құжаттарын тексеріп алып қоюды жүзеге асыру;

8) қылмыстарды болдырмау, қылмыс жасаған немесе қылмыс жасады деген сезік туғызған адамдарды қуғындау мен ұстау, ұсталғандарды оларды ұстайтын жерге жеткізу, сондай-ақ оқиға болған жерге жету және шұғыл медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне әкелу үшін ұйымдардың, әскери құрамалардың және бөлімдердің қарамағындағы байланыс құралдарын, көлік құралдарын пайдалану, иелерінің талап етуі бойынша ұлттық қауіпсіздік органдары осының салдарынан келтірілген нақты залалды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтейді;

9) егер кідіру адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызса, елдің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін болса, қылмысты тыю, қылмыс жасады деген сезік туғызған адамдарды қуғындау мақсатымен ұйымдардың, әскери құрамалардың және бөлімдердің аумақтары мен үй-жайларына және азаматтардың қарамағындағы тұрғын үй-жайлар мен олардың қарамағындағы жер учаскелеріне кідіргісіз кіру.

Азаматтардың қарамағындағы тұрғын үйлерге және өзге де үй-жайларға басып кіру оқиғалары туралы ұлттық қауіпсіздік органдары прокурорды жиырма төрт сағаттың ішінде хабардар етеді;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыю шарасы ретінде тұтқындау ұйғарылған адамдарды немесе қауіпсіздік органдары қылмыс жасады деген сезік келтіріп ұстаған адамдарды ұстау үшін тергеу изоляторларын иеленуге, жекелеген жағдайларда оларды ұлттық қауіпсіздік органдарының келісімі бойынша құқық қорғау органдары мен соттар ұсталған және тұтқындағандарды, сондай-ақ сотталғандарды ұстау үшін пайдаланады;

11) мемлекеттік құпиялардың, коммерциялық, банк құпияларының және заңмен қорғалатын құпиялардың сақталуын, мемлекеттік органдардағы, әскери

құрамалардағы, бөлімдердегі және ұйымдардағы арнаулы байланыс түрлерінің және шифрлау жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде бақылауды жүзеге асыру, әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

12) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне төнген қатерді іске асыруға, тергелуі Қазақстан Республикасының заңдарымен ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына берілген қылмыстардың жасалуына мүмкіндік беретін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті ұсыныстарды мемлекеттік органдарға, әскери құрамаларға, бөлімдер мен ұйымдарға енгізу;

13) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік құпияларды қорғау туралы белгіленген ережелерді немесе Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланатын радиоэлектрондық хабар беру құралдарының қолданылуына жол бермеу;

14) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан, әскери құрамалардан, бөлімдер мен ұйымдардан өтеусіз және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып алу;

15) ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыретіне енетін мәселелер жөнінде жергілікті өкілді және атқарушы органдарды хабардар ету;

16) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне қатысты мұрағаттағы оперативтік, тергеу және басқа да материалдарды сақтау мен пайдалануды жүзеге асыру;

17) ұлттық қауіпсіздік органдары әскери қызметшілерінің жеке басын, олардың бөлімшелерінің, үй-жайлары мен көлік құралдарының ведомстволық қарастылығын құпиялау мақсатында басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құжаттарын пайдалану;

18) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындау және аталған органдардың қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдар мен бөлімшелерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құру;

19) арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса, арнайы байланыс, қару-жарақ және жарақтау құралдарын әзірлеу, жасау, сатып алу және пайдалану. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен және фирмаларымен шарттар, келісім-шарттар жасасу;

20) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу. Автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйелері мен арнайы байланыс түрлерінің жүйелерін әзірлеу және жасау;

21) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері үшін шарттық негізде кадрлар даярлауды жүзеге асыру».

Ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрларын әскери қызметшілер, жұмысшылар мен қызметшілер құрайды.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілеріне қойылатын талаптар. «Ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет етуге өз еркімен тілек білдірген, өзінің іскерлік, моральдық қасиеттері, жасы, білімі және денсаулық жағдайы бойынша жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшісі бола алады (осы Жарлықтың 16-бабының 2-тармағы)

Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері Қазақстан Республикасының әскери қызмет атқару туралы заңдарында белгіленген тәртіппен әскери қызмет өткереді.

Ұлттық қауіпсіздік органдарында қызметке жоғары немесе арнаулы орта білімі бар шақырылушылардың ішінен Қазақстан Республикасының азаматтары шақырылуы немесе қабылдануы мүмкін.

Ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет өткеру депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін қызмет атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органы немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды. Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері партияларда, кәсіптік одақтарда болуға, қандай да бір саяси партияны жақтауға тиіс емес.

Өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамаған және құқыққа қарсы іс-әрекеттері үшін ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік, қылмыстық және өзге де жауапкершілікке тартылады.

«Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу үшін ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері міндетті әскери қызметте қалдырыла отырып, мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, олардың басшыларының келісімімен, белгіленген тәртіппен іссапарға жіберілуі мүмкін.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының офицерлік құрамы, прапорщиктері, мичмандары және солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарына келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілері ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрларында, жұмыс істейтін резервінде немесе запасында болады» (осы Жарлықтың 17-бабының 3, 4-тармақтары).

Мемлекет ұлттық қауіпсіздік органдары әскери қызметшілерінің әлеуметтік қорғалуына кепілдік береді.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне бақылауды Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады.

Ведомстволық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына жүктеледі.

Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, ұлттық қауіпсіздік органдарының анықтама, тергеу және жедел іздестіру қызметінің заңдылығына жоғарғы қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен ол уәкілдік берген прокурорлар жүзеге асырады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының қаржы-шаруашылық қызметін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бақылайды.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдары жүйесіндегі ролі мемлекеттік органдар жүйесінде де жоғары. Елімізде демократиялық қоғамды дамыту, сондай-ақ Қазақстан Республикасын тәуелсіз әрі егеменді мемлекет ретінде құру Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, оның аумақтық және құрылымдық бөлімшелерінің тиімді қызметіне байланысты.

5. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР Конституциясы.
2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы ҚР Қылмыстық-іс жүргізу кодексі.
3. ҚР Президентінің «ҚР ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығы.
4. «ҚР ұлттық қауіпсіздігі туралы» 1998 жылғы 26 маусымдағы ҚР Заңы
5. ҚР Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереже.
6. 1996 жылғы 22 қарашадағы ҚР Қауіпсіздік Кеңесі туралы ереже // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – Алматы, 1996.
7. ҚР Президентінің «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту жөніндегі шаралар туралы» 1997 жылғы 5 қарашадағы Жарлығы.
8. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының үкіметтік байланыс әскерлері туралы» 1992 жылғы 31 тамыздағы № 902 Жарлығы.
9. *Рахманова Г.Б.* Проблемы национальной безопасности в стратегии «Казахстан - 2030»: Оқу құралы. – Алматы: ИПЦ КАЗГЮА, 2000.
10. *Бекбергенов Н.А.* Правоохранительная система в Республике Казахстан: Оқу құралы. – Астана: ИКФ «Фолиант», 2000.
11. *Мауленов Г.С.* Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. – Алматы: Ғылым, 1999.
12. *Когамов М.Ч.* Краткий научно-практический комментарий к главам уголовно-процессуального кодекса Республики казахстан. – Алматы: «Аян Әдет» ЖШС, 1998.
13. *Ибрагимов Х.Ю.* Правоохранительные органы. - Алматы: Дәнекер, 2000.
14. *Фокин В.М.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Былина, 2000.
15. *Авторлар ұжымы.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Юридическая литература, 1998.

17-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТУРА ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Конституция және ҚІЖК: әркімнің білікті заң көмегін алу құқығы туралы

Адвокатура – азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсету үшін құрылған кәсіптік, өзін-өзі басқаратын ұйым. Ол құқық қорғау органы болып табылмайды, заңды бұзуға жол берген адамдарға мемлекеттік мәжбүрлеу құқығы жоқ, оның іс-әрекеті мен шешімі жалпыға міндетті сипатта емес, алайда адвокатураның қызметі азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың мүдделерін қорғауда маңызы зор.

Адвокатураның қызметі ҚР Конституциясының 13, 16-баптарына сәйкес жүзеге асырылады, яғни әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі. Конституцияның 16-бабының 3-тармағында ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адамның сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезінен бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқығы көзделген. Сонымен қатар, адвокатураның қызметі БҰҰ-ның қылмыстың жолын кесу жөніндегі VIII Конгресінде қабылданған Адвокаттардың ролі туралы негізгі ережемен регламенттеледі. Нақты заң көмегін көрсету кезінде адвокаттар «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы ҚР Заңын, қылмыстық-іс жүргізу, азаматтық- іс жүргізу және заңдардың өзге де салаларын басшылыққа алады.

Атап айтқанда, ҚР ҚІЖК-нің 70-бабында белгіленген:

1. Қорғаушы - заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.

2. Адвокаттарға, айыпталушының жұбайына (зайыбына), жақын туыстарына немесе заңды өкілдеріне, өз бірлестіктері мүшелерінің істері бойынша кәсіподақтың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне қорғаушы ретінде жол беріледі. Шетелдік адвокаттарға, егер ол Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен халықаралық шартында өзара негізде көзделсе, заңдарда белгіленген тәртіппен іске қорғаушы ретінде қатысуға жол беріледі.

3. Қорғаушы айып тағылған не адам осы Кодекстің 68-бабының бірінші бөлігіне сәйкес сезікті деп танылған кезден бастап іске қатысуға жіберіледі.

4. Бір адам, егер сезіктінің, айыпталушының біреуінің мүддесі екіншісінің мүддесіне қайшы келетін болса, олардың екеуіне бірдей қорғаушы бола алмайды.

5. Адвокаттың өзіне қабылдаған сезіктіні немесе айыпталушыны қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ.

ҚР ҚІЖК-нің 71-бабында қорғаушының міндетті түрде қатысуы көзделеді:

1. Қорғаушының қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуы, егер:
 - 1) ол туралы сезікті немесе айыпталушы өтініш жасаса;
 - 2) сезікті немесе айыпталушы кәмелетке толмаса;
 - 3) сезікті немесе айыпталушы дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса;
 - 4) сезікті немесе айыпталушы сот ісі жүргізілетін тілді білмесе;
 - 5) адам жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айырылу, өмір бойы бас бостандығынан айырылу не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмысты жасағаны үшін айыпталса;
 - 6) айыпталушыға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылса немесе ол мәжбүр етіліп стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға жіберілсе;
 - 7) сезіктілердің немесе айыпталушылардың мүдделері арасында қайшылық болып, олардың біреуінің қорғаушысы болса;
 - 8) қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жәбірленушінің (жеке айыпталушының) немесе азаматтық талапкердің өкілі қатысса;
 - 9) іс сотта қаралған кезде мемлекеттік айыптаушы қатысса міндетті.

2. Қорғаушының қатысуы осы баптың бірінші бөлігінің 1-6-тармақтарында көзделген жағдайларда адам сезікті немесе айыпталушы болып танылған кезден бастап, 7-тармағында көзделген жағдайларда - сезіктілердің немесе айыпталушылардың мүдделерінің арасындағы қайшылық анықталған кезден бастап, 8-9-тармақтарда көзделген жағдайларда - айыпталушыны сотқа берген сәттен бастап қамтамасыз етіледі.

3. Егер осы баптың бірінші бөлігінде көзделген мән-жайлар болған кезде қорғаушыны сезіктінің, айыпталушының өзі, олардың заңды өкілдері, сондай-ақ олардың тапсыруы бойынша басқа да адамдар шақырмаса, қылмыстық процесті жүргізуші орган процестің тиісті сатысында қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті, орган ол туралы адвокаттардың кәсіптік ұйымы үшін міндетті қаулы шығарады».

Қорғаушының өкілеттігі ҚР ҚІЖК-нің 74-бабында айқындалған:

1. Қорғаушы сезіктінің, айыпталушының айыбын жоққа шығаратын немесе жауаптылығын жеңілдететін жағдайларды анықтау мақсатында барлық заңды құралдар мен қорғау тәсілдерін пайдалануға және оларға қажетті заңгерлік көмек көрсетуге міндетті.

2. Қорғаушы іске қатысуға рұқсат етілген сәттен бастап: сезіктімен және айыпталушымен олардың саны мен ұзақтығы шектелместен онаша және құпия жолығуға; заңгерлік көмек көрсету үшін қажетті заттарды, құжаттарды және мәліметтерді жинауға және ұсынуға; айып тағылған кезде қатысуға, сезіктіден немесе айыпталушыдан жауап алу кезінде, сондай-ақ олардың қатысуымен немесе олардың өтініші бойынша жүргізілетін өзге де тергеу әрекеттеріне, сондай-ақ қорғаушының өз өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға; қарсылықтар білдіруге; ұстау хаттамасымен, бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулымен, сезіктінің, айыпталушының немесе қорғаушының

өзінің қатысуымен жасалған тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, сезіктіге және айыпталушыға ұсынылған не ұсынылуы тиіс болатын құжаттармен, ал анықтау немесе алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға; өтініш білдіруге; кез келген сатыдағы сотта істі алдын ала тыңдауға, соттың талқылауына қатысуға, сот жарыссөздерінде сөйлеуге, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі жанарту кезінде соттың отырысына қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпе енгізуге; іс жүргізу құжаттарының көшірмелерін алуға; тарап пен қылмыстық істі жүргізуші адамның заңсыз әрекеттеріне қарсылық білдіруге, бұл қарсылықтарды іс жүргізу құжаттарына енгізуді талап етуге; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттері мен шешімдеріне шағым енгізуге және оларды қарауға қатысуға; заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға құқылы.

3. Тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысушы қорғаушы тергеушінің, анықтаушының рұқсатымен жауап алынып отырған адамдарға сұрақтар қоюға құқылы. Тергеуші, анықтаушы қорғаушының сұрақтарын қабылдамауына болады, бірақ берілген сұрақтардың бәрін хаттамаға енгізуге міндетті. Қорғаушы тергеу әрекетінің хаттамасына оның жазбаларының дұрыстығы мен толықтығына орай жазбаша ескертпе жасауға құқылы.

4. Қорғаушының: өзінің қорғауындағы адамның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасауға және оған тиесілі құқықтарды жүзеге асыруына кедергі жасауға; қорғауындағы адамның айқындамасына қарамастан оның қылмысқа қатысын және оны жасағанына кінәлілігін мойындауға, қорғауындағы адамның жәбірленушімен татуласқандығы туралы мәлімдеуге; азаматтық талапты мойындауға; қорғауындағы адам берген шағымдар мен өтініштерді кері қайтарып алуға; заңгерлік көмек көрсетуге өтініш білдіруге және оны жүзеге асыруына байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жариялауға құқығы жоқ.

5. Қорғаушының осы Кодексте көзделген басқа да құқықтары бар және ол басқа да міндеттерді мойнына алады».

Адвокатура тәуелсіз ұйым болып табылады. Атқарушылық, сот билігінің лауазымды адамдары адвокатты, мысалы, клиентінің мүддесін қорғауда оның белсенділігін азайтуға мәжбүр ету үшін ықпал ете алмайды. Адвокатураның санын, шығыстары мен кірістерін ешкім де бекітпейді. Адвокатура өзін-өзі басқаратын ұйым болып табылады, сондықтан ҚР Әділет министрлігі мен оның органдары тарапынан бақылау жоқ, олардың нұсқаулықтары мен әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алуға құқылы.

Қазіргі кезде адвокаттық қызметпен айналысатын адамдардың негізгі ұйымдық бірлестігі *адвокаттар алқасы* болып табылады. Адвокаттар алқасы өзінің мөрі мен бланкісі, банктерде шоты бар заңды тұлға болып табылады. Алқаны құру құрылтайшылар тобының бастамасымен жүзеге асырылады. Алқаны ұйымдастыру және оның қызмет тәртібі алқа мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданатын оның жарғысымен айқындалады. Жаңадан қайта

құрылған алқалар мен олардың жарғылары ҚР Әділет министрлігінде тіркеуге жатады.

2. Адвокатура ұғымы және міндеттері. Адвокатураның ұйымдық құрылуы

Адвокат – міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және Адвокаттық қызмет туралы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы.

Жоғары заң білімі, заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған адам адвокат бола алады.

Адвокат - жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы.

Қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталған, белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған, адвокаттар алқасынан шығарылған, тәртіптік жағымсыз әрекет жасағаны үшін құқық қорғау органдарынан босатылған адам - босатылған күнінен бастап бір жыл бойы, сондай-ақ лицензиясының қолданылуы осы Заңда белгіленген тәртіппен тоқтатылған адам адвокат бола алмайды.

Адвокаттың көмекшілері мен тағлымдамадан өтушілері болуы мүмкін. Адвокаттың көмекшілері еңбек шартының (келісім-шартының) негізінде заң консультациясында, адвокат кеңсесінде немесе адвокаттық қызметпен жеке-дара айналысатын адвокаттың жанында жұмыс істей алады.

Адвокаттың көмекшілері адвокаттың нұсқаулары бойынша және соның жауапкершілігімен адвокаттың тапсырмаларын орындауға құқылы.

Жоғары заң білімі бар азаматтар ғана адвокаттың тағлымдамадан өтушілері бола алады. Тағлымдамадан өтушілер адвокаттар алқасы төралқасы қаулысының негізінде кемінде бес жыл адвокаттық қызмет стажы бар адвокаттарда үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге тағлымдамадан өтеді. Тағлымдамадан өту адвокаттар алқасы мен тағлымдамадан өтуші арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады. Тағлымдамадан өтуші ретіндегі жұмыс кезеңі заң мамандығы бойынша жұмыс стажына есептеледі.

Адвокат лицензияның негізінде жұмыс істейді. Заңның 9-бабына сәйкес әділет аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі берген адвокат лицензиясы лицензияда көрсетілген адамның адвокаттық қызметпен айналысуына рұқсат беру болып табылады.

Лицензия адвокаттар алқасында үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде тағлымдамадан өткен адамдарға олар аттестаттаудан өткен жағдайда беріледі.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өту ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітетін Адвокаттар лицензияларының мемлекеттік тізілімі туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі осы тізілімді жүргізеді.

Біліктілік емтиханын тапсыруға жіберу туралы өтініш, бір мезгілде лицензия беру туралы өтініші болып табылады.

Лицензия негізгі, тұрақты болып табылады және оның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

Адвокатураның міндеттері:

азаматтар мен ұйымдарға заң қызметін көрсету,

азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, заңдылықты сақтау болып табылады.

Жоғарыда аталған Заңда көрсетілген көптеген міндеттер оның нақты мақсатына сай келмейді. Атап айтқанда, осы нормативтік актіде адвокатураның міндеті сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесу болып табылатыны көрсетілген. Алайда адвокат өз клиентінің мүддесін білдіреді және сот шешімінің өз пайдасына шығуына қол жеткізу мақсатында өзінің заң білімін пайдаланады. Адвокат, егер үкім оның клиентін қанағаттандырса, негізсіз үкімге шағым бермейді.

Заңның 1-бабына сәйкес:

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесуге арналған.

2. Адвокатура қылмыстық істер бойынша қорғау, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және басқа да істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады.

Адвокаттық қызмет шеңберінде адвокаттар көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

Заңның 3-бабына сәйкес адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметі:

1) адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігі;

2) адвокаттық қызметті заңдарда тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыру;

3) заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, соттар, анықтау және алдын ала тергеу органдары, басқа мемлекеттік органдар, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдар тарапынан адвокаттардың қызметіне араласуға жол бермеу;

4) кәсіби мінез-құлық нормаларын ұстану және адвокаттық құпияны сақтау қағидаттарына негізделеді.

3. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері

Заңның 4-бабында адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері көзделген:

1. Заң көмегін көрсете отырып, адвокаттар:

1) шешілуі кәсіби заң білімдерін қажет ететін мәселелер бойынша консультациялар, түсіндірмелер, кеңестер мен жазбаша қорытындылар береді;

2) талап қою арыздарын, шағымдар мен құқықтық сипаттағы басқа құжаттарды жасайды;

3) анықтау, алдын ала тергеу органдарында, соттарда, мемлекеттік және өзге де органдарда, ұйымдарда және азаматтармен қарым-қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың өкілдігі мен оларды қорғауды жүзеге асырады.

2. Адвокаттар заңдарда тыйым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді.

3. Көмек сұрап келген адам адвокатты тандап алуға ерікті, бұған адвокат оған тегін заң көмегін көрсету үшін /осы Заңның 6-бабы/ сондай-ақ, егер қорғалушы өзіне адвокат тандап алмаса немесе таңдалмаса, оның қатысуы міндетті болатын қылмыстық істер бойынша қорғаушы ретінде тағайындалатын жағдайлар қосылмайды.

4. Қылмыстық істер жөніндегі кәсіби қорғауды тек адвокаттар ғана жүзеге асырады.

Адвокаттар көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу мөлшері, қорғаумен және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу көмек сұрап келген адаммен адвокат жасасатын келісімде белгіленеді.

Заңдарда көзделген жағдайларда, адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу, іссапар, көлік және оның басқа да шығындарын төлеу, анықтау, алдын ала тергеу органдарының қаулылары және сот ұйғарымдары бойынша республикалық бюджет қаражатынан жүргізіледі.

Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің мөлшері 4-баптың 2-тармағында көрсетілген негіздер бойынша соңғы 2 айдағы оның орташа еңбек ақысынан төмен болмауға тиіс.

Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және 4-баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Заңның 6-бабында заң көмегіне ақы төлеуден босату жағдайлары көзделеді.

1. Адвокаттар сенім білдірушілердің өтініштері бойынша:

1) алимент өндіріп алу туралы, асыраушысының қайтыс болуына, жұмыспен байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзгедей бұзылуы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді жүргізу кезінде бірінші сатыдағы соттарда талап қоюшыларға;

2) Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдарға, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, I және II топтағы мүгедектерге, жасы жөнінен зейнеткерлерге, егер бұл кәсіпкерлік қызмет мәселелеріне байланысты болмаса, консультациялар беру кезінде;

3) зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау туралы өтініштерді дайындау кезінде азаматтарға;

4) ақтау мәселелері жөнінде кеңестер беру кезінде адамдарға заң көмегін тегін көрсетеді.

2. Адвокаттардың тегін заң көмегін көрсету тәртібі адвокаттар алқасының жарғысында белгіленеді.

3. Азаматтарды олардың материалдық жағдайы ескеріле отырып, адвокаттар алқасының төралқасы, заң консультациясының меңгерушісі, адвокат кеңсесінің иесі (иелері) және өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей жеке дара жүзеге асыратын адвокат заң көмегіне ақы төлеуден босата алады.

4. Осы бапта көзделген жағдайларда адвокаттың көрсеткен заң көмегіне төлеу тиісінше адвокаттар алқасының, адвокат кеңсесінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Адвокаттың құқықтары мен міндеттері

«Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 14-бабына сәйкес:

1. Адвокат көмек сұрап келген адамға ол мұқтаж болған кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы.

2. Адвокат өзіне өтініш жасаған адаммен заң көмегін көрсету туралы өз атынан жазбаша келісім жасасады.

3. Адвокат, қорғаушы немесе өкіл ретінде әрекет жасай отырып, іс жүргізу заңына сәйкес:

1) барлық соттарда, құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге;

2) барлық мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға;

3) заң көмегін көрсету үшін қажет нақты мәліметтерді дербес жинауға және дәлелдер табыс етуге;

4) көмек сұрап өтініш жасаған адамға қатысты материалдармен, соның ішінде іс жүргізу құжаттарымен, тергеу және сот істерімен танысуға және олардағы ақпаратты заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен белгілеп алуға;

5) іске қатысуға жіберілген сәттен бастап жолығулар санын, олардың ұзақтығын шектемей және мұндай жолығулардың құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайларда өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығып тұруға;

6) заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер мен басқа да қызмет салаларында арнайы білімді қажет ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;

7) өтініштер мәлімдеуге, әділет, прокуратура, анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттың лауазымды адамдарының, сондай-ақ көмек сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтарына және заңдармен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын өзге де лауазымды адамдардың әрекеттеріне белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

8) мемлекеттік құпияларды құрайтын ақпаратпен, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын

ақпаратпен, егер бұл анықтау, алдын ала тергеу кезінде және сотта қорғау немесе өкілдік ету үшін қажет болса, заң актілерінде көзделген тәртіппен танысуға;

9) заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңдарда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;

10) заңдарға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

4. Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам адвокаттың заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамның мүддесін білдіру құқығын танудан бас тарта алмайды.

5. Адвокаттың мемлекеттік органдардың, соттардың, прокуратураның, анықтау және алдын ала тергеу органдарының әкімшілік үйлеріне кіруі осы органдар мен соттар белгілеген тәртіппен өзінің адвокаттық куәлігін көрсетуі бойынша жүзеге асырылады.

Адвокаттың ұсталғандар, тұтқынға алынғандар және жазасын өтеп жатқандар отырған орындарға кіруі белгіленген рұқсаттық режимге сәйкес жүзеге асырылады.

6. Адвокаттың міндетті сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

Әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды адвокаттар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес төлейді.

Адвокат құқықтармен қатар белгілі бір міндеттерді көтереді. Заңның 15-бабына сәйкес:

1. Адвокат заң талаптарын сақтауға, адвокатураны ұйымдастыру мен оның қызметінің принциптерін басшылыққа алуға, кәсіптік мінез-құлық нормаларының талаптары мен адвокаттық құпияны сақтауға міндетті.

2. Егер адвокат осы іс бойынша мүдделері көмек сұрап өтініш жасаған адамның (тараптардың өзара келісімі бойынша ара ағайын болған жағдайларды қоспағанда) мүдделеріне қайшы келетін адамдарға заң көмегін көрсетіп жүрсе немесе бұдан бұрын көрсеткен болса немесе судья, прокурор, анықтауды жүргізуші адам, тергеуші, сарапшы, маман, аудармашы, куә, жәбірленуші немесе куәгер, азаматтық талап қоюшы немесе азаматтық жауапкер ретінде іске қатысқан жағдайларда, сондай-ақ егер істі тергеуге немесе қарауға адвокатпен жақын туыстық қатынастағы лауазымды адам қатысса, ол заң көмегін көрсету туралы тапсырмадан бас тартуға міндетті.

3. Адвокат заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға міндетті және көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз оларды жария етуге құқығы жоқ.

4. Іс бойынша адвокаттық көмек сұрап өтініш жасаған адамның жағдайын нашарлататын құқықтық позиция ұстануына тыйым салынады.

5. Адвокаттың қылмыстық іс бойынша қабылданған тапсырмадан бас тартуға құқығы жоқ және ол қорғалатын адамның немесе адвокаттың өзінің көзқарасы бойынша әділетсіз үкім шығарылған жағдайда алған белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндетті.

6. Адвокатқа мемлекеттік қызметте болуға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметтен басқа өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуға тыйым салынады».

Сонымен қатар, Заңның 16-бабында адвокаттың кәсіби мінез-құлық нормалары көзделген:

Адвокат заң көмегін көрсету кезінде мынадай кәсіптік ережелерді сақтауға тиіс:

1) көп күш-жігер не уақыт жұмсауды талап ететін қажетті әрекеттер жасаудан жасқанбай ыждағаттылық пен құлшыныс білдіру;

2) заң мәселелерін қарап жатқан органдар мен лауазымды адамдарға қатысты өзін әдепті ұстау;

3) өз кәсіби мінез-құлқын көмек сұрап өтініш жасаған адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне сәйкес қалыптастыра және тежей отырып, істі негізсіз сөзбұйдаға салуға, заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістеріне, алдауға жол бермеу;

4) көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделеріне адал болу және оның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасамау.

Кәсіптік мінез-құлық нормаларын сақтау және адвокаттық құпияны сақтау қажеттігін адвокаттық қызмет қағидаттарының бірі ретінде қарастырып, заң шығарушы сол арқылы адвокаттық әдеп нормаларының маңыздылығына баса мән бергенін атап өту қажет. Адвокаттың өзі қорғайтын адамымен ерекше қатынасын ескере отырып, заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамға адвокатқа берілген мәліметтердің жария етілмеуіне заңда кепілдік беруге тиіс. Оның қағидаттарының бірі ретінде адвокаттық қызметтің этикалық сипатын бекітумен қатар, заң қорғаушыға осы қағидатты сақтауды міндеттеді, өйткені қорғаушының өз функциясын орындауы кезінде соңғысына адвокат пен қорғайтын адамынан басқа, барлығы үшін құпия болып қалуға тиіс көптеген мән-жайлар белгілі болады. Бұл талап көрсетілетін заң көмегінің кез келген түрі бойынша адвокат қызметінің қажетті талабы болып табылады. Бірақ осы қағидат адвокаттың қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуы кезінде өзекті болады.²⁶

5. Адвокатураны ұйымдастыру нысандары

Адвокат өз қызметін заң консультациясы арқылы жүзеге асыруға не дербес немесе басқа адвокаттармен бірлесіп, сондай-ақ заңды тұлғаны тіркемей-ақ жеке дара адвокаттық кеңсе құруға құқылы.

Адвокаттар алқасын адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар адамдар құрады.

Адвокаттар алқасы жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, осы Заңда белгіленген өзге де міндеттерді орындау үшін

²⁶ Жалыбин С.М. Этика защиты в уголовном судопроизводстве. Адвокатура проблемалары жөніндегі ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы, 2001. – 112-бет

құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады.

Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттардың бір ғана алқасы құрылып, жұмыс істеуі мүмкін. (Қараңыз: «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 2 шілдедегі № 12/2 қаулысы).

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттар алқасы болмаған жағдайда, ол Заңның 7-бабының талаптарына сәйкес келетін кемінде он құрылтайшының бастамашылығымен құрылады.

Адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

Адвокаттар алқасының атауы аумағында өзі құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктің атауын қамтуға тиіс.

Адвокаттар алқасының негізгі міндеттері:

1) адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде алқа мүшелеріне жәрдемдесу, кәсіби көмек көрсету және оларды қорғау;

2) алқа мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету;

3) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға кәсіптік бақылауды ұйымдастыру;

4) алдын ала тергеу және сот органдарының белгілеуі бойынша тегін заң көмегін көрсету (Заңның 6-бабы) мен қорғауды ұйымдастыру болып табылады.

5. Адвокаттар алқасы заң консультацияларын құрады».

Адвокаттар алқасының жоғары органы алқа мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы), оның атқарушы органы - төралқа, бақылаушы органы - тексеру комиссиясы болып табылады. Жарғыда көзделген реттерде адвокаттар алқасында адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) қабылдайтын ережелер негізінде жұмыс істейтін басқа органдар құрылуы мүмкін.

Заңның 23-бабына сәйкес

1. Жалпы жиналыс (конференция) адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқылы.

2. Жалпы жиналыстың (конференцияның) ерекше құзыретіне мыналар жатады:

1) адвокаттар алқасының Жарғысын және Жарғыға өзгерістер енгізу туралы шешімдер қабылдау;

2) төралқаны, төралқа төрағасын, тексеру комиссиясын, тексеру комиссиясының төрағасын сайлау;

3) Жарғыда көзделген басқа органдарды және олардың басшыларын сайлау, осы органдар туралы ережелерді бекіту;

4) адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқасы басшылары мен қызметкерлерінің қызметі туралы есептерді тыңдау мен бекіту;

5) адвокаттар алқасының мүлкіне иелік жасау тәртібін белгілеу;

6) есепті көрсеткішке еселенетін мөлшердегі мүшелік жарна ставкаларын белгілеу;

7) органдардың және адвокаттар алқасы басшылары мен қызметкерлерінің шешімдеріне адвокаттардың шағымдарын қарау;

8) адвокаттар алқасының басшылары мен қызметкерлерін мерзімінен бұрын кері шақыру.

3. Жалпы жиналыс (конференция) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы санының үштен екісі немесе, тиісінше, конференция сайлаған делегаттар құрамы болған жағдайда шешімдер қабылдауға құқылы.

4. Жалпы жиналысты (конференцияны) жылына кемінде бір рет адвокаттар алқасының төралқасы шақырады. Тексеру комиссиясының немесе алқа мүшелерінің жалпы санының кемінде төрттен бірінің талап етуі бойынша алқа төрағасы отыз күн ішінде жалпы жиналысты (конференцияны) шақыруға міндетті.

5. Адвокаттар алқасының Жарғысында жалпы жиналыстың (конференцияның) ерекше құзыретіне жататын өзге мәселелер көзделуі мүмкін».

Заңның 24-бабында көзделген:

1. Адвокаттар алқасының төралқасы мен төралқа төрағасы жасырын дауыспен төрт жыл мерзімге сайланады.

2. Адвокаттар алқасының төралқасы:

1) адвокаттар алқасының жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

2) жалпы жиналыстың (конференцияның) шешімдерін орындауды ұйымдастырады, жалпы жиналысты (конференцияны) шақырады;

3) адвокаттардың кәсіби және өзге де құқықтарын қорғайды;

4) адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдауды жүзеге асырады, алқа мүшелігінен шығарады, адвокаттардың тағлымдамадан өтушілерін даярлауды ұйымдастырады;

5) адвокаттың әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардан түскен шағымдарды (ұсыныстарды) тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

6) адвокаттардың тәртіптік теріс қылықтары туралы материалдарды қарайды және кінәлі адамдарға тәртіптік жаза қолданады;

7) адвокаттарды аттестациялауды өткізуді және олардың кәсіби біліктілік арттыру жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

8) осы Заңда (12-бап) көзделген реттерде адвокат лицензиясын кері қайтарып алу туралы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне өтініш жасайды;

9) адвокаттардың кәсіби деңгейін көтеру жөніндегі шараларды жүргізеді, оң жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және таратады;

10) кодификациялық-анықтамалық жұмысты жүргізуді ұйымдастырады, дербес немесе Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдар әзірлейді және басып шығарады;

11) заң консультацияларын құрады, олардың меңгерушілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) адвокат куәлігін береді, оның нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді;

13) адвокаттар алқасының қаражатына Жарғы мен жалпы жиналыс (конференция) белгілейтін тәртіппен иелік жасайды;

14) адвокаттар есепті, қаржы және статистикалық есептілікті және іс жүргізуді ұйымдастырады;

15) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысының (конференциясының) ерекше құзыретіне жатқызылғандарды қоспағанда, адвокаттар алқасы қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы болып, сайланған күніне дейін кемінде екі жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокат сайлана алады.

Алқаның Жарғысына сәйкес адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы:

1) төралқаның жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді және төралқаның, алқа мүшелерінің жалпы жиналыстары (конференциялары) шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

2) төралқа аппаратының жұмысын басқарады, алқа аппаратының қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамды әбірлестіктерде, басқа да ұйымдар мен мекемелерде адвокаттар алқасының атынан өкілдік етеді, олармен және азаматтармен хат жазысады.

3. Адвокаттар алқасының төралқасы төрағасының басқа өкілеттіктері Адвокаттар алқасының жарғысымен белгіленеді».

Адвокаттар алқасының *тексеру комиссиясы* оның бақылау-тексеру органы болып табылады.

Тексеру комиссиясы, оның төрағасы алқа мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) төрт жыл мерзімге сайланады.

Тексеру комиссиясы адвокаттар алқасының, заң консультацияларының, адвокаттық кеңселердің қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ жеке дара жұмыс істейтін адвокаттардың қаржылық қызметіне тексеру жүргізеді».

6. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы. – Алматы, 1998.
2. ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 1998.
3. «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы № 195 ҚР Заңы.
4. «Адвокаттық және нотариалдық қызметпен айналысу құқығына арналған мемлекеттік лицензиялардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы № 1325 қаулысымен бекітілген «Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру тәртібі туралы» ереже.
5. *Фокин В.М.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.:Былина, 2000.
6. *Авторлар ұжымы.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Юридическая литература, 1998.

7. *Беленков Р.А.* Правоохранительные органы (лекция конспектілері). – М.: Приор, 2000.
8. *Гуценко К.Ф., Ковалев В.* Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 2000.
9. Уголовный процесс: оқулық / К.Ф.Гуценконың редакциялығымен. – М.: Зерцало, 2000.
10. Профессиональная деятельность юриста. Введение в специальность: Оқу құралы. – М.: БЕК, 1997.
11. *Иванов В.* Профессия юрист. – М.: Ось, 1989.
12. *Нарматов А.* Конституционные права граждан должны быть защищены // Тураби. – 1998. - № 5. – 72- 80-беттер.
13. *Данилов Е.П.* Судебные споры. Советы адвоката. – М.: Право и закон, 2000.
14. *Пикар Э.* Об адвокате. – М., 2000.
15. *Барщевский М.Ю.* Бизнес адвоката в США и Германии. – М., 1995.

18-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Нотариат, оның міндеттері, негізгі функциялары мен құзыреті

Тарихтан орыс тілінде «нотариус» сөзінің I Петр заманында, қоғам құрылысы тілді дереу күшейтуді талап еткен қызу кезеңде пайда болғаны белгілі. Бұл ретте императордың рұқсат етуімен орыс тілінде еуропалық тілдерден сөздерді көзсіз жаппай алып пайдалана бастады, орыстың «эквиваленттерінің» түбірін іздестіру туралы сөз де болған жоқ.

«Нотариалды» нысаны бізге француз тілінен келді (notarial, notariale). В.Дальдің сөздігінде «нотариус» және «нотарий» сөздері нота мақаласында орналасқан және былайша анықтама берілген: «нотарий (нотариус) жеке адамдар арасында шарттарды, міндеттемелерді және басқа да мәмілелерді куәландыратын ант берген шенеунік; көпестер үшін маклер». Нотариат кеңесі ұғымы да көрсетілген²⁷.

Нотариат даусыз құқықтар мен фактілерді растау, құжаттарды, олардың үзінділерін куәландыру, құжаттарға атқарушылық күш беру және азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында заңда көзделген басқа да іс-әрекеттерді және заңда көзделген тәртіппен орындау жүктелген мемлекеттік органдар мен лауазымды дамдар жүйесін білдіреді.

Нотариаттық қызмет сотпен тығыз байланысты. Бұл сот пен нотариаттың азаматтық айналымда субъективті құқықтарды қорғау және заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі ортақ міндеттерімен түсіндіріледі. Азаматтық процесте құқық туралы дауларды қарайтын соттан айырмашылығы нотариат азаматтық құқықтарды заңдық тұрғыда бекітуге және болашақта оның ықтимал бұзылуын болдырмауға бағытталған функцияларды орындайды, осылайша нотариат қызметі алдын алу сипатына ие. Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, олардың заңды мүдделерін қорғау нотариустың заңда көзделген нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы арқылы жүзеге асырылады.

Нотариаттық іс-әрекеттер олардың бағыты бойынша топтастырылады:

- 1) даусыз құқықтарды куәландыруға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттер;
- 2) даусыз фактілерді куәландыруға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттер;
- 3) борыштық және төлемдік құжаттарға атқарушылық күш беру жөніндегі нотариаттық іс-әрекеттер;
- 4) мүралық мүлікті қорғауға, мүлікті иеліктен айыруға тыйым салуға және құжаттарды сақтауға қабылдауға шаралар қолдану жататын нотариаттық қорғау іс-әрекеттері.

²⁷

Бюллетень нотариуса. – 2001. - № 2. – 30-бет.

Нотариаттық іс-әрекеттер, егер бұл әрекеттер алдын ала заңмен белгіленген ережелерге сәйкес жасалған жағдайда, даусыз құқықтар мен мүдделерді тиімді қорғауды әрі күзетуді қамтамасыз етеді. Нотариаттық іс жүргізуге қатысушылар арасында табиғаты бойынша құқық қатынасы болатын нотариаттық рәсімдік, процессуалды мазмұнды қамтитын өзара құқықтар мен міндеттер туындайды. Осы құқық қатынастарына қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, бір жағынан, нотариаттық іс-әрекет жасау кезінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауға кепілдік береді, ал екінші жағынан – нотариаттық функцияларды іске асыруды қамтамасыз етеді.

Нотариаттық функция тек бір ғана нотариаттық қызмет көрсетумен шектелмейді. Фактілерді, құжаттардың көшірмелерін куәландыру және азаматтар мен ұйымдарға қатысты басқа да нотариаттық іс-әрекеттер үшінші адамның құқығына, мемлекеттік және қоғамдық мүдделерге қысым көрсетпей жасалады, яғни басқа да адамдардың құқықтары мен мүддесі, заңдылық пен құқық тәртібі қамтамасыз етіледі.

Жеке және заңды тұлғалар нотариаттық іс-әрекет жасаған кезде олар жасаған нотариаттық іс-әрекеттердің құпиясына кепілдік беріледі, сондай-ақ заңмен нотариус ретінде жұмысын тоқтатқан адамдар үшін нотариаттық іс-әрекеттер құпиясы қамтамасыз етіледі. Нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтерді нотариаттық іс-әрекет жасауға қатысы бар адам ғана, не оның уәкілетті адамы ала алады, сондай-ақ соттың, тергеу және анықтау органының жазбаша талабы бойынша беріледі. Жасалған нотариаттық іс-әрекеттері туралы мәліметтерді әдейі жария еткен адамдар заңдарға сәйкес жауапкершілік көтереді.

Нотариус дәлелдемелердің көмегімен нақты нотариаттық іс-әрекет бойынша нақты мән-жайларды анықтап, тиісті құқық нормасын қолдануға міндетті («Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі № 155-1 ҚР Заңын қараңыз). Барлық іс-әрекеттер алдын ала белгіленген ретпен және қатаң регламенттелген ереже бойынша жасалады, олардан жаңылу нотариаттық актінің жарамсыздығына әкеледі.

Осылайша, нотариаттың құқықтық табиғатын айқындайтын белгісі деп заңи құзырлық, құқық қорғау функциясын санауға болады.

Бұл функция нотариатты ұйымдастыру тәртібі мен құрылымын, оның құзыреті мен оның қызметінің нотариаттық іс жүргізу нысандарының негіздерін құрайтын әдістерді айқындайды.

Нотариаттық органдар өз функцияларын заңда нақты белгіленген нотариаттық іс-әрекеттерді жасау арқылы жүзеге асырады.

Нотариус мынадай нотариаттық іс-әрекеттер жасайды:

- 1) мәмілелерді куәландырады;
- 2) шаруашылық серіктестіктерінің құрылтай құжаттарын куәландырады;
- 3) мұралық мүлікті қорғауға шаралар қабылдайды;
- 4) мұраға құқық туралы куәліктер береді;

5) ерлі-зайыптылардың және ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзге адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер береді;

6) мүлікті иеліктен алуға тыйым салады және салынған тыйымды алып тастайды;

7) құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландырады;

8) құжаттарға қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады;

9) құжаттардың бір тілден екінші тілге дұрыс аударылғанын куәландырады;

10) азаматтың тірі екендігі фактісін куәландырады;

11) азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландырады;

12) құжаттардың берілген уақытын куәландырады;

13) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға береді;

14) ақша сомаларын және бағалы қағаздарды депозитке қабылдайды;

15) атқарушылық жазбаларды жасайды;

16) вексель наразылықтарын жасайды;

17) сақтауға құжаттар қабылдайды;

18) теңіз наразылықтарын жасайды;

19) дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

Нотариус жасайтын өзге де нотариаттық іс-әрекеттер көзделуі мүмкін.

Нотариаттық іс-әрекеттерді барлық қажетті құжаттар берілген және нотариаттық іс-әрекет жасаған кезде мемлекеттік баж төлеген күні мемлекеттік нотариус немесе жоғарыда аталған лауазымды тұлға не, жекеше нотариустың нотариаттық іс-әрекетін төлегенде жүзеге асырады.

2. Нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асыратын органдар мен лауазымды адамдар

Нотариаттық іс-әрекеттерді мемлекеттің атынан мемлекеттік нотариат кеңселерінде жұмыс істейтін немесе жеке практикамен айналысатын нотариустар, сондай-ақ атқарушылық билік органдары мен консулдық мекемелердің олардың құзыретіне сәйкес лауазымды тұлғалар жасайды.

«Нотариат туралы» Заңның 1-бабына сәйкес «заңмен белгіленген жағдайлар мен шектерде нотариаттық іс-әрекеттер жасауға мыналардың құқықтары бар:

1) мемлекеттік нотариат кеңселерінде жұмыс істейтін нотариустар (мемлекеттік нотариустар) мен жеке практикамен айналысатын нотариустар (жекеше нотариустар);

2) жергілікті атқарушы органдардың нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдары;

3) Қазақстан Республикасының атынан консулдық қызмет атқаратын адамдар;

4) осы Заңмен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті өзге де адамдар.

Мемлекеттік нотариус нотариатқа жұмысқа түсетін адамдарға қойылатын талаптарға, нотариустың лицензиясын алу туралы талапты қоспағанда, сай келуге тиіс. Мемлекеттік нотариустардың лауазымын аумақтық әділет органдары енгізеді және жояды. Мемлекеттік нотариустың нотариаттық іс-әрекеті үшін мүлдіктік жауапкершілікті аумақтық әділет органы көтереді.

Мемлекеттік нотариат кеңсесі аумақтық әділет органының құрылымдық бөлімшесі болып табылады, заңды тұлға құқығы жоқ және осы орган бекіткен Ереженің негізінде жұмыс істейді. Мемлекеттік нотариат кеңселелері Қазақстан Республикасының аудандарында (қалаларында) орналастырылады.

Нотариат туралы Заңның 15-бабына сәйкес:

1. Заңды тұлға құрмай, лицензия негізінде нотариаттық қызметпен айналысатын, өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін нотариаттық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша сақтандырған, аумақтық әділет органында есепке тұру тіркеуінен өткен азамат жеке практикамен айналысатын нотариус деп танылады.

2. Жеке практикамен айналысатын нотариус банк мекемелерінде есеп айырысу шоты болуына және өзге де шоттар ашуға, еңбек заңдарына сәйкес көмекшілер, техникалық қызметкерлер жалдап, оларды жұмыстан босатуға, нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан алынған табысқа билік етуге, соттарда өз атынан сөз сөйлеуге және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да іс-әрекеттер жасауға құқылы.

3. Жеке практикамен айналысатын нотариус бес нотариаттық палатаның мүшесі болуға тиіс. Жеке нотариаттық палатамен айналысуға құқығы бар адамға нотариаттық палата мүшелігіне бас тартыла алмайды.

4. Жеке практикамен айналысатын нотариустың азаматтар мен заңды тұлғалар өкілдерінің еркін кіріп-шығуына, нотариаттық іс-әрекеттер жасаудың құпиялылығын сақтауға және нотариаттық іс жүргізудің сақталуын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға жарамды үй-жайы болуға тиіс.

5. Нотариаттық палата құрылғанға дейін жеке нотариустың қызметі нотариаттық палатаға мүшеліксіз жүзеге асырылады, ал оның функциялары тиісті аумақтық әділет органына жүктеледі.

Нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асыратын адамдар тәуелсіз және тек заңға бағынады. Бұл ретте олар «Нотариат туралы» ҚР Заңын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен, осындай қызметті реттейтін халықаралық шарттарды басшылыққа алады.

Заңның 6-бабы нотариатқа жұмысқа қабылданғысы келетін азаматтар сай келуге тиіс талаптар белгілейді:

Жоғары заң білімі бар, әділет аттестаттау комиссиясында аттестаттаудан, нотариуста кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы нотариус бола алады.

Жекеше және мемлекеттік нотариустардың нотариаттық қызметті жүзеге асырған кездегі құқықтары мен міндеттері тең болады. Олар ресімдеген құжаттардың бірдей заң күші болады.

6-баптың 1-тармағында көзделген лицензиясы жоқ адамдардың (осы Заңның 1-бабындағы 2-тармақтың 2), 3) тармақшаларында аталған адамдарды қоспағанда) нотариаттық іс-әрекеттер жасауы, не нотариат туралы заңдардың өзге де талаптарын бұзып жасауы және сол іс-әрекеттерден табыс табуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болуға әкеп соғады.

Нотариустың көмекшілері мен сынақтан өтушілері болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының азаматы ғана нотариустың көмекшісі бола алады және ол жеке практикамен айналысатын нотариуста еңбек шартының негізінде жұмыс істей алады немесе мемлекеттік нотариат кеңсесінің құрамында бола алады. Нотариустың көмекшісі нотариустың тапсырмаларын нотариустың нұсқауымен және жауапкершілігімен орындауға құқылы.

Жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары нотариустың сынақтан өтушілері бола алады. Сынақтан өтушілер сынақтан өту туралы шарт негізінде жеке практикамен айналысатын нотариустарда немесе мемлекеттік нотариустарда сынақтан өтеді. Нотариустардың сынақтан өтушілерінің сынақтан өтуінің тәртібі, мерзімі мен шарттары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітетін Нотариустардың сынақтан өтушілері туралы ережемен белгіленеді.

Нотариаттық органдардың құзыреті бойынша нотариаттық іс-әрекеттер шартты түрде:

- мазмұны бойынша;
- мақсаты бойынша;
- мәніне;
- аумағына бөлінеді.

Мазмұны бойынша нотариаттық органдардың құзыретіне:

даусыз фактілерді куәландыру (мәмілелер, құжаттардың көшірмелері мен олардың үзінділерінің дұрыстығын, қолдардың түпнұсқалығын куәландыру және т.б.);

даусыз құқықтарды куәландыру (ортақ бірлескен меншікке үлесіне меншік құқығы туралы куәлік беру).

Мақсаттары бойынша нотариаттық органдардың құзыретіне:

құжаттарға атқарушылық күш беру (вексельдерге наразылық жасау);
нотариаттық қорғау іс-әрекеттері (мұралық мүлікті қорғауға шаралар қабылдау, құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау және т.б.).

Нотариаттық органдардың мәндік құзыреті заңнамада әр түрлі айқындалады. Нотариаттық іс-әрекеттердің толық тізбесі заңмен тек нотариустарға жатқызылады.

Жоғарыдай аталғандай, нотариаттық іс-әрекеттерді тек нотариустар ғана емес, сонымен бірге атқарушы билік органдары мен консулдық мекемелердің лауазымды адамдары да жасайды.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың лауазымды адамы тек *мынадай нотариаттық іс-әрекеттерді* жасай алады:

өсиеттерді куәладыру;
сенімхаттарды куәландыру;
құжаттардың көшірмелері мен олардың үзінділерінің дұрыстығын куәландыру;

өтініштердегі қолдардың түпнұсқалығын куәландыру;
мұралық мүлікті қорғау жөнінде шаралар қабылдау.

Атап айтқанда, консулдық мекемелердің лауазымды адамдарының құзыреті атқарушы билік органдары лауазымды адамдарының құзыретінен кейбір айырмашылықтары бар.

Консулдық мекемелердің лауазымды адамдарының құзыреті шекарадан тыс жерлерде нотариустар сияқты осылайша айқындалады, олардың тек ҚР аумағындағы мүлікті иеліктен айыру және кепіл туралы мәмілелерді куәландыруға құқығы жоқ, олар азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін бермейді, төленген чектерді куәландырмайды және вексельдерге наразылық жасай алмайды.

Нотариаттық органдардың аумақтық құзыреті кейбір нотариаттық іс-әрекеттері үшін олардың белгілі аумақта жасалуын жорамалдайды. Олардың орны заңмен анық айқындалған және оларды кез келген басқа жерде жүргізу мүмкіндігін алып тастайды. Мысалы, тіркеуге жататын мүлікті иеліктен алу немесе кепіл туралы мәмілелер мүліктің орналасқан жері бойынша куәландырыл ады және т.б.

Аумақтық әділет органының құрылымдық бөлімшесі қалалардағы, аудандардағы мемлекеттік нотариат кеңсесі болып табылады. Ол заңды тұлға болып табылмайды және осы орган бекіткен Ереженің негізінде әрекет етеді.

Әрбір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Астананың аумағындағы *нотариаттық палата* заңмен белгіленген тәртіппен тіркелетін заңды тұлға болып табылады.

Нотариаттық палата жеке практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау үшін құрылатын коммерциялық емес, кәсіптік, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады. Нотариаттық палаталар ҚР аумағында, өз кезегінде, Республикалық нотариаттық палата қауымдастығына (одаққа) біріге және құра алады.

Жоғарыда аталған Заңның 3-тарауында нотариаттық палатаның өкілеттігі, жарғылары, Республикалық нотариаттық палатаның өкілеттіктері көрсетіледі.

Жеке практикамен айналысатын нотариус нотариаттық палатаның мүшесі болуға тиіс.

Барлық нотариат кеңселері мен онда жұмыс істейтін нотариустар бірдей құзыретке ие. Алайда нотариустар арасында олардың қызмет аумағы бойынша құзыреттері нақты ажыратылуы тиіс.

Мемлекеттік нотариат кеңсесі немесе жеке практикамен айналысатын нотариустың жоғарыда атлған Заңмен көмекшінің немесе тағылымдамадан өтушінің құқықтық жағдайы мен мәртебесі айқындалған нотариаттық іс-

әрекеттер қызметін жасау бойынша көмекшілері немесе тағылымдамадан өтушілері болады.

Мемлекеттік нотариат кеңсесінің, жеке практикамен айналысатын нотариустардың қызметін бақылау нотариат туралы заңға сәйкес аумақтығы бойынша әділет органдарына және нотариаттық қызметке басшылықты жүзеге асыратын нотариаттық палаталарға жүктелген. Реттеу саласындағы әділет органдарын бақылау мен олардың құзыреті осы Заңның 5-тарауында көрсетілген.

3. Заң қызметі, оның міндеттері мен негізгі функциялары

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 мамырдағы № 624 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік басқару органдарының және оларға қарасты кәсіпорындардың, мекемелердің заң қызметі туралы ережеге сәйкес: *«министрліктерде, ведомстволарда, жергілікті атқару органдарында және оларға қарасты кәсіпорындарда, мекемелерде құқықтық жұмыс жүргізу үшін дербес құрылымдық бөлімшелер (басқармалар, бөлімдер) ретінде бірінші басшыларға тікелей бағынатын заң қызметі құрылуы мүмкін».*

Мемлекеттік басқару органдарында және оларға қарасты кәсіпорындарда, мекемелерде құқықтық жұмысқа әдістемелік басшылықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және әділет басқармалары (бөлімдері) жүзеге асырады. Олардың құзыры шегінде қабылданған әдістемелік ұсыныстарын барлық заң қызметтері қолдануға міндетті.

Жұмыстың көлеміне, сипатына және күрделілігіне қарай министрлікте, ведомствода, атқару органы мен оларға қарасты кәсіпорындарда, мекемелерде басшының (заң басқармасы (бөлімі) бастығының), құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары, бас (аға) заң кеңесшісі, заң кеңесшісі лауазымдары енгізіледі.

Басшының заң басқармасы (бөлімі) бастығының орынбасары бас (аға) заң кеңесшісінің, заң кеңесшісінің лауазымдарына арнаулы заң білімі бар адамдар тағайындалады.

Заң қызметінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті атқару органдарымен оларға қарасты ведомстволардың және мекемелердің қызметінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету;

2) штатында заң қызметі бар заңды ұйымдардың мүліктік және өзге де заңдық құқықтары мен мүдделерін құқықтық жолдармен қорғау;

3) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын насихаттау және түсіндіру, жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру;

4) нормативтік актілердің, бұйрықтардың, шешімдердің, құқықтық сипаттағы басқа да құжаттардың жобасын дайындауға қатысу.

Министрліктің, ведомствоның, жергілікті атқару органының заң қызметі:

1) белгіленген тәртіппен сотта, сол сияқты құқықтық мәселелері қаралатын басқа да органдарда министрліктің, ведомствоның және атқарушы органның мүдделерін қорғайды;

2) төменгі ұйымдарға заңдарды қолдану практикасын қорытады, ұсыныстар әзірлейді және оларды министрліктің, ведомствоның, атқарушы органның басшылығына қарауға енгізеді;

3) басшыға қол қоюға ұсынылған бұйрықтар, нұсқаулар, қаулылар, жарлықтар мен құқықтық сипаттағы басқа да құжаттар жобаларының заң талаптарына сәйкестігін тексереді, қол қоюға берілген құжаттардың заңда қойылған талаптарға сәйкес екендігіне көз жеткізген соң, оларға белгі соғады. Көрсетілген құжаттардың жобалары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келмеген жағдайда, әдетте, үш күндік мерзімде қаралып отырған мәселелерді шешудің заңды тәртібі туралы ұсыныспен жазбаша қорытынды береді. Заңды бұзушылық жіберілген құжатқа қол қойғаны үшін жауапкершілік - құжатқа қол қойған басшыға жүктеледі;

4) Үкіметтің заң жобаларын, сондай-ақ қаулыларының, жарлықтарының және министрлік, ведомство, жергілікті атқарушы орган әзірлейтін басқа да нормативтік актілердің жобаларын дайындауға қатысады, осы айтылған нормативтік актілер мен заңдардың жобаларына белгі соғады, нормативтік актілерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне тіркеуге жіберу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

5) шаруашылық қатынастарды реттейтін шарттар мен басқа да нормативтік актілерді дайындауға қатысады. Шарт бойынша істелетін жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде әдістемелік нұсқаулар әзірлейді. Шаруашылық шарттардың уақтылы және дұрыс жасалуын, шарттық міндеттемелердің орындалуын есепке алуды, шарттар бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе шала орындалған жағдайда ықпал жасаудың экономикалық шараларын қолдануды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

6) талап қою жұмысына әдістемелік басқаруды жүзеге асырады талаптар қою мен қойылған талаптарды қарау жөніндегі жұмыстардың жай-күйін және төрелік практиканы талдайды. Талаптар мен шаруашылық дауларын қарау кезінде анықталған кәсіпорындар қызметіндегі кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар дайындайды және бұл ұсыныстарды басшылыққа жібереді;

7) министрлікте, ведомство мен атқарушы органда және олардың қарауындағы кәсіпорындарда, мекемелерде қолданылып жүрген заңдарды насихаттау, жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру бойынша шаралар әзірлейді және оларды жүзеге асыруға қатысады;

8) ведомствоға қарасты кәсіпорындардың, мекемелердің сұратуы бойынша құқықтық мәселелер жөнінде түсініктеме береді, қолданылып жүрген заңдар және оларды қолдану практикасы бойынша оларға ақпараттық материалдар жібереді. Министрліктің, ведомствоның, атқару органдарының қызметкерлеріне құқықтық мәселелер бойынша кеңес береді. Министрліктің, ведомствоның, атқарушы органның басшылығына заң жөнінде анықтама материалдар әзірлейді;

9) қазіргі техниканы қолдана отырып, келіп түскен нормативтік актілерді жүйелі түрде есепке алу мен сақтауды ұйымдастырады. Кәсіпорындардың және мекемелердің заң қызметтерін заң шығару-анықтама материалдарымен қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдайды;

10) министрлік, ведомство және атқару органдары жүйесінің құқықтық жұмысына әдістемелік басшылық жасайды, осы жұмыстың жай-күйін тексереді, заң қызметінің жұмыс тәжірибесін алмасуды ұйымдастырады, белгіленген тәртіппен кеңес шақырады және семинарлар өткізеді;

11) кәсіпорындардың және мекемелердің заң қызметіндегі қызметкерлердің мамандығы мен құқықтық білімін арттыру жөнінде шаралар жүргізеді;

12) кәсіпорындардың жеке мекемелерден түскен құқықтық жұмыс туралы мағлұматтар мен басқа да материалдарын талдайды, олар бойынша шолу жасайды және қажет болған жағдайда министрліктің, ведомствоның, атқарушы органның басшылығына баяндайды, оперативтік мәжілістің, алқаның қарауына мәселелер енгізеді, анықталған кемшіліктерді жою және құқықтық жұмысты жетілдіру үшін шаралар қолданады;

13) министрлікте, ведомствода, атқарушы органда құрылған қоғамдық ұйымдарға құқықтық көмек көрсетеді.

Кәсіпорындар мен мемлекеттік басқару органдарына қарасты мекемелердің заң қызметі:

1) құқықтық мәселелерді қарау кезінде сотта және өзге органдарда белгіленген тәртіппен кәсіпорындардың, мекемелердің мүдделерін қорғайды;

2) басшылыққа қол қоюға ұсынылатын бұйрықтар, нұсқаулар, шарттар және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттар жобаларының қолданылып жүрген заңдарға сәйкестігін тексереді және осы құжаттарға белгі соғады. Аталған құжаттардың жобалары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келмеген жағдайда, оларға белгі соқпай, әдетте үш күн мерзім ішінде оларды шешудің заңды тәртібі туралы ұсыныспен жазбаша қорытынды береді. Заңдылықты бұзушылық жіберілген құжатқа қол қойғаны үшін жауапкершілік - құжатқа қол қойған басшыға жүктеледі;

3) шағымдық-талаптық жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

4) шаруашылық шарттарды дайындауға қатысады және оларға белгі соғады;

5) шарттардың, келісімдердің дайындалу және орындалу практикасын, сондай-ақ шағымдардың қаралу нәтижелерін талдайды және қорытындылайды, басшылыққа анықталған кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар береді;

6) еңбек тәртібін нығайту жөніндегі шараларды дайындауға және жүзеге асыруға қатысады;

7) талан-таражға салу, бас пайдасы үшін қиянат жасау, кем шығуы және өзге құқық бұзушылық туралы тиісті қызметтер дайындаған (тексеру, бухгалтерлік-қаржылық және т.б.) материалдарды тергеу, сот орындарына беру үшін заңды ресімдеуді жүзеге асырады;

8) кәсіпорынға және мекемеге келтірілген материалдық зиянның орнын толтыру жөніндегі жұмыста бухгалтерлік (қаржылық) қызметке құқықтық

көмек көрсетеді, жұмысшылар мен қызметкерлерге материалдық зиянның орнын толтыру жүктелген кезде заңда көзделген тәртіп пен кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз етеді;

9) барлық шұғыл кеңестерге қатысады;

10) келіп түскен және шығарылып жатқан нормативтік құжаттардың қазіргі кездегі техниканы қолдана отырып, жүйеленген есепке алуды ұйымдастырады;

11) кәсіпорын және мекеме қызметіне қатысты қолданылып жүрген заңдар туралы ақпараттық материалдар дайындайды, оларды оқып-үйренуді ұйымдастырады;

12) қолданылып жүрген заңдарды насихаттау жөнінде жұмыс жүргізеді, кәсіпорын, мекеме қызметкерлерін жалпыға бірдей құқықтық оқыту жөнінде шаралар әзірлейді және оларды жүзеге асырады;

13) кәсіпорындар, мекемелер қызметінде туындайтын құқықтық мәселелер жөнінде кеңестер, қорытындылар, мәліметтер береді;

14) кәсіпорында, мекемеде құрылған қоғамдық ұйымдарға құқықтық көмек көрсетеді;

15) министрліктерге, ведомстволарға белгіленген тәртіппен ұсыну үшін кәсіпорынның және мекеменің құқықтық жұмысы туралы есебін дайындайды.

Мемлекеттік басқару органдарының заң қызметі және оларға қарасты кәсіпорындар, мекемелер:

1) құрылымдық бөлімшелер қызметіндегі құқықтық жұмыстың жағдайы мен заңдылықтың орындалуын тексеруге;

2) лауазымды қызметкерлерге, сондай-ақ ведомствоға қарасты кәсіпорындардан және мекемелерден жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттар, анықтамалар, есептер мен өзге мағлұматтар сұратуға;

3) министрліктің, ведомствоның құрылымдық бөлімшесі басшысының, сондай-ақ, кәсіпорын, мекеме басшысының келісімімен нормативтік құжаттар мен өзге құжаттардың жобасын дайындау үшін, сондай-ақ жүктелген міндеттерге сәйкес заң қызметі өткізетін шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру үшін басқа қызметтер мен құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерін тартуға;

4) нормативтік құжаттар мен өзге құжаттардың жобаларына, олар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес келмеген жағдайда, белгі қоюдан бас тартуға;

5) құқықтық жұмыс ұйымдастыру мәселелері бойынша ведомствоға қарасты кәсіпорындардың және мекемелердің заң қызметкерінің қызметкерлері орындауға міндетті нұсқаулар беруге;

6) шығарылатын нормативтік актілер мен өзге құжаттар бойынша қолданылып жүрген заңдарға негізделген ескертулер мен ұсыныстар беруге;

7) өзге құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, кәсіпорында, мекемеде шығарылған нақты күші жойылған бұйрықтар мен өзге нормативтік актілерді өзгерту немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстар дайындауға;

8) басшылықтың келісімімен келісім-шарт негізінде заң қызметі жанында құқықтық оқыту мектебін немесе консультациялық пункттер және министрліктер, ведомстволар, атқару органы және оларға қарасты

кәсіпорындар, мекемелер қызметкерлерін құқықтық оқытудың өзге түрлерін ұйымдастыруға құқылы.

4. Нормативтік актілер және ұсынылатын әдебиеттер

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР Конституциясы.
2. «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі № 155-1 ҚР Заңы.
3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 мамырдағы № 624 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік басқару органдарының және оларға қарасты кәсіпорындардың, мекемелердің заң қызметі туралы ереже.
4. «Адвокаттық және нотариалдық қызметпен айналысу құқығына арналған мемлекеттік лицензиялардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы № 1325 қаулысымен бекітілген «Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру тәртібі туралы» ереже.
5. ҚР Әділет министрінің 1998 жылғы 27 шілдедегі № 539 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың тәртібі туралы нұсқаулық. Қараңыз: «Нотариат туралы» нормативтік құқықтық актілердің жинағы. Алматы: Жеті жарғы, 1999.
6. *Фокин В.М.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.:Былина, 2000.
7. *Авторлар ұжымы.* Правоохранительные органы Российской Федерации. – М.: Юридическая литература, 1998.
8. *Беленков Р.А.* Правоохранительные органы (лекция конспектілері). – М.: Приор, 2000.
9. *Гуценко К.Ф., Ковалев В.* Правоохранительные органы. – М.: Зерцало, 2000.
10. Уголовный процесс: оқулық / К.Ф.Гуценконың редакциялығымен. – М.: Зерцало, 2000.
11. Профессиональная деятельность юриста. Введение в специальность: Оқу құралы. – М.: БЕК, 1997.
12. *Иванов В.* Профессия юрист. – М.: Ось, 1989.
13. *Полтавская Н., Кузнецов В.* Нотариат. – М., 1998.

Шығарылымға дайындаған:

«Әділет» Республикалық ғылыми-білім орталығы ЖШС

Бас директор:

Әділова Б. М.